

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНІҢ АВТОМАТТАЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Оқулық

Техникалық ғылымдар докторы, профессор
А. Б. Николаев редакциясымен

*«Федералдық білім беруді дамыту институты»
Федералдық мемлекеттік мекемесі кәсіптік орта білім
беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру
мекемелерінің оқу процесінде пайдалану үшін, оқулық
ретінде ұсынған*

*2009 жыл 28 сәуірдегі Пікірдің тіркеу нөмірі 159. «БДФИ»
ФММ*

3-басылым, стереотипті



Мәскеу «Академия» Баспа
орталығы
2013

ӘОЖ 656.13(075.32)

КБЖ 39.17i723

A224

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Рецензенттер:

Ресей Федерациясы Халық шаруашылығы академиясының жанындағы Мәскеу автомобиль жасау колледжі Компьютерлік оқыту орталығы зертханасының меңгерушісі А. А.

Соломашкин;

Ресей Федерациясы Халық шаруашылығы академиясының жанындағы Мәскеу автомобиль жасау колледжінің директоры *Л. Д. Давыдов;*

Мәскеу қ., П. М. Вострухин атындағы № 27 автоматизация және радиоэлектроника колледжі автожөндеудің циклді комиссиясының төрағасы *С. В. Синяевский*

A224 Автомобиль көлігінің автоматтандырылған басқару жүйесі A224 : - оқулық кәсіптік орта білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған / [А.Б.Николаев, С.В.Алексахин, И.А. Кузнецов және басқалар] ; А. Б. Николаевтың ред-да — 3- басылым, стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2013. — 288 б.

ISBN 978-601-333-040-2 (каз.)

ISBN 978-5-4468-0410-8 (рус.)

Автомобиль көлігімен тасымалдау саласында ақпараттық ағындарды өңдеудің аппараттық-техникалық және бағдарламалық құралдарының кешендері, автокөлік кешені кәсіпорындарының қызметін автоматтандыру міндеттерін шешу үшін, ақпаратты өңдеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану ерекшеліктері қаралды. Навигациялық жүйелердің, объектілерді автоматтандырылған түрде сәйкестендіру жүйелерінің және автомобиль көлігінде байланыс жүйелерінің негізгі сипаттамалары сипатталды. Автомобиль көлігін жоспарлау және мониторингі процесінде автокөлік кәсіпорындарының ақпараттық ресурстарымен жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша шешімдер келтірілді.

Оқулық «Көлікте тасымалдауды ұйымдастыру және басқару (түрлері бойынша)» 190701 мамандығы бойынша «Тасымалдау үдерісін ұйымдастыру (көлік түрлері бойынша)» (МДК.01.03) ПМ.01 кәсіптік модульді игеру кезінде пайдалануы мүмкін болады.

Кәсіптік орта білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған. Жоғары оқу орындарының студенттері мен автомобиль көлігінің ақпараттық технологиялар жөніндегі мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

ӘОЖ 656.13(075.32)

КБЖ 39.17i723

ISBN 978-601-333-040-2 (каз.)

© Николаев А.Б., Алексахин С.В., Кузнецов И.А. Строганов В.Ю., Юрчик П.Ф., 2011

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2011

ISBN 978- 5-4468- 0410- 8 (рус.)

© Рәсімдеу. «Академия» Баспа орталығы, 2011

- ААЖ — автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ААБТ — автоматтандырылған ақпараттық басқару технологиясы
АЖО — автоматтандырылған жұмыс орны
АРНБЖ — автоматтандырылған радионавигациялық басқару жүйесі
АЖ — автоматтандырылған жүйесі
АДБЖ — автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйесі
А-АДБЖ — автобустарды автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйесі
ЖК- АДБЖ — жолаушылар көлігін автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйесі
АБЖ — автоматтандырылған бақылау және сынау жүйесі
ХАТҚ — Халықаралық автомобиль тасымалдаушыларының қауымдастығы
АҒЗЖ — автоматтандырылған ғылыми зерттеулер жүйесі
ААӨБЖ — автоматтандырылған ақпаратты өңдеу және беру жүйесі
ААӨБЖ — автоматтандырылған ақпаратты өңдеу және басқару жүйесі
АЖБЖ — автомобиль жүк көлігін автоматтандырылған жедел басқару жүйесі
АБЖ — автоматтандырылған басқару жүйесі
АӨТДЖ — автоматтандырылған өндірісті технологиялық дайындау жүйесі
АКБЖ — автоматтандырылған кәсіпорынды басқару жүйесі
АӨПБЖ — автоматтандырылған өндірістік процесті басқару жүйесі
АТ — абоненттік терминал
АКК — автокөлік кәсіпорны
ДБ — деректер базасы

ББ — білім базасы
ЕТ — есептеу техникасы
ГАЗ — геоақпараттық жүйе
ЖНСЖ — Жаһандық навигациялық серіктік жүйе
ҚЖК — қалалық жолаушылар көлігі
ЖЖМ — жанар-жағармай материалдары
КЖК — көлік желісінің кескіні
ЖКО — жол-көлік оқиғасы
КК БАТЖ - Бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе
ТК — тіршілік кезеңі
ДЗТ — деректерді зияткерлік саралау (Data Min^{in g})
ААБЖ — ақпараттық автоматтандырылған басқару жүйесі
АЕЖ — ақпараттық-есептеу желісі
АЕО — ақпараттық есептеу орталығы
ПАТ — пайдаланушының ақпараттық пайдаланушылығы
АІЖ — ақпараттық іздеу жүйесі
АЖ — ақпараттық жүйе
ЖТАЖ — жүк тасымалдаудың ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесі
БАЖ — басшының ақпараттық жүйесі
КББЖ — кәсіпорынды бірігіп басқару жүйесі
АТ — ақпараттық технологиялар
ҒА — ғарыш аппараты
КАЖ — корпоративтік ақпараттық жүйесі
БП — бақылау пункті
ҚБК — қалта дербес компьютері
АҚК — автоматтандыру құралдардың кешені
ТҚК — техникалық құралдардың кешені
ЖЕЖ — жергілікті есептеу желісі
ШҚТ — шешімдер қабылдайтын тұлға
МБТ — мобильді байланыс терминалы
НАА — нормативтік-анықтамалық ақпарат
РЕК — рұқсат етілмеген қолжеткізу
ЖЖҚ — жедел жадында сақтау құрылғысы
ОЖА — орналасқан жерін анықтау
ОЖ — операциялық жүйе
ҰБЖ — басқаруды ұйымдастыру жүйесі
ӨБ — өзгермелі бірлік

ДК — дербес компьютер
БҚ — бағдарламалық қамтамасыз ету
БӨ — бағдарламалық өнім
ПС — жылжымалы құрам
ДЭЕМ — дербес ЭЕМ
БДҚ — бөлінген деректер қоры
БАЕЖ — бөлінген ақпараттық-есептеу желісі
АТЖЖ — автоматты түрде жобалау жүйесі
МОМЖ — мобильді объектілер мониторингінің жүйесі
СНЖ — серіктік навигациялық жүйе
ДӨЖ — деректерді өңдеу жүйесі
ЖБК — жүйелі бағдарламалық қамтамасыз ету
ШҚҚЖ — шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі
СРНЖ — серіктік радионавигациялық жүйе
АТЖ — ауысымдық-тәуліктік жоспар
СБЖ — серіктік байланыс жүйесі
ДҚБЖ — деректер қорын басқару жүйесі
БДББЖ — бөлінген деректер базасын басқару жүйесі
КБ — көлік бірлігі
ТТ — техникалық тапсырма
КК — көлік кешені
ТҚК және АЖ — техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу
ТЖ — техникалық жоба
КЖ — көлік желісі
ТКЖ — тауар-көлік жүкқұжаты
ТЭН — техникалық-экономикалық негіздеме
ТЭЖ — техникалық-экономикалық жоспарлау
КЖЖ — көше-жол желісі
ЖБК — жылжымалы бірліктің құрылғысы
ДҚ — деректер қоймасы
ОДС — орталық диспетчерлік станция
ДБО — диспетчерлік басқару орталығы
ҒСБО — ғарыш сегментін басқару орталығы
ЖСБЖ — Жердегі сегментті басқару орталығы
ТБО — тасымалдауды басқару орталығы
ТЖ — төтенше жағдай
ABC (Activity Based — Costing шығындарын есепке алу әдісі)
APICS (American — Production and Inventory Control Society) өндірісті және қорларды басқарудың американдық қоғамы

AVL (AVS) - (Automatic Vehicle Location Systems)	көлік құралының орналасқан жерін автоматты (автоматтандырылған) түрде анықтау жүйесі
CASE (Computer- Aided Software Engineering)	бағдарламаларды автоматтандырылған өңдеу жүйесі
CDMA (Code - Division Multiple Access)	кодтық бөліктерге көп мәрте қолжеткізу
DEM (Dynamic Enterprise Modeling)	кәсіпорындарды динамикалық модельдеу
DSS (Decision Support Systems)	
DW (Data Warehouse)	шешімдер қабылдауды қолдау жүйесі
EDP (Electronic Data Processing)	деректер қоймасы
EIS (Executive Information Systems)	құжаттарды өңдеу жүйелері
ERP (Enterprise Resource Planning)	басшының ақпараттық жүйелері ресурстарды кеңейтілген жоспарлау (кәсіпорындар, филиалдар)
FDDI	жергілікті желілердің жоғары жылдамдықты хаттамасы
GDN (Globalstar Data Network)	«Глобалстар» деректерін жіберу желісі
GPS (Global Positioning System)	жаһандық жайғастыру жүйесі
GPRS (General Packet Radio service Specifications)	жалпы мақсатты пакеттік радиобайланыстың ерекшелігі
ISO (International Organization for Standardization)	Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым
LAN (Lokal Area Network)	кәсіпорын, мекеме, бір ұйым шеңберіндегі жергілікті желі
MAN (Metropolitan Area Network)	қалалық немесе өңірлік желі
MAP (Manufacturing Automation Protocol)	кәсіпорын желісіне арналған хаттама
MIS (Management Information System)	басқарушы ақпараттық жүйе
MRP (Material Require Planning)	материалдардың қажеттілігін жоспарлау
MRP II (Manufacturing Resource Planning)	кәсіпорын ресурстарын жоспарлау
MRP III (Money Resource Planning)	кәсіпорынның қаржылық ресурстарын жоспарлау

ODMA (Open Document Management Association)	Ашық құжаттарды басқару қауымдастығы
OLAP (Online Analytical Processing)	
OLTP (Online Transaction Processing)	деректердің жедел
OMG (Object Management Group)	таңдамалы өңдеу жүйесі
PIF (Process Interchange Format & Framework)	
SCM (Supply Chain Management)	сұраныстарды жедел өңдеу жүйесі
SMS (Short Message Service)	
TEDIM (Telematics in Foreign Trade Logistics and Delivery Management)	объектілермен айла-шарғы жасау технологиялары бойынша топ
TOP (Technical and Office Protocol)	үдерістерді алмасу форматы мен
TOC (Theory of Constraints)	кұрылымы
UML (Unified Modelling Language)	
WAN (Wide Area Network)	жеткізу тізбектерін басқару
WPDL (Workflow- Process Definition Language)	Мобильді станциялар үшін қысқа хабарламалар қызметінің ерекшелігі
ODMA (Open Document Management Association)	
OLAP (Online Analytical Processing)	
OLTP (Online Transaction Processing)	Халықаралық сауданың логистикасындағы және жеткізуді басқарудағы телематикасы
OMG (Object Management Group)	
PIF (Process Interchange Format & Framework)	
SCM (Supply Chain Management)	
SMS (Short Message Service)	техникалық және әкімішлік мекемелерді автоматтандыру хаттамасы
TEDIM (Telematics in Foreign Trade Logistics and Delivery Management)	
TOP (Technical and Office Protocol)	тар жерлерді талдау
TOC (Theory of Constraints)	модельдеудің жүйеленген тілі
UML (Unified Modelling Language)	
WAN (Wide Area Network)	ел, континент, бүкіл дүниежүзі абоненттерін қосатын жаһандық желі
WPDL (Workflow- Process Definition Language)	
	Workflow-процестерін сипаттау тілі

Автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ) экономиканың өндірістік секторының барлық ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдарында кең қолданыс тапты. Өндірістік объектінің қызмет істеуінің ерекшеліктері әртүрлі сыныпты және мақсатты АБЖ құру және енгізу процесіне айрықша талаптарды негіздейді.

АБЖ өңдеу басқару объектісін кешенді саралаусыз және басқару функцияларын оңтайландыру өлшемдерін таңдаусыз, жүйенің құрылымы мен функционалдық-оқшауланған модульдерін анықтаусыз мүмкін емес. Функциялардың параметрлері объектінің өндірістік қызметінің ерекшеліктерімен белгіленеді, ал жеке басқару функциялары *техникалық құралдар кешенінің* (ТҚБ) базасында автоматтандыруға жатады. Жергілікті және жаһандық деректерді беру желілерінде ТҚБ қасиеттері мен топологияларын анықтау, бірінші кезекте пайдаланушылардың функционалдық-ақпараттық талаптарын орындаумен байланысты. Сөйтіп, басқарылатын объектінің параметрлерінен басқару жүйесі параметрлерінің тәуелділігін анықтаумен адам машина жүйесін жасаудың жалпы логикасы бақыланады.

Осы оқулықта авторлар қарау объектісі ретінде автомобиль көлігінде *автоматтандырылған ақпаратты өңдеу және басқару жүйесін* (ААӨБЖ) пайдаланып, негізінде классикалық терминологияны ұстанады. Уақытпен тексерілген АБЖ анықтамасының сабақтастығын сақтап, ААӨБЖ анықтау олардың негізінде кез келген пәндік салада, оның ішінді автомобиль көлігінде ақпаратты өңдеу үдерістері жатқан, әртүрлі басқару үдерістерінің мәнін табысты көрсетеді.

Бұл жағдайда, ААӨБЖ қызмет істеуінде пайдаланушымен оның негізінде АБЖ жобалау және енгізу кезеңдерінде жүйенің әзірлеушілермен және басқа да мамандармен құрылған бағдарламалық қамтамасыз ету (БК) жатқан ақпараттық қамтамасыз етудің көмегімен ұйымдастырушылық-өндірістік міндеттерді шешу болжамдалады. АБЖ әзірлеуге және енгізуге оларды орындау үшін, міндеттерді қою, талаптарды тұжырымдау және пәндік саланы талдау кезеңінде жүйенің құрауыштарын өрістету бойынша жұмыстармен тура байланыспаған жұмыскерлердің тәжірибесі қажет, өзара байланысты жұмыстардың жиыны кіреді.

Автомобиль көлігінде АБЖ және оның элементтерін әзірлеудің және

пайдаланудың жалпы теориялық мәселелері жақсы таныс көздердің базасында қаралды. Авторлар АБЖ автомобиль көлігінде қызмет істеуінің ерекшеліктеріне, нақты жүйелерді құру және пайдалану мысалдарына аса назар аударды.

Өртүрлі мобильді объектілері мониторингі жүйелерінің (МОМЖ) қызметін ұйымдастыру үшін, серіктік навигация және оны пайдалану мәселелері маңызды орын алады. Өзімен қазіргі заманғы АБЖ ядросын білдіретін ақпараттық қамтамасыз етуді сипаттаған кезде, ақпаратты өңдеудің ең жаңа технологияларын пайдалану және деректер қоймасын (ДҚ) құру негізінде оларды құруға қазіргі заманғы тәсіл қаралады. Осыған сәйкес техникалық қамтамасыз ету бөлімінде аса назар *жергілікті есептеу желілерін* (ЖЕЖ) құру және пайдалану мәселелеріне бөлінді.

Бағдарламалық-математикалық қамтамасыз ету бөлімі қазіргі заманғы БҚ жүйелері және автомобиль көлігінде АБЖ пайдаланылатын ең таралған математикалық әдістер туралы түсінік береді.

Ұйымдастырушылық, құқықтық және эргономикалық қамтамасыз ету бөлімінде қазіргі уақытта ең өзекті АБЖ ақпаратты сақтау, сондай-ақ рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғау мәселелеріне аса назар бөлінді.

Функционалдық қосымша жүйелер *жылжымалы құрамның* (ЖҚ) жұмысын жоспарлау мысалында қаралды, талдамалы есептердің нәтижелері келтірілді, бос ЖҚ, нақты бағыттар бойынша тасымалдауға жүктің болуын іздеу мүмкіндігін беретін, өзекті веб-сайттарға сілтемелер берілді, интернет- және интранет-технологияларын пайдаланып, автоматтандырылған құжат айналымы технологияларын және автомобильдік тасымалдау нарығы субъектілерінің өзара әрекет ету мүмкіндігін пайдаланып, бар фирма ішілік ақпараттық жүйелер қаралды.

Ақпараттық-талдамалы жүйені іріктеп алу бойынша жалпы ұсынымдар келтірілді. Авторлармен техникалық құралдар және БҚ кешенін таңдау міндеттерінің құрамын белгілеуден бастап және АБЖ әзірлеу және енгізу үдерісін сипаттаумен аяқтап, мәселелердің спектрі қамтылды.

ААӨБЖ құру тәжірибесі пәндік саладағы маман ғана, орындалатын жұмыстың, кіріс және шығыс ақпараттық ағындардың, сондай-ақ өндірістік қызметті автоматтандыру ерекшеліктерінің сипатын әбден толық және білікті беруі мүмкін деп көрсетеді. Пайдаланушының қатысуы міндеттерді қоюмен ғана шектелмеуі мүмкін, ол жүйеге сынама пайдалануды жүргізуге тиіс. Компьютердің алдында отырып, пайдаланушы міндеттерді қою кемшіліктерін табуы, қажет болған кезде, кіріс және шығыс ақпаратты, нәтижелерді беру нысандарын, оларды құжаттар түрінде рәсімдеуді түзеуі мүмкін. Сынама пайдалануда қатысу — бұл пайдаланушыны компьютерде жұмыс істеуге белсенді үйрету, бағдарламалық құралдармен танысу нысаны ғана емес, бірақ оның жаңа жұмыс жағдайларына, технологияларға, бұдан әрі күрделіленген техникаға бейімделу үдерісі.

Табиғи ресурстардың таусылуы ғылыми білімдерді қолдануға негізделген қайта өңделетін ресурстарды пайдалануға әкеліп соқты. Ақпаратты ресурс ретінде материалдармен, энергиямен және капиталмен қатар қарау керек. Ұлттық ақпараттық ресурстар - жаңа экономикалық санат пайда болды. Ақпараттық сағындарды өңдеу мамандардың тар санаттарының шеңберіне шықты, ЭЕМ дисплейінің қасына бағдарламашы емес адамдар отырды. Дербес компьютерлердің (ДК) базасында ғылымды қажет ететін бұйымдардың өндірісінде пайдаланылатын кәсіптік білімдерді алуға шығындар өзіндік құнының шамамен 70%, ал ақпаратты өңдеу саласында қамтылғандардың саны — индустриалды дамыған елдердің экономикалық тұрғыда белсенді халықының 60...90% құрайды.

Автомобиль көлігінің ролі шынын айтқанда, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жоспарында, солай жылжымалы құрамның өндіріс және оны жөндеу бойынша ілеспе үдерістерінің бүкіл жиынтығында өте жоғары. Қазіргі уақытта басқару объектілерінің сипатымен ерекшеленетін автоматталған және автоматтандырылған жүйелерді қолданумен байланысты, басқарушылық қызметті автоматтандырудың қос бағыты қалыптасты. Бірінші жағдайда, басқару объектілері технологиялық үдерістер және жеке алғанда, жабдықтардың жұмысы болып табылады, ал адам басқару үдерісінде жанама, екіншіден – онда адамның ролі белгеуші болып қалатын, материалдық өндіріс және қызмет көрсету саласында қамтылған адамдардың ұжымдары қатысады.

Тауар қозғалысын ұйымдастырудың жеке міндеттерін шешу мәнмәтінінде «логистика» терминін пайдаланып, автомобиль көлігінде ақпараттық-ұйымдастырушылық жүйелерді автоматтандырудың кешендік проблемаларын қарау үдерісінде «АБЖ» терминімен оны ауыстыру керек. Тағы бір «телематика» термині кейбір кезде «АБЖ» терминін ауыстырады және басқарудың автонavigациялық жүйелерін, деректерді беру жүйелерін және көлік құралдары мониторингінің жүйелерін сипаттау үшін, автомобиль көлігін пайдалану саласында қолданылады.

АБЖ алғашқы әзірлемелерінде қағида түрінде жаңа әдістемелік болған жоқ, ал басқару міндеттерін шешудің дәстүрлі технологияларында операцияларды орындаудың еңбек сыйымдылығы қысқарту үшін үлкен арифмометр ретінде қымбат тұратын есептеу техникасын ғана пайдаланды. Ұйымдастырушылық басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру кезінде міндеттерді қоюдың төмен деңгейі байқалды. Бұның себептерінің бірі — басқару бөлімдері мен қызметтерінің мамандарын ақпарат ағындарын зерттеуге, міндеттердің экономикалық-ұйымдастырушылық мәнін сипаттауға, шығыс ақпаратты жобалауға жеткіліксіз тарту. Бұдан басқа, автоматтандырылған режимінде осы немесе өзге маманмен шешілген міндеттердің кешендерінің бәрі өңделген жоқ, сондықтан, жиі пайдаланушыда жаңа технологияларды енгізуде белсенді қатысу тілегі туындаған жоқ.

Пайдаланушының ААӨБЖ құруда қатысуы келешекте міндеттерді жедел және сапалы шешуді, солай жаңа технологияларды енгізуге уақытты қысқартуды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте, пайдаланушыны белсенді үйрету болады, оның қоюшы және әзірлеуші ретінде біліктілігінің деңгейі артады. Пайдаланушыға жаңа технологиялық ортада барлық қажет жұмыс істеу дағдылары ААӨБЖ тәжірибелі пайдалану және келешек жұмыс істеу процесінде жетілдіреді және бекітіледі. Бірақ, ол үшін пайдаланушы объектіге зерттеу жүргізу әдісімен, оның нәтижелерін жалпылау тәртібімен ертеден таныс болуға тиіс. Бұл оған автоматтандырылған өңдеуге жататын міндеттер мен функцияларды белгілеуге және айыруға, оларды білікті істеуге көмектеседі.

Міндеттерді қою — бұл оның мәні, нәтиже алу үшін ақпаратты өзгерту логикасы туралы толық түсінік беретін белгілі ережелер бойынша міндеттерді сипаттайды. Міндеттерді қою негізінде, бағдарламашы оны шешу логикасын ұсынуға және оны іске асыру үшін жарамды бағдарламалық құралдарды ұсынуға тиіс.

Міндетті оның мазмұнын жазуды регламентациялау жолымен қою арқылы «пайдаланушы — қолданбалы бағдарламашы» өзара әрекет ету қиындықтары жойылады, ол бұны ең қиысынды және жүйелі қылады. Міндетті қою үшін, оның логикалық және ақпараттық мінін толық білдіру

үшін қажет және жеткілікті мәліметтер пайдаланылады. Мұндай мәліметтер ескі технологиялар жағдайларында міндетті шешуді жүзеге асыратын тиісті қызметтің қызметкерінде болады (қолмен немесе компьютерлік техниканы пайдаланумен өңдеу).

Міндетті қою пайдаланушыдан ол үшін қою істелетін сол пәндік салада кәсіптік білімдерін ғана емес, бірақ және компьютерлік ақпараттық технологияларды талап етеді.

Пайдаланушы, әдетте, өз функциялары бойынша оның белгілі қызмет түрлеріне (бухгалтерлік, қаржылық, жоспарлық ж.т.б.) бағдарланған қажеттілігін қанағаттандыратын дайын бағдарламалық пакеттерді сатып алады және қолданады. Мұндай бағыт қазіргі уақытта пайдаланушыларға қызмет көрсетуді автоматтандыру және информатизациялау саласында жетекші болып табылады. Жиі ол түнұсқалы қолданбалы бағдарламаларды әзірлеумен толықтырылады. Бірақ, кез келген жағдайда міндетті қою қажет.

Міндетті қоюды сипаттау кезінде, олар кіріс және шығыс ақпараттың көлемдерін (уақыт бірлігінде өңделетін құжаттардың, жолдардың, белгілердің санын), ақпарат түсуінің, өңделуінің және берілуінің уақытша ерекшеліктерін көрсететін, оның көлемдік-уақытша сипаттамаларына назар аударылады.

Міндетті қоюды сипаттау процесінде барлық ақпараттық бірліктері және олардың жиынтықтары аттарының дәлдігі мен толықтығын тексеру маңызды болып табылады. Құжаттарда көрсеткіштердің атауларын (жолдары мен бағандарының атауларын) қабылдау үшін, әдеттегіден басқа автоматтандырылған өңдеу жағдайларында, ақпаратты ұсынудың дәстүрлі емес нысандары орын алды. Ақпараттық жиынтықтары және олардың сәйкестендіру атауларының анықтығы, экономикалық көрсеткіштердің аттарында синонимдар мен омонимдарды жою өңдеу нәтижесінің ең жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Заманауи ақпараттық технологиялар (АТ) оларсыз енді мүмкін емес қоғам өміріне белсенді қатысады. Өндірістік процесті жетілдіру жұмсалған ресурстардың (өндірістік жүйенің кіруі) саны мен алынған тауарлар мен қызметтердің санының (жүйенің шығуы) арасалмағының ең нәтижелі нұсқасын тұрақты іздеусіз мүмкін емес. Сөйтіп, өндірістік жүйенің жұмысын сәйкестендіру туралы айтып, жүйенің жай-күйі туралы ақпаратты өңдеу негізінде қалыптасатын басқарушылық әсерлерді жете бағалауға болмайды. Қазіргі заманғы АТ қамтамасыз етуі мүмкін ұқсас шешімдердің уақтылылығынан және дәлдігінен тура тиімділігі, және оның салдары ретінде, кез келген өндірістік жүйенің тіршілікке қабілеттілігі тәуелді.

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУ ДІҢ ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛІ

1.1 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҰҒЫМДАР

Автомобильдік тасымалдауды басқару оған басқару органдары, басқару кадрлары және дұрысын айтқанда басқару техникасы кіретін кешенді жүйені білдіреді.

Жүйеде болып жатқан және жүктерді тасымалдаумен, шикізатты өңдеумен, қаржының қозғалысымен, тетіктер мен машиналарды пайдаланумен байланысты, материалдық сипатты процестер осы жүйеге кіретін адамдардың қызметі арқылы ғана іске асырылады және олардың тәртібінен тәуелді болады. Сондықтан, персоналдың қызметін автоматтандыру өндіріске тура әсер етеді.

АБЖ аббревиатурасындағы сөздердің мәндік жүктемесін қараймыз. Автоматтандырылған басқару жүйесі автоматты жүйелерден қарағанда, басқару контурында ол жүйе элементтерінің (қосымша жүйелерінің) арасында біріктіру функцияларын орындап, басқару субъектілері ретінде шығатын адамның болуын болжайды.

«Жүйе» ұғымы кез келген мазмұнның кейбір реттелген жиынтығы туралы айтылған кезде, ғылымда, техникада және күнделікті тіршілікте кең пайдаланылады. Жүйе жүйелік техникада, солай базалық теориялық пәндерде (жалпы жүйелер теориясы, операцияларды зерттеу және жүйелік талдау) түбегейлі ұғым болып табылады.

Жүйе — бұл заңды тұрғыда бір-бірімен байланысты заттардың, құбылыстардың, мәліметтердің, сондай-ақ табиғат, қоғам туралы білімдерінің ж.т.б. объективті бірлігі.

Кез келген білім беруді, егер ол төрт негізгі қасиеттерге немесе белгілерге - тұтастық пен бөлінгіштікке, тұрақты байланыстар ұйымдастырушылық пен төтеншелікке ие болса, жүйе деп санауға болады.

Жүйенің *тұтастығы мен бөлінгіштігін* мына түрде түсіндіруге болады. Бір жағынан, жүйе — тұтас білім беру, екінші жағынан, оның құрамында олар жүйеде ғана бар жүйеден тыс бұл жақсы жағдайда жүйелік-маңызды қасиеттеріне ие объектілер тұтас объектілерді (элементтерді) анық көрсетуге болады. Жүйеге кірген кезде, элемент жүйелік-маңыздының орнына жүйелік-белгілен қасиетке ие болады.

Элементтердің немесе (және) олардың бұл элементтердің осы жүйеге кіретін элементтермен байланысының қуаты (күші) бойынша артатын қасиеттерінің арасында *маңызды тұрақты байланыстардың* (қатынастардың) *болуы* жүйенің атрибуты болып табылады. Жүйе нөлге тең емес уақыт интервалында жүйе элементтерінің арасындағы маңызды байланыстардың қуаты (күші) осы элементтердің сыртқы ортамен байланыстарының қуатына қарағанда үлкен болған кезде, кейбір тұтас білім беру ретінде болады. Ақпараттық байланыстар үшін, әлеуетті қуатты бағалау осы ақпараттық жүйенің өткізу қабілеті, ал оның нақты бағалау – ақпарат ағынының шынайы көлемі қызмет етуі мүмкін. Бірақ, жалпы жағдайда, ақпараттық байланыстардың қуатын бағалау кезінде, берілетін ақпараттың сапалық сипаттамаларын (құндылығын, пайдалылығын, дәйектілігін, ж.т.б.) есепке алу қажет.

Жүйені *ұйымдастыру* белгілі құрылымдаудың болуымен сипатталмайды, ол оны құру мүмкіндігін белгілейтін жүйе құрайтын факторлардың энтропиясымен салыстыру бойынша $H(S)$ жүйесінің энтропиясын (белгісіздік деңгейін) төмендетуге көрінеді.

Төтеншелік олар оған тұтас алғанда тән, бірақ оның бірде бір элементіне жеке тән емес осындай ерекшеліктерінің (қасиеттерінің) болуын болжайды.

Аталған біріктірілген ерекшеліктерінің болуы жүйенің қасиеттері элементтердің қасиеттерінен тәуелді болуын көрсетсе де, бірақ олармен толық білгеленбейді. Осыдан қорытынды жасауға болады:

- жүйе элементтердің жай жиынтығына келтірілмейді;
- жүйені жеке бөліктерге бөліп, олардың әрқайсысын жеке зерделеп, тұтас алғанда жүйенің барлық қасиеттері танылмайды.

Барлық қаралатын қасиеттерге ие болатын кез келген объектіні жүйе деп атауға болады. Бір элементтер (оларды жүйеге біріктіру

үшін пайдаланылатын қағидадан тәуелді) қасиеттері бойынша әртүрлі

жүйелер құруы мүмкін. Сондықтан, тұтас алғанда жүйенің сипаттамалары оны құрайтын элементтердің сипаттамаларымен ғана емес және сонша емес, олардың арасындағы байланыстардың сипаттамаларымен соншалықты белгіленбейді. Элементтердің арасында өзара байланыстардың (өзара әрекеттердің) болуы күрделі жүйелердің айрықша қасиеттерін – **ұйымдастырылған қиындықты** белгілейді. Элементтерді жүйеге қосу жаңа байланыстарды енгізіп ғана қоймайды, бірақ және көптеген (немесе барлық) бұрыңғы байланыстардың сипаттамаларын өзгертеді, олардың кейбіреулерінің жойылуына немесе жаңалардың пайда болуына әкеліп соғады.

Бір құрауышты жүйенің мысалы ретінде, пайдаланушының оқшауланған **автоматтандырылған жұмыс орнын** (АЖО) келтіруге болады.

АБЖ аббревиатурасына «басқару» термині кіреді, ол басқарылатын объектінің немесе объектілер тобының болуын болжамдайды (тірі ағза немесе оның бөлігі, жеке тетік немесе технологиялық қондырғы, кәсіпорын немесе халық шаруашылығы саласы ж.т.б.). Басқарылатын объекіден басқа, бар бағдарламаға немесе басқару мақсатына сәйкес басқарылатын объектінің қызмет істеуін қолдауға немесе жақсартуға бағытталған басқарушы әсерлерді шығаратын қайсыбір басқарушы орган болуға тиіс.

Процестің шынайы жүрісі тілейтінге сәйкес келуі үшін, соған бағытталған басқарушы әсерлердің жиынтығын **басқару** деп атайды.

Басқару үдерісі — бұл басқарушы жүйенің белгілі мақсатқа жетуге бағдарланған және ақпараттық ағынды басты түрле пайдаланылатын басқарылатын жүйенің мақсатты бағытталған әсері.

Оңтайлы басқару шектеулердің есебімен және басқарылатын объектінің және сыртқы ортаның жай-күйі туралы ақпараттың негізінде мүмкін көптен ең жақсы басқарушылық әсерлерді таңдаудан тұрады. Адамдардың ұжымын басқару – адам қызметінің ең қиын салаларының бірі деп көпшілікпен танылды. Мұндай жағдайда, басқару:

- жүйелі немесе қажеттілігі бойынша басқарушылық әсерлерді жасайтын кейбір орган бар, бұл ретте мұндай басқарушы орган басқару жүйесі деп атау қабылданды;
- әдетте басқару үдерістің шынайы барысын өзгертетін атқарушы орган арқылы жүзеге асырылады;
- басқару үдерісі мақсатты болуға тиіс;
- басқарушылық әсерлер ол кезінде бір біріне тура қарама-қарсы тұрған әсерлердің мүмкіндігі жойылмаған кездейсоқ

сипатты көтермеуге, ал өзара үйлестірілген болуға тиіс деп болжайды.

Әкімшілік немесе ұйымдастырушылық басқару жүйелерінде басқарушылық әсер шешімдерді қабылдаудан, жоспарлаудан және басқарудың ең төмен деңгейлерінде іске асырылатын жедел басқарудан, сондай-ақ қабылданған шешімдерді неғұрлым жоғары деңгейде іске асыру үшін бақылаудан тұрады. Бұл функцияларды орындайтын адамдарды *әкімгерлер* немесе *басшылар* деп атайды, manager — басшы, басқарушы терминін, осыдан management — әкімшілік басқару. Ұйымдастырушылық басқару және өндірістік жүйелердегі басқаруды айыру керек.

Өндірістік жүйелерде адам олармен ол манипуляция жасайтын техникалық құралдардың көмегімен, тікелей технологиялық немесе өндірістік үдерістерді басқарады. Мұндай басқаруды жүзеге асыратын адамды оператор, ал оның құрауыш элементі оператор болып табылатын жүйені, — 1 *эрга- тикалық* деп атайды.

Сөйтіп, АБЖ — бұл басқаруды оңтайландыру үшін қажет ақпаратты жинауға, өңдеуге және беруге арналған адам машина жүйесі. Автоматтандырылған басқару жүйесі экономикалық-математикалық әдістерді, *есептеу техникасының* (ЕТ) құралдарын пайдалануда және объектіні неғұрлым тиімді басқаруды табу және іске асыру үшін, телекоммуникациялық технологиялардың базасында жүйеішілік және жүйеден тыс байланыстарды іске асыруда базаланады.

Автоматтандырылған басқару жүйесі өзімен әртүрлі қызмет салаларында немесе олар үйлескен кезде, ақпараттық үдерістерді автоматтандырудың негізінде, басқарушылық шешімдерді шығаруды қолдауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық жүйені білдіреді.

Өндірістік үдерісті басқару (басқару технологиясын іске асыру) деңгейі өндіріс тиімділігінің деңгейін анықтайтын маңызды фактор болып табылады, бұл ретте, басқару үдерістеріне айрықша талаптар материалдық өндірістің басқа салаларымен салыстыру бойынша өндірістік үдерісті қалыптастырудың және іске асырудың айрықша ерекшеліктері бар, автомобильдік тасымалдауды ұйымдастыру саласында ұсынылады. Автомобильдік тасымалдаудың өндірістік үдерісі, нақты материалдық объектілерімен тура байланыспаған, қажеттіліктерді қанағаттандыруды қоса алып, қажеттілік туындаған сәттен бастап өнімді алуға дейінгі операцияларды бірыңғай циклге тікелей байланыстырып, клиенттерде болып жатқан өндірістік үдерістерді органикалық тұрғыда біріктіруге тиіс.

Автоматтандырылатын қызметтің саласынан тәуелді *ав-*

1 Эргатив — әрекет етуші тұлға, қайраткер.

томаттандырылған жүйелер (АЖ):

- АБЖ-не (салалық, кәсіпорындар немесе өндірістік үдерісі, технологиялық үдерістері және басқалар);
- Автоматты түрде жобалау жүйелеріне (АЖЖ);
- А ғылыми зерттеулер Ж (АҒЗЖ);
- А ақпаратты өңдеу және беру Ж (ААӨБЖ);
- А өндірісті технологиялық дайындау Ж (АӨТДЖ);
- Бақылау және сынау АЖ (АБСЖ);
- Әртүрлі қызмет түрлерінің автоматты түрде үйлесу жүйелеріне;
- А кәсіпорынды басқару жүйесі (АКБЖ);
- А өндірістік үдерісті БЖ (АӨПБЖ) бөлінеді.

Бұдан әрі автомобиль көлігінде өндірістік жүйелерде АБЖ іске асыру ерекшеліктері қаралатын болады. Кәсіпорын немесе өндірістік бірлестіктер деңгейінде ұсынылған сыныптама бойынша оларды АКБЖ және АӨПБЖ жатқызуға болады. Кәміл **ұйымдастырушылық басқару жүйесін** (ҰБЖ) енгізу проблемасы айырықша өзектілікке сату нарықтарында бәсекелістік күрестің шиеленісуінің жағдайында ие болды.

Аумақтық және салалық АБЖ, сондай-ақ өнеркәсіптік кешендердің АБЖ іске асырудың ең күрделі аспектілері басқарудың көп деңгейлі жүйесі ұйымдастыру есебі арқылы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті автоматтандыру базасында шешіледі.

1.1-суретте АБЖ сыныптамасы ең таралған белгілері бойынша ұсынылды, бірақ қазіргі уақытта ол біршама шартты сипатқа ие болды. АБЖ басқару объектілері оларға кәсіпорындар, өндірістік бірлестіктер, халық шаруашылығы салалары, аумақтық және өнеркәсіптік кешендер жататын ұйымдастырушылық-экономикалық тұрпатты жүйелер болып табылады.

АЖ іске асырылған **ақпараттық технология** автоматтандырылған режимінде орындалатын, ақпаратты байланысты функциялардың, міндеттердің немесе рәсімдердің белгілі реттілігін өзімен білдіреді.

Технология — бұл міндеттерді немесе міндетті ахуалдардың тұтас жиынтығы үшін жалпы болып табылатын қандай да бір құралдарды пайдаланып, әрекет ету қағидасы.

Егер технологияны іске асыру басқарушылық ықпал етуді жасауға бағытталған болса, онда бұл басқару технологиясы. Қазіргі уақытта профессионал емес пайдаланушылармен компьютерлерді, достық интерфейсін жоғары деңгейі бар бағдарламалауды, нақты уақыттағы жалпы және қолданбалы мақсаттағы қолданбалы бағдарламалардың пакеттерін белсенді қолдануға, интернет- және интранет қолжетімділіктің болуының арқасында, алыстағы **деректер базасымен** (ДБ) және бағдарламалармен жұмыс істеуге негізделетін жаңа АТ

1.1.- суреті Автоматтандырылған басқару жүйесінің сыныптамасы туралы айтады.

Автоматталған ақпараттық басқару технологиясы (ААБТ) —



дамыған БҚ, ЕТ құралдарын және байланысты, сондай-ақ олардың көмегімен бұл ақпарат пайдаланушыларға ұсынылатын тәсілдерді қолдану негізінде басқарушылық ақпаратты жинау, жинақтау, сақтау,

іздеу, өңдеу және қорғау әдістері мен тәсілдерінің жүйесі.

Ресурстардың басқа түрлерін үнемдейтін, қоғамның ақпараттық ресурстарын белсендіру және тиімді пайдалану қасиетіне ие болатын ААБТ стратегиялық ролі ұдайы ұлғайып келеді.

Нақты ААБТ құрылымы өзінің іске асыруы үшін үш құрамның:

- есептеу, коммуникациялық және ұйымдастырушылық техниканы біріктіретін техникалық құралдары кешенінің;
- жүйелі (жалпы) және қолданбалы БҚ тұратын бағдарламалық құралдары жүйелерінің;
- басқарушылық қызметті қамтамасыз ету үшін нақты ААБТ шеңберінде басқарушылық және техникалық персоналдың жұмысын ұйымдастыру бойынша инструктивтік және нормативтік-әдістемелік материалдар кіретін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету жүйелерінің болуын болжайды.

Көп деңгейлі және бөлінген ААБТ ақпаратпен жедел жұмыстың проблемалары, солай басқарушылық шешімдерді тұжырымдау және қабылдау кезінде экономикалық ахуалды саралау проблемалары бірдей табысты шешілуі мүмкін болады. Әртүрлі меншік нысандарының негізінде қызмет ететін ұйымдастырушылық құрылымдардың өзара әрекет ету жағдайларында талдамалы жұмыстағы қажеттілік өсіп келеді. Міндет функционалды жаңа АТ білімдер базасын (ББ) және сараптамалық жүйелерді жұмысқа енгізуді бастау кезінде, ақпаратты интеграциялық өңдеуді жетілдіру жолымен шешіледі.

Телекоммуникациялық сервистің қарқынды дамуымен және алыстағы ақпараттық ресурстарға қолжетімділігі мүмкіндігімен байланысты, АЖ және АТ тиімділігі өлшемдерінің тұжырымдамасында акценттердің орнының ауысуы болды. АЖ бастапқы жобалау кезеңдерінде ақпаратты машинамен өңдеу тетіктерін іске асыру кезінде пайдаланушылардың шығынын азайтуға көңіл аударылады. Қазіргі уақытта АБЖ тиімділігінің өзекті өлшемдері болып ең алдымен:

- шешімдерді қабылдауда жеделділік деңгейі;
- талдамалы деректердің нақты үдерістерге баламалылығының деңгейі;
- нақты қаржылық-өндірістік ахуалдарды талдау үшін экономикалық-математикалық әдістер мен модельдерді кең пайдалану мүмкіндігі табылады.

Мамандар АТ басқаруды дамытудың төрт негізгі тенденцияларын:

- БҚ дербес пайдаланушысына берілетін есептік-талдамалы жұмыстар мен қызметтер нәтижелерінің арасындағы

гибридке бұдан да көп айналатын ақпараттық өнімнің сипаттамаларын өзгертуге;

- адаммен ақпараттың әртүрлі түрлерін (мәтіннің, графиканың, видеоның, дыбыстың) бір уақытта қабылдау бағдарына;
- ақпарат көзінен оның пайдаланушысына дейінгі жолында барлық аралық топтарды таратуға (мысалы, деректерді берудің желілік технологияларын пайдаланудың арқасында, сатушы мен сатып алушының, тасымалдауды ұйымдастыру саласындағы маманның т.б. тікелей тілдесуі мүмкін болады);
- пайдаланушының орналасқан жерімен шектелмеген жалпы ДБ қолжетімділікпен байланысты Интернет желісі мен серіктік желінің нәтижесінде ақпараттық алмасуды жаһандандыруға бөледі.

АБЖ қолданып, БҰЖ жасау ерекшелігі оларға жету керек мақсаттар жиі жеткілікті айқын тұжырымдалмауымен байланысты. Осыған байланысты, жобалау және енгізу кезеңіндегі бірінші кезектегі міндет – нақты мақсаттарды қалыптастыру және нақтылау.

Әр орындаушыдан тым алыс болуы мүмкін жүйенің негізгі мақсаттарын анықтаудан басқа БҰЖ нақты деңгейі үшін қосымша мақсаттар құралады. Мақсаттарды жасақтаған кезде, бір уақытта жобалатын жүйенің тиімділігін бағалау өлшемдері есепке алынады. Автомобильдік тасымалдауды ұйымдастыру үшін БҰЖ оңтайлы нұсқаларын табу үшін, оларды құрудың негізгі мақсаттарын ғана емес, бірақ және басқару объектісіне басқарушылық әсерлердің ағынын білу қажет. Объектінің динамикалық моделі оның тәртібін сипаттаудың белгілі нысандауды болжайды, ал болжамдар блогі сарапшылардың көмегімен қалыптасады және динамикалық моделі болмаған жағдайда пайдаланылады.

Басқарушылықты қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырушылық жүйенің белсенді өңдеу мен талдауда базаланатын басқарушылық рәсімдердің тұйықтылған контуры болуға тиіс, яғни жүйенің негізінде кері байланыс қағидасы жатуға тиіс.

Басқару жүйесін қалыптастыруға әсер ететін автокөлік өндірісінің сипатты ерекшелігі оның серпінділігі болып табылады. Автокөліктік қызмет көрсету өзара байланысты құрылымдардың жиыны ретінде күрделі динамикалық жүйені өзімен білдіреді, онда кездейсоқ үрдістер үлкен орын алады. Серпінділігі онда *жылжымалы бірліктердің* (ЖБ) көбі қатысатын тасымалдау процесінде, сондай-ақ ЖҚ техникалық әсерлердің саны ауыспалы шама болып табылған және көптеген сыртқы және ішкі себептердің әсерінде тұрған кезде, техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚК және ТЖ) процесінде байқалады.

Егер автокөлік құралдарының тағы бір айрықша ерекшелігі объектілердің аумақтық бытыраңқылық және тасымалдау процесі қатысушыларының ұйымдастырушылық нысандарының әртиптілігі болған кезде, олардың үйлестіруші басқару органдарынан алшақтығы болып табылады. **Автокөлік кәсіпорны** (АКК) үшін, дәстүрлі сипаттамаларынан басқа (ЖБ орташа сипатталған саны, автомобиль паркінің құрылымы, өндірістік техникалық базаның болуы немесе болмауы, тасымалдаудың басымдық түрі: жүк, жолаушылар, аралас), қазіргі уақытта ұйымдастырушылық құрылымның икемділігі үстем болып табылады.

Осыдан, басқару объекті ретінде АКК үшін, мына айрықша ерекшеліктері сипатты деп қолданылады:

- ұйымдардың және тасымалдау жүйесі қызмет етуінің клиенттердің технологиялық процестеріннен тәуелді, сондай-ақ көлік процесінің олардың қызметінің экономикалық нәтижелеріне әсері (кері байланыс);
- ұйымдастырушылық құрылымы элементтері белсенділігінің және тасымалдауды басқару тиімділігінің сыртқы жағдайлардан тәуелділігі;
- олардың жартысында кездейсоқ элементтері бар, көптеген факторлардың бір уақыттағы әсерімен негізделген тасымалдау процестерінің серпінділігі мен кездейсоқтығы.

Автокөлік тасымалдауды басқару жеткізуді уақтылылығын қамтамасыз ету, көлік жұмысының ырғақтылығын арттыру, **көлік желісін** (КЖ) біркелкі жүктеу мақсатында әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланып, белгілі технология бойынша тасымалдау процесіне басқарушы жүйенің мақсатты, жоспарлы әсерін қамтамасыз етуден тұрады.

Бұны негізіне ала отырып, автомобиль көлігінде басқарушы жүйені оқшауланған басқарушы жүйе ретінде, ал бірнеше көлік түрі және жеткізудің бірыңғай басқарушы жүйесінің қосымша жүйесі ретінде, экспедиторлық фирмалар өзара әрекет еткен кезде, аралас (мультимодальдық) тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қарауға болады.

Автомобильдік тасымалдауды басқару процесі кезеңді жүзеге асырылғандықтан және салыстырмалы жабық сипатты болғандықтан, басқарушы жүйеде кезең басқарылатын объектінің жай-күйі туралы ақпаратты жинау сәтінен бастап басталады. Содан, алынған ақпарат шешімдерді тұжырымдау үшін пайдаланылады және соңында, бұл шешімдер орындаушыларға дейін жеткізіледі. Басқарылатын объектіде жұмыстың жағдайларын өзгертумен жаңа ақпарат түседі және кезең қайта қайталады. Басқарушылық шешімдерді қабылдаудың негізінде **ақпарат** - басқару объектінің тәртібі туралы жаңа білімдерінің

жиынтығы. Кері байланыс арналары бойынша басқарылатын объектіден түсетін *деректердің ағыны* оны алу үшін база болып қызмет етеді.

«Ақпарат» термині — біздің ең танымал сөз қорымыздың бірі болып табылады. Оған үлкен мән беріледі және әдетте, оның түсінігі интуитивтік деңгейде беріледі. Іс жүзінде «ақпарат» және «деректер» ұғымдары жиі ұқсайды деп атап өту керек, бірақ, оларға оларды қолданудан тәуелді әртүрлі талқылау беріледі. Бұл ұғымдардың айқын анықтамасы, олардың мәні және басқару жүйесіндегі ролі көбінде *ақпараттық жүйелерді* (АЖ) зерттеуге және жобалау әдістеріне тәсілді негіздейді.

Ақпарат деректерде көрсетілген басқарылатын объекті туралы жаңа білімдері бар, бұл объекті тәртібінің тұрлаусыздығын азайтатын фактілер, оқиғалар туралы мәліметтер болып табылады.

Деректер АЖ енгізіледі, жинақталады, сақталады және өзгертудің және фильтрациялудың нәтижесінде пайдаланушыға арналған ақпаратты өзімен білдіреді.

Ақпарат оны талдаудан басқарушылық шешімдерді қабылдауда пайдаланудан кейін, және де жинақталуы, өзгертілуі мүмкін. Бірақ, нақты пайдаланушы үшін, ол әлдеқашан ақпарат болмауы және осы немесе өзге экономикалық үдерісті сипаттайтын деректер ретінде түсіндірілуі мүмкін. Басқа басқару деңгейінің пайдаланушысына бұл деректерді ақпарат ретінде ұсынылуы мүмкін болады деп, байқаймыз.

Демек, өндірістік объектілер мен процестер туралы мәліметтер оларды пайдаланған кезде, екі жақты сипатты болады. Қазіргі заманғы түсінік бойынша ақпарат деп соңғы пайдаланушымен пайдалы ретінде қабылданған, ұғынылған және бағаланған жаңа деректер ғана саналады. «Ақпарат» ұғымы пайдаланушымен тығыз байланысты. Деректер пайдаланушы басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін өзінің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырған кездегі жағдайда ғана ақпарат болып саналады. Деректерді алудан, оларды мағыналы бағалаудан немесе іріктеуден кейін ғана ақпарат болады.

Деректер — бұл мәліметтер, фактілер, шамалар және оларды өзгерту және өңдеу ақпаратты алуға мүмкіндік беретін олардың арасалмағы, яғни осы немесе өзге пән, процесс немесе құбылыс туралы білім.

Деректер — бұл шешім қабылдайтын пайдаланушының өкімінде болуы мүмкін хабарламалар, бірақ олардың нақты шешім қабылдау ахуалындағы маңыздылығы мен мақсаты бағаланбаған. Олардың маңыздылығы және бұдан әрі пайдалану мүмкіндіктері бағаланбаған хабарламалар *әлеуетті ақпарат* болып табылады. Ақпарат және хабарлама ұғымдарын айыру керек.

Хабарлама — бұл құрылымдалған деректерді беру үдерісін

болжайтын, ақпаратты ұсыну нысаны.

Бір хабарландыру бір пайдаланушыға көп ақпарат, ал екіншісіне – аз беруі немесе ештеңе бермеуі мүмкін. «Ақпараттандыру» ақпарат теориясының ұғымында бұрын белгілі болмағанды хабарлауды білдіреді. Өйткені ақпаратты сақтауға, өзгертуге және беруге болады, оның көздері, таратқышы, байланыс арналары мен қабылдағыштары болуға тиіс; бұл орта ақпарат көздерін және оның алушыларын АЖ біріктіреді. Ақпараттық процестің қатысушы ретінде адам туралы сөз болған кезде, маңыздық немесе семантикалық ақпарат ескеріледі.

Ақпаратты беру, сақтау және қабылдау әдістерін зерттеумен ақпарат теориясы айналысады, оның құралы ретінде кездейсоқ процестерінің теориясы, кодтау теориясы, математикалық статистика, ықтималдылық теориясы пайдаланылады. Ақпаратты беру және сандық бағалау проблемасына назар аудару, «Ақпарат — бұл материя емес және энергия емес!» - деп айтқан, Н. Винердің және ақпарат теориясына негізін салған К. Шеннонның маңызды жұмыстарына тартылды. Бүкіл дүние жүзінде олардың жұмыстары мамандарға жақсы танымал отандық ғалымдар А. Н. Колмогоров, А. А. Харкевич, В. А. Котельников ақпарат теориясына маңызды үлес қосты.

Ақпаратты бағалау өлшемдерін қарап, «саны» мен «сапасы» ұғымдарын анықтау керек.

Тек қана мәліметтердің жаңалығын негізіне алып, ақпаратқа сандық баға беруге болады, неге десен мәліметтердің жаңалығы объекті, процесс, құбылыс туралы мәліметтердің белгісіздігінің салдары болып табылады, ал тұрлаусыздық өлшеуге жатады. Мысалы, ЖҚ бірлігімен жоспарлы тапсырманы орындау туралы хабарлама, егер тапсырылған кезеңнің бойында жеткізу уақыты бойынша ауытқуларды бағалау орындалатын болған жағдаймен салыстыру бойынша ақпараттың аз мөлшерін көтереді.

Ақпараттың болуы кейбір тұрлаусыздықты, яғни білмеуді жояды. Кез келген оқиғаны немесе объектіні сипаттау ресми сипатталатын объект мүмкін жай-күйлердің қайсында болады, соған нұсқау ретінде қарауға болады. Онда оқиғалардың уақытта өтуі барлық мүмкін болатындардың ішінен кейбір ықтималдықпен таңдап алынған жай-күйінің ауысуы болады. Таңдаудың тұрлаулығы деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ақпараттың үлкен көлемі қажет болады және таңдау нәтижесінің маңызды күтпегендік деңгейі болады. Міне сондықтан, ақпарат теориясында ақпараттың саны басқаны бақылау нәтижесінде бір кездейсоқ шаманың тұрлаусыздығын алу шамасы болып табылады. Егер шамалары тәуелсіз болса, онда ақпараттың саны нөлге тең болады.

Екі оқиғадан баламасын таңдап алу қарапайым жағдай болып табылады, сондықтан ақпараттың бірлігі үшін, қос ықтимал

оқиғалардың бірін таңдаған кезде жасалаған ақпараттың санын қабылдайды. Бұл бірлік еселенген бірлік немесе бит (binary digit, bit ағыл.) деп аталады. Қорытынды: таңдау аясын 2 есеге қысқарту бір ақпарат бірлігін береді.

Физикада энтропия ұғымы бар, ол физикалық жүйенің реттелмегендігінің (ретсіздігінің) деңгейін сипаттайды. Реттелмегендігі бақылаушыға бұл жүйе туралы қаншалықты аз белгілі екендігі туралы куәландырады. Бақылаушы физикалық жүйеде бірдеңе айқындай салысымен, жүйенің энтропиясы төмендеді және бақылаушы үшін жүйе көбірек ретке келтірілген болады. Егер энтропияның максимумы жүйенің абсолютті кездейсоқ жай-күйіне сәйкес келсе, онда ақпараттың максимумы толық ретке келтірілген (анықталған) жүйені сипаттайды.

Энтропия жүйе белгісіздігінің деңгейін білдіреді, ал ақпарат оны ұйымдастыру шамасын береді.

Ақпараттың санын өлшеу формуласын эмпирикалық алуға болады: екі тең ықтимал оқиғаның ахуалында тұрлаусыздықтың алынуы үшін, 1 бит ақпарат қажет; төрт оқиғадан тұратын ахуалда тұрлаусыздығы кезінде, іздеген фактіні табу үшін 2 бит ақпарат жеткілікті. Бұл пікірді жалғастыруға болады: 3 бит ақпарат сегіз тең ықтимал оқиғадан, 4 бит — 16 тең ықтимал оқиғалардан ж.т.б. ахуалдағы тұрлаусыздығына сәйкес келеді. Сөйтіп, егер хабарландыру n тең ықтимал оқиға көрсетсе, онда ол $\log_2 n$ тең ақпараттың санын көрсетеді. Шынында, $\log_2 16 = 4$, $\log_2 8 = 3$ ж.т.б.. Осы формуланы сөзбен басқалай көрсетуге болады: ақпараттың саны таңдаудың тең нұсқаларының санын алу үшін, 2 арттыру қажет деңгейіне тең, яғни $2^4 = 16$, онда $n = 4$ бит.

Пайдаланушы үшін ақпараттың саныны ғана өлшеу жеткілікті болады екен. Ақпарат құндылығының шамасы қажет. Ақпараттың маңыздылығын бағалау зияткерлік пен тәжірибені пайдалану негізінде интуитивті жүргізіледі. Ақпараттың семантикалық теориясын құру әрекетін Н. Винер қолданды. Оның мәні ақпаратты түсіну және пайдалану үшін, оның алушысы белгілі **білім** қорына ие болуға тиіс екендігінен тұрады. Заттың толық атауы қабылданған хабарламадан бұл зат туралы маңызды ақпаратты алуға мүмкіндік бермейді. Зат туралы білімі көбейген сайын, хабарламадан алынатын ақпараттың мөлшері де көбейеді.

Нақты уақытта, яғни оларды қалыптасыру сәтінде басқарушылық шешімдерді тұжырымдау үшін пайдаланылатын деректер тікелей ақпарат болып қалады. Керісінше, кейінге қалдырылған режимде оларды мүмкін пайдалану үшін жинақталатын деректер әлеуетті ақпарат ретінде жіктелуі мүмкін (мысалы, бухгалтерлік және статистикалық есептің міндеттері үшін). 1.2-суретте басқарушылық шешімдер қабылдау үшін, ақпарат ретінде деректерді пайдаланудың

мүмкін нұсқалары ұсынылды.

Егер алушыда осы зат туралы бар білімдерді *тезаурус* (яғни, сөздердің, ұғымдардың, мәндік байланыстарымен біріктірілген объектілер атауларының қандай да бір жиынтығымен) деп аталса, онда кейбір хабарламаларда бар ақпараттың саны осы хабарламаның әсерімен жеке тезаурустың өзгеру деңгейін бағалауға болады. Басқалай айтқанда, алушышем түсетін хабарламалардан қолдануға алынатын семантикалық ақпараттың саны осындай ақпаратты қабылдау үшін, оның тезаурусының дайындығының деңгейінен тәуелді.

Компьютерленген бағалауда талап етілетін жеткілікті нысандандыру деңгейі кезінде ақпараттың құндылығын анықтау міндеті әлі шешілмеген деп атап өту керек, бірақ бұл оны келешекте шешу мүмкін еместігін білдірмейді.

Деректер мен білімдердің арасындағы шекара қандай? Білім деген не? Білімнің негізгі қасиеттері келесідей.

1. Білім деректер формасында ұсынылуы мүмкін. Нақтысы, белгілі бір формальды тілдегі мәтін түрінде, білім элементтерінің арасында әр түрлі байланыстарды реттейтін жүйе түрінде. Бұл қасиетінен білім дегеніміз арнайы түсіндіруді рұқсат ететін деректерді ұйымдастырудың одан да жоғары деңгейі екені көрінеді. (1.3 сурет)




1.2-сурет. Деректерді ақпарат ретінде пайдалану нұсқалары

2. Шешімдер қабылдауды қолдау жүйелерінде және сарапшылық жүйелерде басқарушы шешімдерді дайындау процесі біліммен

анықталып, жүйенің құралымына тәуелсіз өтеді.

3. Білімнің рәсімдік бөлігі – бағдарламалар. Дегенмен, бұл бағдарламаларды пайдалану біліммен басқарылады, соның ішінде параметрлерді байланыстыру мен бағдарламаларды іске қосу білімді пайдалану процесін іске қосқан кім екенін білмей-ақ, білімді пайдаланатын жүйенің ішінде автоматты түрде іске асырылады



1.3-сурет. Шешімдерді қабылдау процесінде деректер мен білім функциялары

4. Білім бөлек фрагменттерден – объектілердің сипаттамасынан, процестерден, ахуалдар мен құбылыстардан тұрады. Мұндай фрагменттер (білім модульдері) *фреймдер* деп аталады. Фреймдер бір бірімен тектілік қатынастарымен, мағыналық жүйелердің түйіндерімен байланысуы мүмкін.
5. Біліммен жұмыстану барысында прагматикалық жағы маңызды – білімнің қандай да күрделі құрылысы болса да, ол бір нәрсе үшін, яғни міндеттерді шешу үшін пайдаланылады.

Білімнің үш түрін бөліп алған жөн:

- *тақырыптық*, немесе *фактографиялық білім*, әр түрлі нақты объектілердің сандық және сапалық құрамына құрылады;
- *алгоритмдік білім* — нақты нәтижеге алып келетін әдістерді, тәсілдерді, кейбір істердің рәсімін білу;
- *ұғымдық*, немесе *концептуалды білім*, белгілі бір қызмет саласында (тақырыптық сала) пайдаланылатын негізгі терминдер жинағынан, бұл терминдерде астарлы ұғымынан, өзара байланыстан және тәуелділігінен құралады.

Әрине, АЖ сұранысқа қарай деректерді көрсете алады, яғни есепке қажет маңызды фактілер, белгілі бір ахуалдарды немесе жағдайларды дәлелдеу. Деректер ақпарат сияқты басқарушылық шешімдерді қабылдауда база қызметін атқарады. Бірақ, тәжірибеде жүргізу немесе өндірістік процесті басқару кезінде, оның бағытын сипаттайтын деректер тым әркелкі және көлемді, мұндай жағдайда шешім қабылдау өте қиын. Басқару шешімдерін қабылдау жеделдігіне, оларды қабылдау базасы деректер емес ақпарат болғанда ғана жетуге болады, яғни нақты жағдайды айқындайтын (шешімдер қабылдау үшін жеткілікті және қажет) таңдалған деректер.

1.2. АҚПАРАТ САПАСЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ, БАСҚАРУШЫЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ОЛАРДЫҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Ақпарат сыныптамасының әр түрлі белгілерін бөлшектеп қарамай, басқару шешімдерінің тиімділігіне әсер ететіндерін бөліп алайық, олар өзектілік, толықтық және дәлдік. Бұл қасиеттердің болуы барлық АБЖ іске асу тиімділігінің шарты.

Өзектілік — бұл ақпарат сапасының белгісі (негізгі қасиет) болмаған жағдайда басқару жүйесінің тәжірибелік құндылығы жойылады. АТ саласының француз маманы И.Ложе: «Ақпараттың өзектілігі әрдайым өзгеріп отырады, бірақ ешқашан қайта қалпына келмейді»- деген. Қажет ақпаратты уақытында алу – тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың басты талабы. Нақты пайдаланушыға ақпарат түсуді тоқтату оның негізгі қасиеті – **құндылығының** жойылуына алып келеді.

Ақпараттың маңызды қасиеті оның **толықтығы** болып табылады, оның шарты тіркеу, жинау және деректер таратудың технологиялық процесінің сипаттамасы. Басқарудың автоматтандырылған технологиясымен басқару объектісінің нақты уақытта қажет барлық алғашқы деректерін немесе тек кейбір деректерінің жиынтығын тіркеу және тарату болуы мүмкін.

Ақпараттың **дәлдігі** басқару объектісінің жағдайын, оның мағынасының өзгеруісіз суреттеуге мүмкіндік береді және деректерді тіркеудің техникалық құралдарына тәуелді. Дегенмен, ақпаратқа айналдырылған деректердің көпшілігі қабылданатын шешімнің толықтығы мен сапасына әсер етпейді. Сол себепті, ақпаратты жіктеудің қасиеті **пайдалылығы** туралы айту керек.

Басқару жүйесінде айналып жүретін деректер санын әр түрлі сандық бірліктермен (бит, байт, құжат жолы және т.б.) анықтауға болатын болса, пайдаланушыға басқару шешімдерін дайындау және

кабылдауға қажет ақпараттың көлемін анықтау үшін сапалық параметрлер пайдаланылады:

- басқару шешімдерінің немесе басқарудың сәйкес міндеттерінің күрделілігі;
- нақты шешімді немесе міндетті іске асыру мерзімдері;
- басқару шешімдерін немесе міндеттерін қабылдаудың соңғы нәтижесінің нысаны мен түрі.

Ақпаратты сандық бағалаудың міндеті, оның жеткіліктілігі мен пайдалылығы жоспарында пайдаланушыны (БАЖ субъектін) ұйымдастыру технологиялық шешімдерді қабылдауда тиімді шешімдерді қабылдау үшін қажет деректермен қамтамасыз ету болып табылады.

Әрі қарай ұйымдастырушылық өндірістік жүйелерде, мысалы АКК басқаруды автоматтандыруға жататын үш белсенді функцияларының қысқаша сипаттамасы беріледі.

Бірінші функция – жоспарлау – қызмет бағдарламасын пайдалануды және берілген уақыт бөлігінде оны пайдаланудың тиімді экономикалық тәсілін таңдауды қамтамасыз етеді. АКК АБЖ тиімді жоспарлаудың міндеті әрбір жоспарлау мерзімінің, мысалы сменді-тәуліктің тапсырмаларды құру кезінің басында басқарудың қосымша жүйесімен шешіледі. Бұл жағдайда АБЖ-н басқару үзіліссіз процес бола тұра жеткізудің өндірістік кезеңі сияқты жоспарлау да дискреттік сипат алады.

Жоспарлы жұмысты тәжірибелік іске асыру басқару органына кері байланыс жолы бойынша түсетін және уақыттың әрбір бөлігінде жеткізу процесінің жолы мен жағдайын сипаттайтын ағымды ақпарат ағынын тудырады. Іске асыру кезінде жүйеде тұрақты түрде қозғалыстар пайда болады, олардың нақты реттеуші болмаған жағдайда қозғалыстар жүйені алдына қойылған мақсатынан тайдыруға немесе өндірістік процессті мүлдем тоқтатуға алып келеді.

Автокөліктің процесстің ағымы кезінде пайда болатын жағдайлар жоспарлы кезең кезінде өте қозғалмалы. ӨЖ ағымды техникалық жағдайына немесе тиеу-түсіру құралдарына, сонымен қатар, ауысым-тәуліктік тапсырмаларды құру процесінде есептелмеген әр түрлі сыртқы факторларға байланысты жаңылу жағдайлары болған кезде басқару буындары тұрақты түрде шешімдер қабылдап, орындаушыға жеткізу қажет. Сол себепті, жеткізуді іске асыру кезінде басқару органына тұрақты түрде нақты уақытаны ақпарат қажет.

Кез келген басқарушылық ықпалды іске асыру үшін берілген бағыттағы ақпараттың белгіленген ағынын, қарқындылығын және сапалы мазмұнына ұйымдастыру және тексеру қажет. Деректердің үш ағынын негізгі деп есептеуге болады:

- осы сәтте өндірісте бар ресурстардың көлемі туралы дерек –

тасымалдауды іске асырудың ішкі жағдайлары туралы кері байланыс каналындағы ақпарат (ЖС, жүргізушілер, жұмысшылар, жабдықтар, қосмша бөліктер және жанар-жағар май материалдары (ЖЖМ), ақша көлемінің және т.б. саны және құрамы туралы мәлімет);

- жүйенің сыртқы ақпараттық жүесіндегі ақпарат, оған тасымалдаудың көлемін, мерзімін және басқа да директивті-жоспарлы тапсырмалары бар басқару командаларының ағыны және тасымалдаудың сыртқы жағдайларын сипаттайтын ақпараттар ағыны кіреді;
- жүйенің біркелкі элементтерінің (ресурстық шығындардың салыстырмалы нормативтері) өзара сандық және сапалық қатынастары туралы ақпарат

Көлікті басқарудың екінші белсенді функциясы – **бақылау**. Бұл функцияны іске асырудың басты мақсаты – маршрут барысында АКК-тен, ЖС бортынан және **бақылау пункттерінен** (БП) нақты уақыттың көлемінде түсуі қажет ағымды ақпаратты өңдеу негізінде тасымалдау процестер жағдайының жоспарлы және нақты жағдайының сәйкестігін анықтау.

Бұл функцияны іске асыру кезінде ақпарат уақытылы және дұрыс болуы қажет, себебі оның негізінде еңбек және материалдық ресурстарды барынша толық пайдалану бойынша басқару шешімдері қабылданады. Бақылау функциясы үзіліссіз, барлық жоспарлау мерзімінің бойынша параметрлерді тіркеудің ең аз интервалында іске асу қажет. Автокөліктік процесті барынша тиімді және нақты бақылау жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы орындалады.


Басқарудың үшінші функциясы- **реттеу** – ЖС маршрутқа шығарудың технологиялық процестерінің жағдайы туралы ағымды және жоспарлы ақпаратты салыстыру және тасымалдауды орындау негізінде қозғалыстардың қалдықтарын жоюға және берілген оптималды режимде процестерді тұрақты қолдауға бағытталған жедел шешімдер қабылданудан тұрады.

Басқарудың екі функциясын орындау нәтижесінде реттеу процесінің нормативік сипаттамасының қажетті деңгейі және шығу көрсеткіштері беріледі. Жедел кірісу жолымен, кемшіліктер жойыла отырып, бұл деңгей тұрақты қолданады, бірақ ішкі мүмкіндіктері мен жүйенің орындалуының сыртқы жағдайларын есепке алу арқылы тұрақты түзету арқылы іске асады (1.4 сурет). Бұл жағдайда көліктің жұмысын басқару жоспарлау, бақылау және реттеу ретінде қаралады, бұл ретте адамдар арасында қатынастарды ұйымдастыру, тәрбиелік

функция, басқарудың социологиялық және психологиялық аспектілері есепке алынбайды.

Өздік өндіріс пен тасымалдау процесін жедел бақылау, есептеу, сараптау және реттеу процесінде ресумдердің нақты жүйелілігі қажет: ағымды ақпаратты жинау және оны басқару объектісіне реттеу ықпалын одан әрі жеткізуге шешімдер қабылдау үшін басқару органына жеткізу (1.5 сурет).

Реттеу функциясы келесі кезекпен орындалады:



1.4-сурет. Шешімдер қабылдау процесінде реттеу әсерін тұжырымдау процесінің көрінісі

- басқарушылық шешімдерді қабылдау;
- басқару органмен қабылданған шешімді орындаушыға жеткізу;
- шешімді орындау;
- орындаудың дұрыстығын тексеру.

Ол үшін мынаны есептеу қажет:


- ақпарат ағынының қарқындылығы, жеделдігі және дұрыстығы;
- қажетті және қажет емес ақпаратты осы уақытта өңдеу, реттеу, топтау және бөлу технологиялары;
- ТС шығару және тасымалдауды орындау процесінің қозғалысы туралы қорытынды нәтижелері, яғни берілген режимде процестердің тұрақтылығы және одан әрі дамуды жоспарлау мүмкіндіктері;
- Техникалық және тасымалдау процестерінің нақты, нормативті және жоспарлы салыстыру нәтижелері;

- тасымалдау процестерінің жоспарлы режимінен ауытқулардың маңыздылығын бағалау;
- процестрдің теңдігін қамтамасыз ету үшін реттеуші әсер ету бағыты мен сипатын анықтау.

Бұл жағдайда деректерді ақпаратқа айналдыру мақсат емес, оңтайлы реттеуді іске асырудың қажетті алғышарты. Осы тұста қозғалыс темпы, ақпараттың толықтығы, өңдеу жылдамдығы, жүйедегі сақтау ұзақтығы және т.б. мәселелер шешілу қажет. АҚК ақпарат жинау жүйесі, төменгі деңгейдегі органның ақпаратын жоғары деңгейдегі басқару органы пайдаланатынын ескере отырып оңтайландырылу қажет.

Бақылау мен реттеудің әрбір элементінің ерекшелігі, шектеулердің әртүрлілігін есептеу, әр түрлі мақсатты құрылымдар – осының барлығы алгоритмдердің әртүрлілігін және әр түрлі функционалды қосымша жүйелерде және басқару жүйелерінің деңгейлеріндегі бөлек арнайы міндеттерді шешу әдістерді шарттайды.

Әр түрлі қосымша жүйелерде әр түрлі анықталған (кездейсоқ факторларды ескермей) және стохастикалық (кездейсоқтықтың элементтерін есепке алған) реттеу әдістерінің меншіктік салмағы әр түрлі болып шығады.



1.5-сурет. Пайдаланушылардың автокөлік процесін басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі рөлі мен функцияларын анықтау

1.3. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ АЙРЫҚША ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақпараттық қамтамасыз ету, ақпараттық қор, ақпараттық база, ақпарат жүйесі – АҚ болып табылатын терминдердің толық тізімі емес.

Зерттеу объектісінің күрделілігі, қаралатын проблеманың көп аспектілігі, мұның бәрі осы уақытта «ақпараттық жүйе» ұғымының бірізді және көпшілік мойындаған анықтаманың жоқтығы болып табылады. Бұл ұғымның көптеген түсіндірмелері пайдаланылатын әдістер және АЖ құру құралдары құрылымынан, оның құрамы мен құрылымынан, іске асырылу жағдайларынан құрылған. ААБТ саласында теориялық және тәжірибелік зерттемелерге арналған жұмыстардың сараптамасы АЖ басқарудағы негізі мен тағайындалуын анықтаудың екі бағытын бөліп алуға мүмкіндік береді:

- ақпараттық жүйе — ақпаратты жинаудың, тіркеудің, таратудың және өзгертудің құралдары мен әдістерінің жинағы;
- ақпараттық жүйе — өндірістік объектілердің басқару жүйесін жетілдіру, басқару процестерін оңтайландыру, шешімдердің тиімді қабылдау мақсатында пайдаланушыға қажетті ақпаратты жинауға, таратуға, өндеуге және беруге мүмкіндік беретін әдістер мен құралдардың жинағы.

Бірінші ұғым АЖ деректерді өңдеу жүйесімен теңдестіру әдісін көрсетеді. Бұл жағдайда бірінші орынға деректерді жинау және тіркеу техникасын жетілдіру, оларды өзгерту жылдамдығын күшейту және соңғы нәтиже алу жұмыстары шығады, яғни деректерді өңдеу жүйесін техникалық қамтамасыз етуді, технологиялық процес және оларды өзгерту процедуралары жетілдіріледі.

АЖ ұғымының екінші ұғымы ұйымдастырушылық техникалық қосымша жүйені сипаттап, жинау және өңдеу нәтижесінде уақытылы ақпарат беру жағдайында *пайдаланушылардың ақпараттық қажеттілікке* (ТАҚ) қанағаттану әдістері мен құралдарының кешенін көрсетеді. Осы ұғымды ең толық деп ойлауға болатын еді, бірақ бұл АЖ ұғымында басты элемент «пайдаланушы» қосылмай қалған. АҚ негізгі мақсаты деректерді өңдеу жүйесі емес, ТАҚ қанағаттыру болып табылады.

Тек пайдаланушы шешімдерді басқару және қабылдау процесінде АЖ өз жұмысын орындайтынын анықтай алады.

АЖ параметрлері мен ерекшеліктері әрбір кәсіпорын үшін ерекше. Элементтердің құрамы бойынша біркелкі тұрақты бола тұра, АЖ

эртүрлі көптеген параметрлердің өлшеу дәлдігін, деректерді өңдеудің жоғары деңгейін қажет етеді. Оларға, технологиялық процестердің, нормативтік актілердің, жоғары тұрған органдардың нұсқамалар мен бұйрықтардың мазмұнына қарай салыстырмалы қатты шектеулер қойылады. Бұдан, басқарудың нақты АЖ құру кешенді қаралып бірнеше аспектіде шешілу қажет:

- **Ұйымдастырушылық** (АЖ ұйымдастыру принциптері және оның элементтерінің өзара іс-қимылы);
- **технологиялық** (ақпаратты өңдеу әдістері және осы әдістерді іске асыру технологиясы);
- **техникалық** (қазіргі заманғы есептеу және ұйымдастыру техникасының мүмкіндіктері).

Өндірістік объектілерді (кәсіпорындар, бірлестіктер) басқарудың ақпараттық жүйесі басқа бағыттағы АЖ қарағанда арнайы белгілермен сипатталады. АЖ деректері негізінен АЖ кеңінен пайдалану арқылы басқарушылық шешімдерді іске асыруға және экономикалық математикалық модельдеу әдістеріне бағытталған. Мұндай жүйелер әр түрлі деңгейдегі пайдаланушылармен өзара байланысумен және нақты уақыт режимінде ақпарат пайдаланумен сипатталады.

«Ақпараттық жүйе» ұғымыны анықтау негізіне ресурстық әдіс пайдаланылса, онда АЖ пайдаланушылардың негізгі басқару функцияларын іске асыру мақсатында кәсіпорынның ақпараттық ресурстарын өндірудің, жинақтаудың, өзгертудің және пайдаланудың әдістері мен тәсілдерінің жинағы деп алуға болады. АЖ «пайдаланушының талаптарына сәйкес ақпаратты енгізу мен алуға қажет техникалық және программалық элементтерінің әдістемесі» деп айқындайды.

АЖ құру кезінде деректерді енгізу техникасына және оны ақпаратқа айналдыруға үлкен көңіл бөлінеді. Көрсетілген технологиялық шешімдерді сараптау нәтижесінде басты міндет шешіледі: АЖ шығу деректері басқару жүйесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету мүмкіндігі өндірістік процестің жүйемен байланысын ұйымдастырудың ұсынылған түрлеріне қарай шешіледі.

Осыдан бұрын айтылғандай, деректер өзгерту нәтижесінде пайдаланушы үшін «түпкілікті өнімге», яғни ақпаратқа айналады. АЖ деректерді фильтрлеу процесі синтаксистік, семантикалық және прагматикалық деңгейлерде орындалады.

Синтаксистік (физикалық) фильтр дегеніміз деректерді тарату және сақтау құралдары болып табылады, олар мазмұндық өңдеуге тимейді (алғашқы өңдеу ғана іске асады, бақылау, сақтау және іздеу). Синтаксистік шу (деректерді таратуға әсер ететін физикалық бөгет) АЖ пайдалану барысында хабарламалардың кейбіреулерін алып тастауға алып келеді.

Семантикалық (мағыналық) фильтр берілетін деректердің мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді, яғни олардың мазмұндық өңделуі жүргізіледі және алғашқы ақпарат алынады. Семантикалық шуға жана элементтер жоқ немсе пайдалануға жарамсыз деректер жатады (ақпараттың жіктеу түріне сәйкес *құндылық және қажеттілік*).


Прагматикалық фильтрдің жұмыс істеуі нәтижесінде деректерді пайдалану нәтижесінде олардың қажеттілігін бағалау шаралары алынады, басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпарат анықталады, прагмаикалық шуды шығаратын қажетсіз деректр (қажетсіз білім) алынып тасталынады. Бұдан, осы фильтрді өткен деректер шешімдерді қабылдауға қажет ақпарат болып табылады.

Осыдан, АЖ деректерді автоматты өңдеу ақпараттың ағынын реттеуді, оны формалды көруді, ұйымдастырудың және деректерді өңдеудің арнайы әдістерін пайдалануды қажет етеді. Егер автоматтандырылмаған жүйелерде ақпараттық процестер деректердің өнімсіз ағынын тудыруға және алынатын деректердің дұрыстығын төмендетуге әкелетін, үлкен еңбек сыйымдылығымен және әдістерді қайталаумен сипатталса, онда АЖ ЕТ құралдарын пайдалану олардың синтезін қамтамасыз етеді, ол басқару міндеттерін шешу процесінде алғашқы ақпаратты көп мақсатты пайдаланып, бірыңғай ақпараттық базаны құруды білдіреді.

Соңғы кезде көпфункционалы интегралды АЖ дамып келеді – *корпоративті* АЖ (КАЖ), көп міндетті режимде жұмыс үшін арналған ұйымдастырушылық өндірістік процестерді басқарудың әр түрлі қосымша жүйелерін автоматтандыру бойынша жұмыстардың қасиеттері мен ерекшеліктерін біріктіреді (1.6 сурет). Мұндай технологияны пайдалану соңғы құжаттағы кемшіліктерлі қысқартуға мүмкіндік береді.

БАЖ енгізудің теориялық зерттеулері мен тәжірибесі АЖ негізгі ұйымдастырушылық әдістемелік принциптерге және ережелерге негізделу қажеттігін көрсетті. Оларға мыналар жатады:

- АЖ жоспарлаудың әдстемелік бірлігі — басқарудың құрылымның және ақпараттық базаның құрамының және оның шешілетін міндеттермен өзара байланысының жинағын анықтаудың жүйелік әдісі негізінде;
- АЖ элементтерінің жүйелілігі мен сәйкестігі – ақпараттың айналым формасының, классификаторлардың, ақпараттың айналымын қамтамасыз ететін кодтардың өзара ба Ақпаратты айналымы формаларын сәйкестендіру және құру, оған кіріс және шығыс құжаттарының формаларының йланыстық құрылым құру;



1.6-сурет. Пайдаланушылардың өндірісті ұйымдастыру кезінде пайдаланылатын көп функционалды интегралдық ақпараттық жүйелерде өзара әрекет ету схемасы

- санын сәйкестендіру және қысқарту кіреді;
- Ақпаратты бірнеше рет пайдалану кезінде ақпаратты бір рет енгізуді қамтамасыз ететін деректерді өңдеуді біріктіру.

Басқарудың АЖ пайдаланушыға қажетті ақпаратты ұйымдастыру, өңдеу және жіберудің әдістері мен құралдарының жиынтығы ретінде жобалау ақпараттық ағынның қозғалысын және қажетті деректерді алу әдістерін сипаттамаларын алдын ала зерттеу негізінде ақпараттың құрамын, құрылымын және заңдылығын анықтау әдістерінің жиынын орындау процесі болып табылады.

АЖ-де ақпаратты пайдаланудың маңызды аспекті пайдаланушылардың басқарудың негізгі міндеттерін шешу үшін қажет нақты деректерді жинау, сақтау және тез алудың реттеуші әдістерін пайдалану болып табылады.

Сонымен, АЖ басқарушылық шешімдерді автоматтандыру негізінде құру – бұл басқарылатын объектілер мен процестерді өндірістік шаруашылық қызметін көрсететін ақпараттық ресурстарды пайдалынудың формалары мен әдістерін дайындау болып табылады. Мұндай жүйені тәжірибелік іске асыру әр түрлі аспектілерде нақтылануы мүмкін: ақпараттық ресурстарды сыныптаудың формалары мен әдістері, ауқымдардың және олардың құрамдарының құрылымдық ұйымдастыру принциптері, деректерді сипаттай тілдері

және басқалары.

Ақпараттық ресурстар – бұл кәсіпорынның барлық өндірістік-шаруашылық әрекетін көрсететін және әртүрлі тасымалдағыштарда құжат арқылы жазылған мағыналық жүктемесі бар деректер жиынтығы.

Іс жүзінде ақпараттық ресурстар өз мазмұны бойынша басқару құжаттардың міндеті мен жасақтау әдістері бойынша әртүрлі жиынтықта деректерді өңдеу жүйелерінде, жобалық-конструкторлық құжаттамада, жоспарлы және және есептік құжаттарда, нормативтік, нұсқамалық материалдарда ж.т.б. бекітілген өндірістің нақты процестерін көрсетеді. Бұл кезде ақпараттық ресурстардың сапасы олар беретін өндірістік процестердің (процесс) барабарлығымен, басқару субъектілерінің практикалық іс-әрекетінде қолданылу мүмкіндігімен анықталады.

Ақпараттық ресурстар **қалпына келетін** ресурстарға жатады. Өндіру процесінің өндірістік ресурстардың басқа түрлерімен салыстырғанда маңызды ерекшеліктері бар: ол өндіріс фазаларынан, ақпараттық ресурстарды тарату мен қолданудан тұрады.

Ақпараттық ресурстардың **өндіріс фазасы** басқару нысанының (объект) өндірістік-ақпараттық әрекетінің жағдайын тану процесі болып табылады. Ақпаратты тіркеу, жинау және беру – олардың өндіру процесіндегі бірінші саты. Келес саты – мәліметтерді өңдеу және оларды талдау. Нәтижесінде факторларды қорытындылап, құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды анықтайды.

Ақпараттық ресурстар үшін **тарату фазасы** тән, оның қажеттілігі ақпараттың ерекше қасиетімен байланысты: ол қолданған кезде шығындалмайды, ал ақпаратты дереккөзден пайдаланушыға беру нәтижесінде олардың дереккөзі жойылмайды. Бір мәлімет әртүрлі мәселелерді шешу үшін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Бұл кезде негізгі шектеуге олар өзектілігін сақтайтын уақыт жатады. Осыдан кәсіпорынның бар ақпараттық ресурстарының көлемі олардың өндірісінің ауқымына ғана емес, оларды пайдалану саласының қаншалықты кең екеніне, қанша пайдаланушыға ақпарат жеткізілетініне байланысты.

Ақпараттық ресурстарды пайдалану, әдетте басқару саласында жүзеге асырылады. Оның едәуір маңызды нәтижесіне қабылданатын басқару шешімдері жатады. Әртүрлі құраушы ақпараттық ресурстарға әртүрлі мерзімге өзектілігін сақтау немесе қолдану мерзімі тән екені белгілі. Кәсіпорынды басқару жағдайында болашақта және ағымда басқаруға қажет мәліметтердің қолданылу мерзімі едәуір ұзақ, ал жедел өндірістік ақпараттардың қолданылу мерзімі қысқа болады. Қолдану мерзімі ұзақ мәліметтердің негізгі қормен ұқсастығы көп, ол басқару шешімдерін дайындаудың және қабылдаудың әртүрлі

қызметтік мәселелерінде бірнеше рет қолданылады. Шын мәнінде оларды ақпараттық негізгі қор (мысалы, еңбек сыйымдылығы нормативтері және ТО әрі ТР жүргізу кезіндегі материалдарды жұмсау (шығыны), жолаушылар мен жүктерді жеткізуді орындау нормативтері мен технологиялық тәсілдері) деп атауға болады.

Ақпараттық негізгі қор – бұл ресурстар бір жылдан астам уақытта жартылай жаңартылатын салыстырмалы мезімді тұрақты мәліметтерді көрсетеді.

Осы сияқты аз уақыт аралығында қолданылатын мәліметтер мен деректерді (мысалы, тоқсан, бір айдан көп емес) **айналымдағы ақпараттық қор** ретінде қарастыруға болады. Оларға тоқсандық және айлық жоспар туралы ақпарат, есептік ақпарат, жиынтық талдау тоқсаны және жылдық ақпарат және т.б.) кіреді. Әдетте, айналымдағы ақпараттық қор – бұл мәліметтерді өзгерту (түрлендіру) нәтижесінде алынатын туынды ақпарат.

Алайда ұзақ уақыт сақтаған кезде және қолданғанда ақпараттық ресурстар ескіріп кетеді, сондықтан оларды жаңартып отыру керек. Оның мерзімі негізгі өндіріс қызметінің жағдайы мен параметрлері арқылы анықталады.

Әртүрлі өндірістік және басқару жүйелерінің жобасын жасаған кезде және қызметінде олардың ақпараттық негізгі әрі айналымдағы қоры оларды материалдық ресурстармен (шикізат, энергия және т.б.) қамтамасыз етумен қатар қарастырылуы керек. Ақпараттық қор неғұрлым жақсы қолданылса, өндірістік процес барысы туралы мәліметтердегі белгісіздік соғұрлым аз болады, кәсіпорынның өндірістік ресурстарын тиімді қолдану мүмкіндігі соғұрлым көп болады.

Ақпараттық ресурстарды жасау, сақтау және қолданы құны жеткілікті түрде жоғары және жалпы басқару бағасына қосылады. Сондықтан оларды қолдану тиімділігі кәсіпорында өндіріс процесін басқару екіжақтылығына себепші болады. Басқару сапасы неғұрлым жоғары болса, ақпараттық ресурстар соғұрлым тиімді қолданылады. Әсіресе негізгі ақпараттық қордың құны жоғары, себебі ВТ жағдайында оларды жасауға едәуір мөлшерде қаржы және уақыт кетеді.

1.4. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Басқару еңбегінің дифференциация және интеграция процесіне шешу қажет басқару міндеттерінің ауқымы мен жылдық күрделілігі елеулі әсер етеді. Бұл мазмұны алуан түрлі мен көлемі өте маңызды

ақпараттар ағынының шешіміне байланысты. Осылай заманауи бірлестіктерді жедел басқару процесінде ғана бірнеше мыңдаған көрсеткіштері, жүздеген мың еңбек және материалдық нормативтері бар ақпараттар өңделеді. Бұл ақпарат бірнеше мыңдаған құжаттар аққылы беріледі.

Адам басқару жүйесінің бірден-бір элементі болып тұрғанда көрсетілген мақсат басқарушы жұмысшылар санын арттыру және олардың едәуір тар қызметке мамандануы есебінен қол жеткізілді. Дифференциацияланған сайын (саралап жіктелген) күрделене түсті. Бұл ақпараттық сұраныс режимінде орындалатын ақпаратқа қажетсіну бөлігіне себепші болды. Қажет емес бастапқы деректерге және міндеттерді аз күш жұмсап шешу әдістерін таңдау, әрбір пайдаланушы жасайтын аз ақпараттық бөлімшелердің туындауына апарып соқты. Сондықтан ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу процестерінде мәліметтерді бірнеше рет көшіруге тура келді.

Қазіргі кезде басқару жүйесін объективті жетілдіру, оперативтік басқарудан стратегиялық басқаруға назар аудару қажеттігі туды. Ол сызба түрінде «ауырлық күшін» АТ-шешім саласындағы ақпараттық пирамида шыңына ауыстыру түрінде көрсетілуі мүмкін (1.7-сурет). Басқару жүйесін интеграциялау мәселесі бірінші жоспарға қойылды. Міндеті – басқару нысанының жағдайындағы немесе басқарушы шешімдердегі кез келген өзгерісті тіркеу, ал ол туралы ақпаратты осыған ұқсас өзгерістер бойынша шешім қабылдап, әрекет жасайтын адамдарға жедел жеткізу.

АЖ (ИС) пайдаланушыларын топтастырудың мүмкін нұсқалары бар. Бір жағдайда оларға кәсіпорынның (мекеменің не ұйымның) барлық қызметкерлері, екінші жағдайда сәйкес бөлімшелердің басшылары, үшінші жағдайда кейбір бөлімшелердің барлық қызметкерлері жатады.



1.7-сурет. Басқару жүйесінің әртүрлі деңгейлеріндегі пайдаланушылардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі

Пайдаланушыларды топтаудың көрсетілген жолы практикада қолданылады, алайда ол қанағаттандыратын нәтиже бермейді. Пайдаланушылар ортасын айқындау кезінде нақты қызметкерлердің басқарушылық шешімдер қабылдауда қатысу деңгейін, яғни басқару міндеттерін іске асыру процесінде олардың ақпараттық қажеттілігінің көлемін өлшемшарт деп есептеу мақсатқа сай.

Әдетте АЖ құрылымы мен құрамы кәсіпорында қабылданған басқаруды ұйымдастыру әдістеріне, оның басқару аппаратының құрылымына байланысты. Соңғысы пайдаланушылар тобының құрамын, олардың басқарушылық шешімдерді қабылдауда қатысуын және оларды іске асыру үшін жауапкершілігін айқындайды. Пайдаланушылар ретінде АЖ тікелей қатысы бар жұмыскерлер айқындалуы мүмкін: программисттер мен системотехниктер, әзірлеушілер, тікелей басқарушылық шешімдерін қабылдайтын жұмыскерлер, олардың еңбегін автоматтандыру үшін соңғы пайдаланушылар ретінде АЖ жобаланады.

ААЖ-дағы **«пайдаланушы»** терміні ақпарат келіп түсетін немесе жіберілетін кез-келген бөлініс, не өндіріс процесін жоспарлау бойынша жұмыстың жұмыс істеп тұруы, олардың барысын есепке алу және талдау, сондай-ақ жол берілмейтін ауытқулар туындаған кезде оларды реттеу үшін жауапты нақты адам.

Әрине басқарушылық шешімдерді қабылдаудың әртүрлі деңгейінде әртүрлі ақпарат қажет (көлемі, ұсталуы және пішіні бойынша). Яғни, пайдаланушылар дәрежесіне байланысты тиісті ПАҚ айқындалады. Осыған байланысты талдау және ақпараттық қажеттілікті таңдау мәселесі АЖ және жалпы ААЖ жобалау кезінде бастылардың бірі болып табылады.

Толық көлемде ПАҚ айқындау шынайылығынан жинаудың техникалық құралдарын, деректерді тіркеуді, оларды түрлендіру және пайдалы ақпарат алудың технологиялық процестерін, оны пайдалану әдістері мен мерзімдерін, математикалық аппаратты және автоматтандырылған АЖ (ААЖ) БҚЕ таңдау да толық тәуелді болады.

АЖ және ААЖ жобалау кезінде жалпы елеулі әдістемелік жаңылысқа жол бермеу керек, онда ақпарат ағымын зерттеу, деректердің қажетті көлемін айқындау кәсіпорында құжат айналымын және қолданыстағы құжаттар құрамын зерттеуге негізделеді. Бұл процестер көп уақыт алады, көп еңбекті қажет етеді және жиі қалаулы нәтижеге жетпейді.

Мұндай зерттеулерді жүргізу мүмкіндігін жасырмай АЖ жобалау және құрудың тиімді әдістемесі ең алдымен нақты пайдаланушының басқарушылық шешім қабылдауы кезінде оның рөлі, жауапкершілігі және қызметі сияқты факторларды

бақылауға негізделеді. Ол осы функцияларды іске асыру үшін ПАҚ анықтауға, қажетті ақпарат ағымын және оларды айқындайтын құжаттарлы регламенттеуге мүмкіндік береді. ПАҚ құжатқа емес, құжаттан ПАҚ – автоматтандыру объектісін жоба алды зерттеу сатысында басқарушылық жұмыстарын бірінші кезекте өткізуді жобалап түсінетін прагматикалық тәсіл.

Ақпарат қажеттілігін айқындау әртүрлі әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін:

- жалпы жүйе мақсаты мен функциясын талдай отырып басқарудың объективті ақпараттық қажеттіліктерін айқындау, бұл ретте сыртқы ортаны және зерттелетін жүйе осы ортада алып отырған сыртқы ортасы мен жерін зерттеуге аса назара аудару қажет;
- АЖ жобалайтын негізгі пайдаланушылардың пікірі бойынша онда шешілуі тиіс міндеттерді, сондай-ақ олар жүйеден алғылары келетін ақпараттық қызметтерді анықтау.

Бірінші әдіс дерексіз және нобайлы, екінші – субъективті, яғни көбінесе пайдаланушының дағдысына, біліміне және интуициясына байланысты. Жетекші қызметкерлерден, мамандардан және орындаушылардан сұрақ-жауап ала отырып, бизнес процестерді реинжинирингтеу барысында өткізілетін басқару міндеттерін талдау ПАҚ және ААЖ басты сипаттамаларын: оны құрылымын, құрамын, сондай-ақ деректерді түрлендіру рәсімін айқындау негізі болуы тиіс.

1.5.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰРЫЛУЫ

Барлық басқару жүйесіне тән автоматтандыруға жататын кейбір негізгі функцияларды толық қарап шығайық.

Жоспарлау функциясы, басқарудың тән функциясы бола тұра бірқатар нақты міндеттерді шешеді. Олардың біріншісі — ол оқиғаны болжау. **Болжау** барлық болжанатын кезеңде әр түрлі жағдайда оның іс-әрекеті бақыланатын жүйе үлгісі құрылған жағдайда алдына қойылған міндетті орындай алады. Осыдан жоспарлаудың екінші міндеті туындайды — ол болатын жүйе мен ситуацияны модельдеу.

Модельдеу эксперимент жасауға, болашақ жүйенің іс-

әрекетін бақылауға, оның ортамен өзара іс-қимыл жасауын талдауға, тиісті қорытынды жасауға және осы негізде ғылыми негізделген болжаулар жасауға мүмкіндік береді.

Жоспарлау шешетін келесі міндет, — жүйені жаңа күйге ауыстыру процестерін *бағдарламалау*.

Жүйеде болып жатқан процестер берілген бағдарлама аясында болған кезде ғана ол ұзақ жұмыс істейді. Алайда жүйеде үздіксіз әртүрлі бағытта жұмыс істейтін әртүрлі процестер жүріп жататындықтан, ал алғашында элементтер арасында орнатылған байланыстар өзгеріссіз қалмайтындықтан тек жекелеген процестер ғана емес бүкіл жүйе кейбір жағдайларда берілген параметрлерді орындамауы мүмкін. Ондай жағдай болмас үшін бақылау және реттеу функциялары іске қосылады. Жүйеде жұмыс істейтін осы функциялар арқылы процестер бағдарлама жүйесі үшін белгіленген шектен шықпайды.

Бақылау-реттеу функциялары үздіксіз сипатқа ие. Бұл үздіксізді қамтамасыз ету үшін кейінгі бағдарламаларды әзірлеу үшін база керек, ал ол басқарылатын жүйе әрекетінің қорытындысын есепке алу қажеттігіне байланысты. Басқару үздіксіз жанаратын процесс ретінде есепке алу функциясы қалыпты жұмыс істеуі кезінде ғана мүмкін.

Бақылау-реттеу функцияларына карағанда *есепке алу функциясы* дискретті, бағдарламаның немесе нақты тапсырманың орындалуы аяқталған кезде басқарушылық циклінің әрекет ету қорытындысы бойынша ғана жүзеге асырылады. Кезекті басқарушылық циклін бастау үшін орындалған бағдарламаның немесе міндеттің соңғы нәтижесін талдау қажет, яғни бұл сәтте алдыңға жоспарға жаңа басқару функциясы - *талдау функциясы* шығады.

Осылайша басқару функциясы құрамын және мазмұнын айқындау негізін қалайтын және кейіннен басқару жүйесін автоматтандыра отырып жетілдіру бойынша жұмыстың едәуір күрделі сатысы болып табылады.

Автокөлікпен тасымалдауды орындау кезінде басқару жүйесінде жоспарлау, бақылау және реттеу сияқты мұндай функциялардың белсенділігі жоғары. Одан басқа жүйе ерекшелігін ескеру қажет, екі негізгі қызмет — техникалық және пайдалану — бөлек жұмыс істейді: біріншісі АЖ жоғары техникалық даярлығын қамтамасыз етуге арналған, екіншісі – оны жоғары өнімді пайдалануға арналған. Барлық басқа қызметтер осы мақсатқа жетуге ықпал етулері тиіс. Бұл ретте барлық қызметтерде басқару процесінің дамытудың жалпы бағыттары мен принциптері біртұтас болуы тиіс.

Осылайша басқарушылық процесі кезінде функционалдык белгілері бойынша бір біріне ұқсамайтын жекелеген функционалды кіші жүйелер тығыз өзара жұмыс істеуге мәжбүр, бір кіші жүйенің шығуы екіншісінің кіруі болып табылады, онда нәтижесінде уақытта басқару процесінің бірлігі және үздіксіздігі қамтамасыз етіледі.

Әрбір осындай кіші жүйе үшін басқару объектісін ескере отырып сыртқы және ішкі өндірістік байланыстар, сыртқы кіру және шығу орны, өз міндетері, жоспарлаудың, бақылаудың және реттеудің өз әдістері тән. Осы функционалдык кіші жүйелердің бастысы жеткізу процесін (жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды басқару) ұйымдастыру және техникалық қызмет (АЖ ТҚК және ТЖ басқару) болып табылады.

Көрсетілген пайдаланушыларға арналған ақпараттың көп бөлігі нақты мерзімде регламент бойынша берілуі тиіс. «Регламентті ақпарат» дегеніміз пайдаланушы уақытта үйлесетін басқарушылық шешім қабылдау үшін берген ақпарат. Практикада мұндай ақпаратты беру деректерді өңдеу және пайдаланудың күнтізбелік кестесінде көзделеді. Регламентті ақпарат тіркелген құжаттаманың типтік мазмұны болады және нақты мерзімде құрылады. Машиналы құжат түрінде не ДБ жолдарын толтыру арқылы пайдаланушыға берілетін регламентті ақпаратты қалыптастыру кезінде оларды дайындау мерзімін айқындау қиынға соқпайды (олар алдын ала өндіріс шартымен айқындалған). Өндірістік процесте туындайтын ауытқулар кезінде ақпарат ұсынудың уақытша параметрлерін бөліп шығару қиын. Бұл жағдайда қызметкердің дағдысы, интуициясы және біліктілігі, олардың қажетті ақпараттың қажетті сандық және сапалық сипаттамаларын нақты айқындай алуы үлкен мәнге ие болады.

Өндірістік жүйеде жиі туындайтын ауытқуларды жою үшін басқарушылық шешім стандартты деп айқындалады және АЖ стандартты шешімдері кітапханасында жиналуы мүмкін. Мұндай шешімдерге жабдық істен шыққан кезде, жұмыс кестесі бұзылған, БЖ шығару санын немесе мерзімін өзгерту қажеттілігі кезіндегі пайдаланушының іс-әрекеті жатады.

Пайдаланушының ақпараттық қажеттіліктері тасымалдауды жоспарлаудың және ұйымдастырудың ақпараттық жүйесінде ақпарат жинағы түрінде болады, ол жеткізу процесін орындаудың барлық сатысында объектіні (оның ішінде механизмді) реттеу үшін пайдаланушыға қажет.

Мысалы диспетчердің ПАҚ (тиісті деңгей пайдаланушысы) функционалды аспекті мынадай ақпараттан тұруы тиіс:

■ **Жоспарлау облысында:**

Жүргізушілерге тәуліктік ауысым тапсырмаларын құру үшін сандық қана емес АЖ типажын ескере отырып, көлік құралдарына тапсырыс беру жоспары (келесі күнге, он күнге, айға) туралы ақпарат; дұрыс жұмыс істеп тұрған АЖ қамтамасыз етілуі, әрбір автомобиль бойынша жоспарлы жөндеу басы мен аяғы мерзімдері туралы ақпарат; жүргізушілердің жұмысқа шығу кестесі (ауысым бойынша);

■ **бақылау және жедел есепке алу облысында:**

өткен тәуліктегі (ауысымда) орындалған ауыспалы-тәуліктік тапсырмалар туралы, АЖ бос тұру және оның себебі туралы деректер; тасымалдауға орындалған тапсырыстар бойынша болатын ауытқулар туралы деректер.

Ақпараттың бір бөлігін диспетчер регалментті режимде АЖ-дан және құжат түрінде алуы тиіс (шығу графигі, клиенттер тізімі және тапсырыстарды орынлау мерзімдері). Басқа қажетті ақпаратты диспетчер қажетті уақытта сұрау салу түрінде немесе шынайы уақыт режимінде тікелей диалог арқылы ала алады.

Көрсетілген ақпарат көлемін алып, диспетчер мынандай мүмкіндікке ие болады:

- жедел қайта есептеу мүмкіндігімен тәулікке ауыспалы-тәуліктік тапсырмаларды қалыптастыру бойынша шешімдер қабылдау;
- жоспардың кез келген ұстанымын орныдауды ауыстыру;
- әрбір жүргізушінің функционалдық міндеттерін нақтылау;
- өндірістік процестің барлық сатысында басқару үшін жаңа құрамы мен құрылымын анықтау;
- ақпарат берудің тиімді нысандарын тиімді жобалау;
- АЖ-да деректерді өңдеу және қорытынды ақпарат алу

мерзімін анықтау.

Бұл іс-әрекеттер тасымалдау процесін *реттеу функциясына* жатады.

АЖ барлық пайдаланушыларының ПАҚ құрамы осыған ұқсас нақтыланады. Ақпараттық қажеттіліктерді анықтаудың мұндай жолы басқарушылық қызметте қайталауды болдырмауға мүмкіндік береді.

АЖ, оның ішінде автомобиль көлігінде жұмыс істейтін АЖ-ның жұмыс істеу тиімділігін төмендететін ең тән кемшіліктері:

- Өртүрлі деңгей пайдаланушылары (мысалы, кәсіпорынның басқару жұмыскерлері) шешім қабылдау үшін қажетті көлемнен көп ақпарат алады;
- Нақты және агрегатталған ақпарат ұсыну мекенжайы және мерзімі бойынша нақты регламенттелу жоқ;
- Басқарудың барлық деңгейінің ПАҚ зерттелмеген және айқындалмаған (оларға берілетін ақпарат түрлері мен көлемі);
- Пайдаланушылар жұмыс істейтін АЖ мүмкіндіктерін нақты ұсынбайды және оларға қажетті ақпаратты қалыптастырудың эвристикалық әдісін қолданады;
- АЖ пайдаланушымен тиісінше байланыс жоқ.

Мультиүлттық корпорацияларға операциялар мен қызметті талдауды шынайы уақыт (on-line) режимінде өткізуге мүмкіндік берген АТ саласындағы прогресс, бизнесті басқару әдістемесін түсіну және қалыптастыруды және тиісті құрал әзірлеуді қажет етті. Мысалы басқару практикасы және теориясынан жеткізу тізімін басқаруға (Supply Chain Management — SCM) немесе логистикалық тізімді басқаруға ауысу. Басқарудың осы режимін қолдау сауда және холдинг құрылымдарын автоматтандыруға арналған БҚЕ үшін міндетті талап болды. Көптеген жағдайларда алыс қоймаларда жұмыс орындарын автоматтандыруды, тапсырысты дистанционды қалыптастыруды және жеткізу процесін мониторинглеуді қамтамасыз ету үшін «жұқа» клиент технологиясын пайдаланады. Бұл ретте SCM тұжырымдамасын іске асыру және тиісті АЖ

енгізу егер жеткізушілермен, дистрибьюторлармен және логистикаға жұмыспен кететін шығындар өнімнің өз құнының байқалатын үлесін құрса мақсатқа сай. Тасымалдауларды автоматты ақпараттық қызметкөрсету облысындағы толық шешімдер келесі бөлімдерде қаралатын болады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. «Жүйе» сөзіне анықтама беріңіз және жүйенің төрт негізгі қасиетін атаңыз.
2. Элементтерді қосқан жағдайда АБЖ ұйымдасқан күрделілігінің өзгергенін сипаттаңыз (нақты мысалмен), ұйымдасқан күрделілікті ұлғайтқан кезде жүйеге қандай жаңа байланыстар енгізілетінін көрсетіңіз.
3. Әр бір сөзін ашық айтып «АБЖ» аббревиатурасын ашып айтыңыз.
4. Автоматтандырылатын қызмет саласына байланысты АБЖ сараланатын белгілерін келтіріңіз және жүйенің жиі қолданатын аббревиатураларын ашып айтыңыз.
5. Басқарудың ақпараттық технологиялары дамуының негізгі процестері АБЖ енгізу тиімділігіне қалай ықпал етеді?
6. Жаңа ақпараттық технологияларды қолана отырып АБЖ не тән? АИТУ анықтамасын айтыңыз.
7. АБЖ-да пайдалану тұрғысынан «ақпарат», «деректер» және «білім» терминдерінің айырмашылықтарын көрсетіңіз.
8. Шешімдер әзірлеу және қабылдау үшін АБЖ пайдалану тұрғысынан білімнің негізгі қасиеттерін атаңыз.
9. АБЖ-да пайдалану тұрғысынан білімнің үш түрін сипаттау бойынша үзінді беріңіз.
10. Ақпаратты бағалаудағы негізгі өлшемшарттарды атаңыз, олардың басқарушылық шешім сапасына ықпалын түсіндіріңіз.
11. Пайдаланылатын әдістердің, оны құру құралдарының, құрамы мен құрылымының, сондай-ақ оның жұмыс істеу жағдайының жиынтығына байланысты «ақпараттық жүйе» түсінігінің қандай тұжырымдамасы келтіріледі?

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҚҰРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. БАСҚАРУ ОБЪЕКТИСІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Тасымалдау процесін тиімді ұйымдастыру және басқару үшін тасымалдау процесінің барысы туралы ақпаратты уақытылы алу және өңдеу қажет: тасымалданған жүк көлемі (жолаушылар саны), ЖҚ бірлігінің жүріп өткен жолы, ЖЖМ және қосалқы бөлшектердің шығыны туралы, сондай-ақ нақты уақыт режимінде жоспарлы тапсырмаларды орындаудың жоспарланған уақытынан ауытқуын белгілеу.

Басқару объектілерінің моделін олардың уақыттық өзара байланысында құру және зерттеуде тасымал процесінің үш негізгі іріленген кезеңдерін бөліп шығару жөн: *бастапқы, ортаңғы және қорытынды*.

Жүйенің кіріс блогі (2.1-сурет) мәні бойынша тасымалдауды ұйымдастыру процесінің бастапқы кезеңін білдіреді. Тасымалдауды жүргізу процесі тікелей ортаңғы кезеңі болады, яғни нақты тасымалдау процесін бейнелейді. Шығыс блогі тасымалдау процесінің қорытынды кезеңін білдіреді.

Басқару жүйесінің бар моделі жобалаудың тұжырымдамалық деңгейінде АБЖ дайындау негізі болып табылады. Басқару объектісі кәсіпорын болған жағдайда (соның ішінде автокөліктік), АҚБЖ жобасының тұжырымдамалық дайындығы туралы айтуға болады. Басқару жүйесінің моделін әзірлеу деректерді өңдеудің

қолданыстағы жүйелерін егжей-тегжейлі зерттеумен және қаралатын кәсіпорынның басқару топтарының арасында ақпараттық алмасу рәсімдерін кейін нысандандырылған түрде сипаттаумен кәсіпорын қызметтерінің өзара әрекет ету процестерін зерделеуге және диагностикалық талдауға келтіріледі.




2.1-сурет. Уақыттық өзара байланыстағы басқару объектісінің моделі

Диагностикалық талдау — бұл өндіріс пен басқаруды дамытудың жалпы тенденцияларын анықтау, тұрпатты міндеттер мен модульдердің сипаттамаларын зерттеу мен талдау, кәсіпорынды басқару жүйесін арттыру бойынша талаптар мен шараларды дайындау мақсатында жүргізілетін зерттеулер кешені. Нақты ұйымдастырушы – өндірістік жүйені толық талдаудың негізгі мақсаты шешім қабылдау алгоритмдер сипаттамасын зерттеу, деректер және құжат айналымын өңдеу болып табылады. Ұйымдастырушы – өндірістік жүйе туралы мәліметтердің бірінші кезеңдегі дереккөзі – құжаттар - ұйым және оның бөлімшелерінің міндеттері, құқықтары мен нұсқаулықтары туралы ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар, берілген

есептердегі бұрын жүргізілген тексеріс суреттері, басқа да құжаттар, сонымен қатар, мамандардың пікірін жинау және жүйе техниктарының ағымдағы іс – әрекет процесін тікелей бақылауы болады.

Көрсетілген дереккөздердің қайсыбірі бөлектеніп ұйымдастырушы – өндірістік жүйенің жұмысы туралы қажетті толық және сенімді мәлімет қамтамасыз ете алмайды, өйткені салыстыра келсек құжаттар тез ескіреді, ал мамандар әдейі емес, алайда кейде әдейі істің нақты жағдайын бұрып жіберуі мүмкін. Зерттеудің барлық кезеңдерінде түрлі дереккөздерден алған мәліметтерді тексеру және салыстыру жұмысы жүргізілуі қажет, алынған мәліметтерді жүйелеу және топтастыру, олардың түсініктерін нысандандыру бұл жұмысты біраз жеңілдетіп, шынайы жағдайды анықтайды.



2.2-сурет. Ақпараттық жүйені жобалау процесінің схемасы

Қолданыстағы басқару жүйесін зерттеу және талдау процесінің негізгі кезеңдері 2.2 суретте берілді.

Бірінші кезең — бар болатын басқару жүйесінің құрылымы, мақсаты және шектеулерін зерттеу (бөлімшелердің сипаты, ұйымның құрылымдық сызбасы, орындаушылардың функциялық

кестесі, ұйым міндеттерінің сипаттамасы, бөлімшелер функциялары мен бөлімшелер ішіндегі және арасындағы ақпараттық ағымды сипаттау, жалпылама құрылымдық – ақпараттық – уақыттық сызба).

Бұл кезеңде ұйымдастырушы – өндірістік жүйенің жалпы сипаттамалары анықталуы қажет: құқықтық жағдайы, оның бөлімшелерге бөлінуі (бөлімдер), басқа ұйымдармен негізгі әрекеттестігі, қызметтегі шектеулер.

Ұйымның сызбасы граф түрінде ұйымның моделін білдіреді, шыңы болып кейбір бөлімшелер немесе басқарушылар болады. Графтың белгілі қабырғалары ұйымның ішіндегі әкімшілік және функционалдық байланысты суреттейді. Құрылымдық сызбаны құрған кезде бірінші әкімшілік байланыстың графы құрылады, басқарудың иерархиялық жүйесі жағдайында жоғардан төмен бағытталған «ағашты» бейнелейтін болады. Содан кейін сызбаға функционалдық байланыстар салынады.

Ұйымның функция кестесі әр жол сызыққа ұйымдастырушы – өндірістік жүйенің функциялары, ал бағанаға – бөлімшелер мен бағынышты құрылымдары жазылған тікбұрышты кесте (матрица) түрінде болады. Матрица элементтері сәйкес өндірістік функциялардың осы функцияны орындауда қатысатын бөлімшелердің қатысын анықтайды (мысалы, «X» белгісі қойылады). Бұл белгінің орнына сәйкес функцияларды немесе жұмысты жүзеге асырған қызметкерлер санын көрсетуге болады. Жүйе туралы нысандандырылған ақпаратты алғаннан және белгілегеннен кейін әр функцияны нақты зерттеуін жүзеге асыру үшін функционалдық бөлімшелерді дәйекті түрде зерттейді.

Бұл бланкілерге бөлімшелердің құрылымдық сызбалары, бөлімшелер функцияларын жүзеге асыру кестелері және негізгі міндеттерді шешу кезеңдерін, олардың реттілігін, олардың құрылымдық қосымшалар мен уақыт бойынша қозғалысын көрнекті түрде көрсетуге қызмет ететін жалпыланған құрылымдық – ақпараттық – уақыттық сызба ұсынылады. Сызбада көлденеңнен қарастырылған міндетті шешуінің жалпы ұзақтылығына байланысты уақыт масштабы (күн, апта, ай түрінде) жазылады. Тігінен сызба көлденең жолақ қатарларына бөлінеді, әр жолақ ұйымға немесе құрылымдық бөлімшелерге сәйкес белгіленеді. Алынған торға шартты белгілерді пайдалана отырып, сызбаны пайдалануды жеңілдететін және ішінде құжат, ақпараттық массивтердің шифрларын және басқа элементтерді суреттеуге болатын, міндеттерді шешу кезеңдері мен ақпарат қозғалысын салады. Операция немесе алгоритм білдіретін тікбұрышта алгоритмнің немесе шешілуші міндеттің қысқа атауы беріледі. Ақпарат қозғалысын сызбада сәйкес белгілеулерді қосатын тура жолақтармен белгілейді

Сызбада қосымша (дайындаушының қарауы бойынша) қажетті сандық сипаттамалар берілуі болады. Мысалы, құжаттарды тапсыруды белгілейтін жолақтарда бөлшек алымы әріптік – цифрлық белгілерде немесе құжат санында білдірілген берілетін ақпараттың ортаңғы көлемін, ал бөлшектің бөлімі – берудің ортаңғы жиілігін білдіретін бөлшек түрінде осы ағымның сандық сипаттамасын жазады. *Екінші кезең* — бар болатын басқару жүйесінде деректерді өңдеудің ақпараттық ағымдары мен алгоритмдерін зерттеу және талдау (құжаттар, массивтер, процедуралар (міндеттер) және процедураларды нақты талдау сызбасын сипаттау және баяндау).

Талдауды орындау үшін осы кезеңде алынған жартылай қорытылған мәлімет келесі бланкілерде ұсынылуы тиіс: «Құжаттар»; «Массивтер»; «Процедуралар».

Шешім қабылдау процесіне бағыт алу түрлі деңгейлі ішкі жүйелердің қызмет жүргізуіне қажетті ақпарат ағымының бағыты мен күшін, ір құжаттың арнауын, өзгерту шегіне сәйкес деректер мен оны дайындауға қажетті алгоритмдер, әр құжатты дәйекті пайдалануды бақылауды дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Жобаланған ақпараттық ағымдар бар жүзіндегі ақпараттан елеулі түрде айырмашылығы болады. Бұл ретте ақпаратты қалыптастыру, беру және өңдеу процесі аталған процестің операцияның тұтас кешені логикалық бөлінбейтін аяқталған бөлімін білдіретін қарапайым операциялар қатарына бөлінеді. Қарапайым операция оны орындаудың құралы мен тәсілдерімен сипатталады және сызба бетінде бөлек тікбұрыштармен белгіленеді. Уақыт желісінде және кеңістіктегі операциялар реттілігі қарапайым операцияларды қосатын нұсқалармен көрсетіледі. Желісіз жүретін операциялар үзінді сызықты нұсқалармен қосылады.

Операцияны белгілейтін әр тікбұрыш бес бөлшекке бөлінеді. Оларда көрсетіледі:

- аталған операцияны орындаушы немесе оның орындалуы үшін жауапты тұлғаның лауазымы;
- оны орындау барысында пайдаланылатын техникалық құралдар;
- мәнді мазмұнын жеткілікті түрде толық және бір мағыналы анықтайтын операциялар атаулары;
- операция басының орташа уақыты және максималды одан ауытқуы;
- операция орындалуының ортаңғы және максималды созымдылығы.

Осындай сызба көмегімен операция кешенінің орындау процесінің әр түрлі сандық сипаттамасын және ақпарат

қозғалысындағы қайталау жолдары мен айналымдарын анықтаушы түрлі дереккөздерден алған мәліметтердің қарама – қайшылығын анықтау жеңілденеді. Сонымен қатар, қорытынды сандық сипаттамалар есептелінеді.

Кәсіпорынның бар басқару жүйесін зерттеу және талдау процесін автоматтандыру деректерді өңдеу процесінің формалды моделін пайдалану қажеттілігін шарттайды. Осы уақытта осындай моделдер ретінде ұйымдастырушы – өндірістік жүйелерде деректерді өңдеу жүйесін зерттеу сипаттамасын формалды талдау мен анықтауды қамтамасыз ететін матрицалық және кескінді моделдер жиынтығы кең түрде пайдаланылады.

АЖ жобалау әдіснамасын зерттеу және оларды құру тәжірибесі жұмысты жүзеге асыру тәсілдерін таңдау мүмкіндігін береді, іріленген түрде 2.2. суретінде ұсынылған – *үшіншіден жетінші* кезеңге дейін.

Соңғы есебінде АЖ құрамы мен құрылымы негізделеді:

- өндірістік процесінің өлшемдерімен;
- кәсіпорын басқарудың ұйымдастыру құрылымымен;
- ВТ құралдарымен қамтылуымен.

Толығымен бұл шарттар келесіні жүзеге асыру мүмкіндік беретін көпдеңгейлі АКБЖ жобалау барысында орындалады:

- жалпы жүйенің немесе оның бөлек элементтері алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді келістіру;
- түрлі деңгейлі міндеттер арасында өзара байланысты ұйымдастыру;
- басқару жүйесінің өзінің оңтайлы құрылымын қалыптастыру;
- басқарудың негізгі функцияларын бір – біріне кіріктіру есебінде ақпаратты технологиялық өңдеу процесін таңдау және жобалау.

2.2. АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮРПАТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Көптеген АБЖ құрамында, ал АКБЖ үшін бұл міндетті, функционалдық және қамтамасыз етуші бөлімдерін айыру қабылданған (2.3-суреті).

Функционалдық бөлім автоматтандыру объектісін басқарудың негізгі функцияларын орындаушы ішкі жүйелерге бөлінеді (мысалы, АКК).


Қамтамасыз етуші бөлігі өз ерекшелігіне сәйкес

біріктірілген және АБЖ барлық функционалдык ішкі жүйелерде міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін әдістер кешені болып табылады.

Жалпыланған вариантта АБЖ жүйе ретінде құру және жүргізу өзара әрекеттестіктегі элементтер жиынтығы түрінде білдіруге болады:

- автоматтандыру құралдар кешені (АҚК);
- ұйымдастырушылық – әдістемелік және техникалық құжаттар;
- өз кәсіби іс – әрекетінде АБЖ функционалдык мүмкіндігін қолданатын мамандар (пайдаланушылар).

Автоматтандыру құралдарының кешені — арнайы өндірістік – техникалық өнім ретінде дайындалған және ұсынылған бағдарламалық, техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету компоненттерінің өзара келісілген жиынтығы.



2.3-сурет. Автоматтандырылған басқару жүйесінің қосымша жүйелері.

Бағдарламалық қамтамасыз ету — АБЖ талапты қызмет етуін жүзеге асырушы жүйелі және қосымша бағдарламалар жиынтығы.

Ақпараттық қамтамасыз ету — жүйеде қабылданған базалық сипаттамаларының сөздігін (жіктеуіштер, тұрпатты модельдер, автоматтандыру элементтері және т.б.) сипаттайтын және автоматтандыру объектісінің оның **тіршілік кезеңінің** (ТК) барлық кезеңдерінде ақпараттық моделінің жай-күйі туралы

деректерді өзектендірілетін, жүйелі бағдарланған деректердің жиынтығы.

Техникалық қамтамасыз ету — ақпаратты алуда басқару әсерін жүзеге асыру құралдары, алу құралдары, енгізу, көрсету, деректерді тапсыру және пайдалану құралдарының жиынтығы.

Математикалық қамтамасыз ету — жүйенің қызмет ету барысында пайдаланылатын математикалық әдістер, моделдер және ақпаратты өңдеу алгоритмдері жиынтығы.

Лингвистикалық қамтамасыз ету — табиғи тілді нысандандыру, жүйеде АҚК – мен әрекеттестікте пайдаланушы үшін қажетті ақпараттық бірліктерді құру және үйлестіру жиынтығы.

Ұйымдастырушылық – әдістемелік қамтамасыз ету — нақты автоматтандыру қызметтерін орындау үшін қажетті объектінің ұйымдастырушы құрылымын және автоматтандыру жүйесін анықтайтын құжаттар жиынтығы; АБЖ қызмет көрсету жағдайында іс – әрекетті, сонымен қатар, іс – әрекет нәтижесін ұсыну формаларын білдіретін құжаттар жиынтығы.

Құқықтық қамтамасыз ету — АБЖ қызмет ету жағдайында құқықтық қатынасты және қызмет ету нәтижесінде заңды статусты регламенттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Эргономикалық қамтамасыз ету — оператор адамның психологиялық, психофизиологиялық, антропометриялық, физиологиялық сипаттамалар мен мүмкіндіктерін, АҚК-ның техникалық сипаттамаларын, жұмыс орнында жұмыс ортада параметрлердің өзара байланысқан талаптар жиынтығы. АБЖ – нің ішкі құрылымы тұрақты байланыстарды – олардың элементтері арасындағы желілер мен каналдарды (2.1 кесте) бейнелейтін құрылымдар көмегімен сипатталады.

АБЖ құру нәтижесі кейбір ішкі жүйелерді енгізу басқарудың ұйымдастыру құрылымын алдын ала жетілдірусіз күтілетін нәтижеге қол жеткізбейді.

2.1-кестесі. Автоматтандырылған басқару жүйесінің ішкі құрылымын бейнелейтін құрылымдар тізбесі

Құрылымдар түрі	Элементтер	Элементтердің арасындағы байланыс
Функционалдық	Функциялар, міндеттер, рәсімдер	Ақпараттық
Техникалық	Құрылғы, құрауыштар және кешендер	Сызықтар мен байланыс арналары
Ұйымдастырушылық	Адамдар ұжымы және жеке орындаушылар	Ақпараттық, қосалқы бағынышты және өзара әрекеттестік
Құжаттық	Жүйенің бөлінбейтін құрамдық бөліктері мен құжаттары	Өзара әрекеттестік
Алгоритмдік	Алгоритмдер	Ақпараттық
Бағдарламалық	Бағдарламалық модульдер және бұйымдар	Басқарушы
Ақпараттық	Жүйелі түрде ақпараттың болуы және ұсынылуы нысандары	Жүйелі түрде ақпараттың өңделу операциялары

Бұл маңызды мәселені шешуге дәйекті тұрғыдан қарауды тыс қалдыру сапасыз жабдықталған дайындыққа және АБЖ мерзімділігін бұзуға, соның ішінде бөлімшелердің автокөліктік басқарудың барлық деңгейлерінде, әкеледі.

Бұдан академик В. М. Глушковпен жасақталған маңызды қағидаларының тағы біреуі - АҚБЖ құрудың *кезеңділігі қағидасы* (сатылығы) шығады. АҚБЖ жобалаудың және құрудың басқа да негізгі қағидаларына мыналар жатады:

Жаңа міндеттер қағидасы жүйеге жай ғана дәстүрлі түрде кәсіпорында қалыптасқан басқарудың әдістері мен тәсілдерін салу емес, ЕТ пайдалануды қамтамасыз ететін сол жана мүмкіндіктерге сәйкес оларды қайта құру және формалдық экономикалық – математикалық әдістері мен модельдерінде қамтылады. Бұндай бұрын шешілмеген міндеттерді немесе дәстүрлі міндеттерді шешудегі пайдаланбаған әдістерді кәсіпорынның оптималдық қызмет жасауын және дамуын қамтамасыз етеді.

АБЖ енгізу басқаруды автоматтандыру бойынша аяқталған жұмыс ретінде қарастырмау керек. Жүйе *бейімделу* қасиеттеріне ие болуы керек, яғни сыртқы жағдайдың өзгеруіне бейімделу және осыған сәйкес жаңа міндеттерді шешуге қабілетті болуы керек.

Кешенді немесе жүйелі тәсілдің қағидасы АҚБЖ дайындауда тек техникалық емес, сонымен экономикалық, ұйымдастырушылық және т.б. сипатты мәселелер шешуге тура келеді. Олар арасындағы дайындалу жүйесінің түпкі мақсатына жетудегі өзара байланысы және идеологиялық бағыттылығы мен бірегей техникалық құралдарда тәжірибелік жүзеге асыру қабілетін ескеру керек.

Бірінші басшы қағидасы — АҚБЖ дайындау және енгізу АҚБЖ енгізілуші кәсіпорынның бірінші басшысының тікелей қатысуымен және жетекшілігімен жүргізілуі тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, АҚБЖ құруды екінші біреуге тапсыру әрекеті жүйенің кертартпалық міндеттерді шешуге бағытталып, қажетті әсерге жеткізбеуіне апарады.

Бұл ретте АҚБЖ дайындаушылар мен бұл жүйені енгізуші кәсіпорын қызметкерлері арасында тиімді өзара әрекеттестік ұйымдастырылуы қажет.

Жүйенің үзіліссіз дамуының қағидасы АҚБЖ дамуы бойынша шешілетін міндеттердің шеңбері үзіліссіз кеңейуден, әрі жаңа міндеттер әлдеқашан енгізілген міндеттерді ауыстырмаудан тұрады.

Құжат айналымы және бірыңғай ақпараттық базаны автоматтандыру қағидасы деректерді өңдеу процесін автоматтандыру ғана емес, сонымен қатар, шығыс деректерді жинақтау, және шығыс құжаттарды рәсімдеуде қамтылады. Бұл ретте жүйеге деректерді бір рет қана енгізіп, көп рет пайдалануға тырысу қажет.

Модульдігі және тұрпаттылығы қағидасы жүйенің максималды тәуелсіз бөлімдерін немесе модульдерін айқындау мен дайындау және оларды әр түрлі ішкі жүйелерде максималды пайдалануда жинақталады.

Жүйенің жеке бөлімдерінің өткізу қабілеттерінің келісімділік қағидасы АҚБЖ бірізді буындарының өткізу қабілетінің шамаланған теңділігін сақтау талап етіледі, бұл олардың тең мөлшерде пайдалануын және жалпы жүйенің максималды өнімділігін қамтамасыз етеді.

АҚБЖ жобалау процесінде, соның ішінде автомобиль көлігінде осы және басқа да қағидаларды негізіне ала отырып, төрт негізгі ережелерді бөледі:

- функционалдық – ұйымдастырушылық қосымша жүйелерінің кешенділігі;

- қамтамасыз етудің барлық түрлерінің кешенділігі;
- ақпаратты өңдеу, жинақтау және қозғалысын автоматтандыру;
- жүйені әзірлеудің кезеңділігі.

АКБЖ дайындаудың және техникалық жүйесінің салыстырма сипаттамасы 2.2-кестесінде берілген.

Кәсіпорынның автоматтандырылған басқару жүйесі деректерді өңдеудің негізгі кезеңдерін максималды бір – бірімен кіріктіре барлық деңгейдегі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді. Бұндай жүйенің қызмет ету тиімділігі басқарудың әр деңгейіндегі міндеттерді шешуде **ұйымдастырушы, техникалық, ақпараттық және бағдарламалық құндылықтарының** үйлесімділігін сақтаумен қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорынның автоматтандырылған басқару жүйесі ақпаратты жинау, тіркеу және беру, оны өзгерту, қалыптастыру, іріктеу және кәсіпорын басқарушы барлық рангті пайдаланушыларға қажетті ақпаратты беруге арналған.

Бұдан шықсақ АКБЖ жобалау процесі үш өзара шартталған құрылымдық деңгейде қарастыруға болады: базалық, процедуралық, функционалды (2.3 кесте).

Әдістемелік ақпараттық бірлік **базалық деңгейде** қол жеткізеді:

- басқарудың түрлі міндеттерінің үйлесімділігі;
- деректерді өңдеудегі оларды базалық деңгейде енгізудің бір реттілігін және процедуралық пен функционалды деңгейлерде көп рет пайдалану қағидасын кіріктірумен;
- ақпаратты кезекті машиналық өңдеуде технология талаптарын ескеру және ақпаратты сәйкестендірудің түрлі белгілік жүйелерінің өзара байланысын қамтамасыз етумен.

Процедуралық деңгейде анықталған әдістер мүмкіндік береді:

- берілген алгоритмдерді жүзеге асыру процесін оңтайлау және жүйемен қатынаста мүмкіндік бойынша тілдің қарапайымдылығын қамтамасыз ету;
- ДБ логикалық және физикалық ұйымдастыруды біркелкі тәуелсіз орындау, яғни логикалық құрылымның тапсырмасын пайдаланушылардың орындауы, ал физикалық құрылымның – жүйенің өзі орындауын;
- ДБ көрсеткіштері құрылымынан, ЕТ жинақтаған деректері мен ресурстары көлемінен тәуелді емес бағдарламалық ұйымдастыруды іске асыру.

2.2. АКБЖ және техникалық жүйені әзірлеудің салыстырмалы сипаттамасы

Техникалық жүйе	АКБЖ	Жобалау процесіндегі шешімдер
Кең қолдануға арналған	Нақты кәсіпорын үшін жасалған және оның нақты ерекшеліктерін көрсетуі қажет.	Тұрпатты жобалау шешімдерді қолданған кезде, ерекшелігі жобаланатын АКБЖ құрылымына әсер етеді, алайда бұл әзірлеу кезінде тұрпаттау қағидасын кең пайдалануға тосқауыл жасамайды.
Әдетте бірегей ерекшелігі жоқ	Ерекше жүйе болып табылады	Әр АКБЖ сынау, монтаждау, аяқтау жобалық жұмыстарды толық аяқтаудың, бағдарламаларды дұрыстаудың және техникалық құралдарды монтаждау дан кейін ғана мүмкін. Осыған орай, көптеген кемшіліктер, тиімсіз жобалық шешімдер оларды іске енгізу әрекетінде анықталады.
Дайындаудың бастапқы кезеңдеріне салыстырма түрінде аз көңіл бөлінеді	Дайындаудың бастапқы кезеңдеріне үлкен көңіл бөлінеді	АКБЖ жобалаудың бастапқы кезеңдерінің қиындығы автоматтандыруға жататын қосымша жүйелер мен міндеттерді анықтау, оларды шешу алгоритмдерін таңдау, жүйенің деңгейлері мен тораптары бойынша міндеттерді бөлу орындалатын кезде, стратегиялық жобалық шешімдердің анықтамасынан тұрады.
Айтарлықтай өзгеріссіз біраз ұзақ уақыт шығарылады	Жүйенің дамуы оны дайындауда бастапқы кезеңдерінен жоспарланады	АКБЖ ұдайы жоспарлық дамуы түрлі өндірістік міндеттерді шешуге арналған, әр түрлі уақытта енгізілетін қосымша жүйелердің байланыс мәселелерін тиянақты зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар, қосымша жүйелердің тиімді өзара әрекет етуінің негізі жүйені әзірлеудің бастапқы кезеңдерінде салынады.

Шешуші ролді құрал – сайман ойнайды	Шешуші рол адамға беріледі	АКБЖ әзірлеу кезінде, психологиялық, моральдық және материалдық ынталандыру әдістері ж.т.б сияқты, техникалық жүйелерді жобалау кезінде ерекше роль атқармайтын факторларды ескеру қажет.
Жабдықтарға жұмсалған шығындар – негізгі шығыс бабы	Құрал – сайман шығысы – үлкен емес	АКБЖ әзірлеудегі маңызды шығындар тапсырыс берушімен ескерілуге тиіс және бұл көлем болашақта көбеюі мүмкін.

2.3-кестесі. Кәсіпорынды автоматтандырылған басқару жүйесін жобалау деңгейлері

Процесс	Шешім	Жұмыс нәтижесі
Базалық деңгей		
Бастапқы деректердің құрылуы, оларды тіркеу, жинау және беру	Бастапқы деректер қозғалысы сипаттамаларының сипаты	Ақпараттық ағынның сандық бағасы, құжаттардың жүру маршруты, ақпарат көздерінің уақыттық сипаттамалары, оның сапасының сипаттамалары (деректердің қажетті жиынтығын алу әдістерінің өзектілігі, толықтылығы, дәйектілігі)
Рәсімдік деңгей		
Жүйенің базалық деңгейінен түсетін деректер мен хабарламаларды өзгерту	Деректерді жинақтау, сақтау және өңдеу әдістерін анықтау	Ақпаратты сұрыптау және іріктеу функционалдық деңгейде анықталатын оның мақсатына тәуелді жүзеге асырылады. Базалық және рәсімдік деңгейлер арасындағы байланыс тиісті ДБ мен пайдаланылатын АЖК арқылы жүзеге асады.
Функционалдық деңгей		
Функционалдық бөлімшелерге ақпаратты беру	Ақпараттың құрылымы мен құрамын регламенттеу	Барлық деңгейдегі субъектілердің (басқару жүйесінің деңгейлері) ПАТ қанағаттандыру

- пайдаланушылардың көп аспектілі сұраныстарын қанағаттандыру бойынша жүйе жұмысының тиімділігін максималдандыру.

Егер базалық және процедуралық деңгейде ақпараттық процестерді ұйымдастырудың анықтаушы талаптары деректерді көп ретті кешенді өңдеудің жеделділігі болса, онда функционалдық деңгейде – пайдаланылатын ақпараттың көлемін оны пайдаланушылардың арасында айқын бөліп минималдандыру.

Бұл деңгейде ақпараттың құрылымы мен құрамы толығымен пайдаланушылар талабымен, сонымен қатар, түпкі нәтижені қалыптастыру және шығару әдістерімен анықталады.

Барлық деңгейдегі субъектілердің ПАҚ қанағаттандыру **функционалдық деңгейде** мына ақпарат түрлерін алумен қамтамасыз етіледі:

- регламенттік жоспарлы ақпараты (жоспарланған кезеңдегі өндірістік процес объектілерінің параметрлері мен сипаттамалары);
- басқару объектісінің өндірістік іс – әрекетінің негізгі көрсеткіштерін білдіретін регламенттік есепке алу ақпараты;
- өндірістік процесі барысының жоспарланған параметрлері мен уақытша сипаттамалардан ауытқу ақпараты;
- сыртқы және ішкі факторларға бағынышты жағдаят өзгеру барысында басқару шешімін қабылдау үшін ақпараты;
- шынайы масштабта өндірістік процесі жағдайының кейбір элементтерін нақтылау (ақпарат алудың диалогтық тәртiбi).

АКБЖ АЖ ретінде үш деңгейде зерттеу мәні бойынша **объект модельдері** және **басқару процесін** дайындауды білдіреді. Анықтаушы деңгей, яғни деректерді өзгерту реттілігін және қажетті ақпаратты алуды анықтайтын **пайдаланушы деңгейі** болып түсіндірілетін функционалдық деңгей болып табылады.

Керек уақытта және қажетті түрде тиісті ақпаратты алуды айқын регламенттеу АКБЖ құрылымын және оның құрамын базалық деңгейде, сондай-ақ деректерді өзгерту рәсімдерді орындаудың жүйелілігі процедуралық деңгейде анықталады. Басқару технологиясын негіздейтін функционалдық деңгей бүкіл АКБЖ жобалау кезінде анықтаушы болып табылады.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СЫНЫПТАМАСЫ, ОЛАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Жоғарыда айтылғандай, АБЖ жұмысының параметрлері мен ерекшеліктері әр кәсіпорын үшін ерекше болады. Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің тиімді ұйымдастырылуы альтернативті реттеу әсерлері өндірілуінің негізгі факторларының бірі, ол басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бүтіндей дәйектейді.

Бұрын шыққан ғылыми жұмыстарда АЖ төмендегідей түрлері ерекшеленді:

- ақпараттық – іздестіру;
- ақпараттық - анықтамалық;
- ақпараттық - кеңесші;
- деректер қоры.

Аталған топтастыруға негіз ретінде, әдетте, қолданылған әдіс-тәсілдер жиынтықтары, дерек қорларын өңдеудің технологиялық үрдістері, өңделген ақпараттың түрлері мен нысаны, жүйенің функционалды бағыты болды деп айтуға болады.

АЖ өздігімен жұмыс жасайтын түрлерінің тізімін әрі қарай жалғастыра беруге болады, олардың қатарына диалогтық, сұрау салынатын т.б. АЖ түрлерін жатқызуға болады. Бірақ әдістемелік тұрғыдан бұл әдісті дұрыс деп айтуға болмайды. Бір кәсіпорынды басқару шеңберінде көптеген түрлі АЖ өңдеу тура келді. Яғни, бір кәсіпорында әр түрлі АЖ және оның элементтері түрлі тәртіппен туралы айтылып жатыр: ақпараттық-іздестіру, диалогтық, сұрау, нақты уақытта жұмыс жасау әдісі. Деректер қоры ақпараттық қамтамасыздандыру ядросы болып табылады.

Міндеттер жиынтығы, дәстүрлі талдамалы және басқарушы деп аталатын өте кең, сондықтан да, автоматтандыру мәселелерін шешу үшін, дәл осындай кең ауқымды талдау жабдықтар тізімін қолданған жөн. Бұл жабдықтарға төмендегілерді жатқызуға болады:

- ақпараттық-іздестіру жүйелері (АІЖ);
- басқару есептерін дайындау жүйелері (репортинг) және контролинг;
- бизнес қызметті жоспарлау жүйесі (соның ішінде, тиімді менеджмент және бюджеттендіру);
- кәсіби талдаушыларға арналған жүйелер;
- шешім қабылдауды қолдау жүйелері (ШҚҚЖ) – диалогтық ААЖ, олар шешім қабылдау үшін және

деректер қорларымен қажетті жұмыс жасау модельдерін қолдану үшін, сонымен қатар интерактивті компьютерлік үрдістегі жағдайларды модельдеу үшін қолданылады.

АІЖ кейбір ерекшеліктеріне тоқталып кетейік. Қазіргі кезде қабылданған АІЖ бір мағыналы емес, әдетте оны іске асырудың техникалық түрін ашады. АІЖ қолданып белгілеудің түрлі қырларын нақтылап ашатын топтастырылуы ерекше қызығушылық туғызады.

Аталған топтастыру жүзеге асырылды:

- жұмыс жасау тәртібі бойынша (жүйе қолданушылардың ақпараттық қамтамасыз ету әдісі, өңделіп берілуші дерек түрлері);
- ақпараттық үрдістерді автоматтандыру деңгейі бойынша (ақпаратты өңдеу тәртібі);
- ақпараттық-іздістіру тілі бойынша;
- ақпараттық үрдістерді ұйымдастыру тәсілдері бойынша (ақпаратты өңдеу тәртібі), ақпараттық және іздістіру ауқымдары.

АІЖ түрлері бойынша ақпараттық-анықтамалық және анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету етіп бөлуге болады, жұмыс тәртібі бойынша – ақпаратты таңдаулы тарату және ақпаратты іздістірудің өткенді шолатын түрі.

Ақпараттық сілемелерін жинақтау және өңдеу тұрғысынан топтастырылатын жүйелерді 2.4-суретінде көрсетілген сызба ретінде көрсетуге болады.

Мысал ретінде, функционалды ерекшеліктері әр түрлі екі аралас-құралас жүйелерді қарастыруға болады. Бірінші топқа ақпаратты жинастырудың талдамалы түрі – АЖТТ (DSS — Decision Support Systems) жатады, олар негізінен жоғары басқару деңгейінде (кәсіпорындарды, өндірістерді, фирмаларды басқару) қолданылады, басқарудың бұл түрі ұзақ мерзімді стратегиялық мағынаға ие. Бұл мағыналарға, стратегиялық мақсаттарды қою, ресурстарды, қаржыландыру көздерін тартуды жоспарлау, кәсіпорынды орналастыру үшін орын табу т.с.с.жатады.



2.4-сурет. Ақпараттық-ізвестіру жүйелерінің топтастырылуы

Кейде ШҚҚЖ міндеттері тактикалық деңгейде, мысалы, жеткізушілерді таңдау және пайдаланушылармен келісімшарт жасасу кезінде шешіледі. Осындай мәселелерді шешуге ақпараттық жүйелер бағытталған (ААБЖ — MIS (Management Information Systems — ақпараттық басқару жүйелері), аталған жүйелерде тактикалық басқару деңгейі (орта мерзімді жоспарлау, талдау және жұмыстарды ұйымдастыру) қамтамасыз етіледі. Бұл топтағы міндеттерге регламенттілік (периодикалық тексерістер), нәтижелі құжаттар құру және де міндеттерді шешудің нақты белгіленген алгоритмін құру тән.

Ақпараттық – талдау жүйелерін деректерді талдау критері бойынша екі категорияға бөледі:

- **статикалық** ШҚҚЖ, олар *басшының ақпараттық жүйелері* ретінде (БАЖ) — Executive Information Systems (EIS) белгілі және олардың ішінде алдын ала анықталған көптеген сұраныстар болады, бірақ шешім қабылдау барысында бұл сұрақтар күнделікті шолуға жеткілікті болса да, бар деректер қорына қарамастан сұрақтарға жауап бере алмайтын кез де болады;
- **динамикалық** ШҚҚЖ, талдаушылардың деректерге регламенттелмеген (ad hoc) сұраныстарды өндеуге бағытталған.

ШҚҚЖ жоғары деңгейдегі міндеттері тұрақсыз сипатқа ие,

оларға бар ақпараттың жетіспеушілігі, оның қайшылығы, көмескілігі, сапалы бағалардың басымдылығы мен шектелгені, шешім қабылау алгоритмдерінің әлсіз құрылымы тән болады. Жалпылау жабдықтары ретінде әдетте аналитикалық есептерді жасаудың ерікті нысаны қолданылады, статикалық талдау әдіс-тәсілдері, сараптамалық бағалау мен жүйелері, математикалық және еліктеушілік модельдеу қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге, ақпараттың жалпылама қоры, ақпараттық қоймалар, шешім қабылдау туралы ережелері мен моделдері ББ қолданылады.

Шаруашылық операцияларды есепке алу және оперативті реттеу жүйесі құжаттарды өңдеу жүйесі ретінде (Electronic Data Processing — EDP) жайғасады.

Бұл бағдарламаларда стандартқа сәйкес құжаттарды дайындау жүзеге асырылады, сонымен қатар, сыртқы ортаға арналған құжаттар (есептер, жөнелтпе құжаттар, төлем тапсырмалары, жалақы есептеу, статистикалық есептеулер т.б.) да дайындалады. Бұл топтағы жүйелерде ақпаратты енгізу, сұрыптау, түзету функцияларымен қатар, онтайландыру әдістерді қолданусыз математикалық есептерді орындайды, ал міндеттердің өзі итерактивтік, жүйелі сипатты болады.

2.4. АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОСЫМША ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АҚПАРТТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Егер элементтердің көбі белгіленген белгі бойынша бір жүйеге келтірілсе, бұл жүйедегі жиынтықты қосымша жиынтыққа бөлу үшін әрдайым қосымша белгілерді енгізуге болады, осылайша жүйенің құрама бөліктерін – **қосымша жүйелерін** бөліп алуға болады. Өз кезегінде бұл қосымша жүйелер төменгі деңгейлі (дәреже) қосымша жүйелерде т.б. тұруы мүмкін. Бөлінудің бұл түрін *иерархия* (жоғары және кіші лауазымдар, кіші лауазымдағы тұлғалардың жоғары лауазымды тұлғаларға бағыну тәртібі т.с.с.) деп атайды. Бір жүйені қосымша жүйелерге бөлудің әр түрлі әдістері бар, бұл жүйе элементтерін біріктіруде таңдалған ережелерге бағынышты болады.

Тауар өндіретін немесе қызмет көрсететін кәсіпорындарды басқару иерархиялық қағиданы ұстанып жүзеге асырылады.

Жүйені қосымша жүйелерге бөлген кезде, осы бөлімнің

максатына аса тиімді жетуді қамтамасыз ететін ережелерді есепке алу керек:

- Әр қосымша жүйе жүйенің жалғыз бір қызметін жүзеге асыру керек;
- Қосымша жүйеге ерекшеленген қызметі іске асырылудың қиындығына қарамастан оңай түсінілу керек;
- Қосымша жүйелердің арасындағы байланыс, тек жүйедегі тиісті қызметтер арасындағы қажетті байланыс орнаған кезде ғана енгізілу керек;
- Қосымша жүйелер арасындағы байланыс оңай болу керек (мүмкіндігінше).

Деңгейлер саны, сонымен қатар әр қосымша жүйендегі деңгейлер саны алуына түрлі болуы мүмкін. Бірақ, бір маңызды ережені орындаған жөн: деңгейі жоғары бір жүйеге кіретін қосымша жүйелер бірге қызмет жасасады және де олар кіретін жүйенің барлық қызметтерін жүзеге асыруға міндетті.

АКК –да тасымалдау процесін жүйелік тұрғыдан қарастырсақ, тауар өндіру қызметі әдетте айқын болады, бұл қызметтің нәтижелері нақты тауар (мысалы, автокөлік, білдек т.б.) болады. Ал, нақты тауар өндірмейтін ұйымдарда, өндірістік қызмет аздау белгісіз (мысалы, АКК құрылымдарында, қаржы институттарында т.б. құрылымдарда көрсетілетін қызмет) болуы мүмкін. Бұл компаниялардың қызметін әдетте *сервис* деп атайды.

Өндіріс — жүйенің кіруін (алуан түрлі қажетті ресурстар) шығысқа (дайын тауар мен қызметтер) айналдыру арқылы тауарлар өндіру және қызмет көрсету.

Өндірістік қызметті басқаратын тұлғалар ресурстарды тауар және қызмет көрсетулерге айналдыруға қажетті шешім қабылдау үшін қажет. Бұл жағдайда, басқарудың иерархиялық жүйесіне жатып, оған бағынатын және басқаратын кейбір деңгейдегі қосымша жүйелер бағынышты болады.

Басқару жүйелері үшін жүйені бөлу кезекті бөлген кезде алынған қосымша жүйе басқару функцияларын орындауды тоқтатпағанша мүмкін. Бұл жағдайда, кіші иерархиялық басқару деңгейіндегі келесідей, нақты еңбек құралдарын, механизмдерін, құрылғыларын және технологиялық процестерін басқаруды жүзеге асыратын қосымша жүйелер жатады. Кіші деңгейдегі басқару жүйесінен басқа барлық басқару жүйелері технологиялық процестерді тікелей емес жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ал аралық және кіші деңгейдегі жосалқы жүйелер арқылы жүзеге асырады.

Жүйенің ұйымдастырушылық қиындықтарын жеңудің басты құралы деп – **бөлшектеп байланыстыруды** атауға болады. Бұл жүйені («**қара жәшіктер**» деп аталатын) бөлшектерге бөлу, бөлудің бұл түрі аталған бөлшектерді иерархиялық жүйеге ұйымдастырады. Жүйені жарыса бағынған бөлшектерге бөлшектеу әр бөліктегі объекттердің бір бірімен тығыз байланыстағы бөлшектерге бөлу арқылы жүзеге асырылады.


«Қара жәшік» қолдануы тиімділігі келесідей болады, «қара жәшіктің» кіру және шығуын ғана білу өажет, яғни бұл жағдайда аталған қызметтің жұмыс қағидаларын және іске асыру алгоритмдерін егжей-тегжейлі қарастыру қажеттілігі туындамайды.

Бөлшектеп байланыстыру шартты әдіс болып саналады, ол объекттің күрделілік деңгейін бағалауға мүмкіндік беріп оның кейбір ақырғы элементтеріне әкеле алады, бұл элементтерді талдау белгілі бір әдістермен жүзеге асырылады.

Элемент — ол жүйенің бір бөлігі, оны әрі қарай бөлу элементтің функционалды байланыстардың бұзылуына және ерекшеленген сипаттарын алуға мүмкіндік туғызады, ол элементтің адекватты сипаттарына тән болмайды.

Бөлшектеп байланыстырудың әмбебаптылығы оны басқарудың ұйымдастыру құрылымын анықтауды да қолдануға мүмкіндік туғызады (2.5-сурет).

Басқаша айтқанда, **басқарудың ұйымдастыру құрылымы** — бұл басқару буындары, ол бөлек қызметкерлерден және қызметкерлер топтарынан тұрады, олардың басқару процесіндегі орны мен роліне сәйкес функционалды қызметтері нақты анықталған болады.



2.5-сурет. Автокөліктік кәсіпорынды басқарудың иерархиялық құрылымы

Тәжірибе көрсеткендей, басшылардың (БЖ пайдаланушылары) деңгейі қаншалықты жоғары болса олар соншалықты аз бағдарламалық шешім қабылдайды. Мысалы, кәсіпорын директор қабылдаған шешім *бағдарламалық емес* (бұл шешімдер кәсіпорын даму болашағы, модернизациясына т.б. байланысты) шешімдерге жатады. Бағдарламалық емес шешімдер басқарудың перспективті шешімдеріне жатады. Бағдарламалық емес саласында қабылданған шешімдер жұмыстың тиімділігі басқару жүйесінің жетілдіруіне байланысты болады, бұл басақарудың әр деңгейімен, әр пайдаланушымен шешім қабылдау шекарасын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі пайдаланушылардың басқару қызметін бөлу қабылданған шешім аясында маманданудың жоғарлауына алып келетінін айтып өткен жөн.

Өте жиі туындайтын «кері» жағдайларды шешуге арналған басқару шешімдері стандартты деп белгіленеді және БЖ стандартты шешімдері кітапханасында сақталуы мүмкін. Осындай шешімдерге автокөліктің қызмет желісіне шықпағанда пайдаланушы қабылдайтын шешім, автокөліктердің шығару және мерзімдері туралы шешімдерді жатқызуға болады. Әр нақты пайдаланушы үшін бұл ақпарат егжей-тегжейлі ашылады, оның ұсыну формасы мен уақытша параметрлері шығарылады.

Әр қарай **регламенттік ақпарат** деп, уақытқа бағынышты басқару үшін қабылданған шешімдерін түсінеміз. Тәжірибеде осындай ақпаратты шығару күнтізбелік график бойынша қарастырылады және БЖ қолданылады. Әдетте, регламенттік ақпарат бар құжаттардың үлгілік мазмұны болады және бұл ақпарат нақты мерзімдерге сай құрастырылады. Пайдаланушыға құжат (көрсетілген шығару форматында) түрінде ұснылатын регламенттік ақпаратты құру барысында нақты дайындау мерзімін қою қиындық туғызбайды (олар ұйымдастыру және өндіру алдында белгіленеді).

Өндіру процесі барысында туындаған ауытқулар болған жағдайда уақыт параметрлерін белгілеу қиындық туғызуы мүмкін. Бұл жағдайда, барлығы ауытқулардың сипаттарына, себептерінің талдауына, байланысты болады, нәтижесінде оларды жою үшін қабылданатын шешімдер де қиындай түседі. Мысалы, БЖ диспетчері пайдаланушы ретінде қажетті ақпаратты талап етілген уақытта сұраныс ретінде немесе оперативті түрде ала алады. Қажетті ақпарат бар болса, ол жоспарлау кезінде ауыспалы тапсырмаларды жүзеге асыру үшін шешім қабылдауға, жоспардың кейбір позицияларын ауыстыруға мүмкіндік алады.

Аталған әдіс келесідей мүмкіндіктер туғызады:

- Түрлі деңгейдегі пайдаланушылардың басқару

жүйесіндегі қосарланушылықтың алдын алуға;

- Басқару шешімдерін қабылдау кезінде әр қолданушының функционалды қызметтерін нақтылауға;
- Өндірістік процесті түрлі деңгейде жүзеге асыру барысында ақпараттың толық құрамын және құрылымын анықтауға;
- Пайдаланушыларға ақпарат берудің тиімді жолдарын жоспарлауға;
- Ақпараттық жүйеде деректерді өңдеудің нақты мерзімін және шығу ақпаратын алуға;
- АЖ ақпаратты өңдеудің тиімді технологиялық процесін құруға мүмкіндік береді.

Басқару қызметінің әр саласы ақпараттың нақты бір жүйесіне негізделеді. Бірақ, ол жүйе ретінде тек, адамдар, бөлшектеулер, кәсіпорындар арасындағы ақпараттық өзара қызметтестік орнаған жағдайда, ақпараттық ағымдар ерекшеленген уақытта ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Ақпаратты өңдеу, жинау және шығару БЖ түсінігін ашпайды. Бар ақпарат қолданудың нақты әдіс-тәсілдері белгіленген жағдайда ғана «ақпараттық жүйе» түсінігі туралы айтуға болады.

Өндірістік объекттерді (кәсіпорындарды, қрылымдарды, сонымен қатар, автотранспорттық та) басқарудың автоматтандырылған жүйелері БЖ басқа бағыттағы түрлеріне қарағанда ерекше бір сипаттұрға ие болады. Олар түрлі деңгейдегі пайдаланушылар нақты уақыт режимінде қоланыла алатынымен ерекшелеуге болады және өзекті, нақты ақпарат қолданумен де ерекшелеп айтуға болады. Басқару шешімдерін қабылдау барысында ЕҚ және экономикалық-математикалық моделдеу қолдануға бағыталғандығы айқын болады.

Нақты уақыт тәртібі «сәттік» сөзіне құсатылады, ал нақты уақытта қолдану «уақыттылық» түсінігімен сәйкестендіріледі, яғни оперативті басқару шешімдерін қабылдау. Ақпараттық көзқарас басқару шешімдерін қабылдаудың ақпараттың қажетті мөлшерін сұрыптауға және оны пайдаланушыға көрсетудің мүмкіндігімен түсіндіріледі.

АКК арналған АБЖ белгілі әзірлемелерінің талдауы келесі шешім қабылдауға мүмкіндік береді, қазіргі уақытта пайдаланушылардың қолына түсетін жетіспеушілік туралы емес, ақпараттың артықшылығы туралы айтқан жөн. Сонымен қатар, басқару жүйелерінде бар ақпараттың артықшылығына қарамастан

көп жағдайда пайдаланушылар (әдетте қолдану қызметінің басқарушы қызметкерлері) басқару шешімдерін қабылдауға қажетті оперативті ақпараттың жетіспеушілігін сезеді. Яғни, мысалы, жоспарлы кезеңде жеткізу мерзімдерін немесе жөнелтпе қағаз бойынша жөнелтім мөлшерлерін өзгерткен жағдайда қиындықтар пайда болуы мүмкін, өйткені ТҚ дайындығы, оның орналасқан жері, жүргізушінің дайындығы туралы ақпаратты оперативті түрде алу мүмкіндігі болмайды. Бұл жерде диспечердің тәжірибесі, қажетті ақпараттың мөлшерлік және сапалық сипаттамаларын анықтау икемділігі де маңызды. Жағдайлардың типтілігі мен оларды нысандандыру да нақты бір әсер етеді. Бұл жерде *бағдарламалық* деп аталатын жоспарлана алатын басқару шешімдері пайда болады. Бұл жағдайды нақты уақыт тәртібінде жұмыс істейтін өндірістік АЖ жоспарлау кезінде ескерген жөн, барлық қосымша жүйелердің басқару объектілерімен байланыстылығын нақты шешу керек және АЖ түрлі хабарламаларға қалай әсер ететінін анықтап алу керек.

Мысал ретінде АБЖ қосымша жүйесі ретінде істейтін АКК жұмысын нақты уақыт тәртібінде қарастырайық. Жалақы есептеу оперативті түрде жүзеге асырылмайды. Ауыспалы тапсырмаларды орындау туралы деректерді тіркеуге дерек деген ұғым, уақыт кескіні ұғымы да маңызды болады, ол әрдайым нақты уақыт тәртібінде орындалу керек.

Нақты уақыт тәртібіне істейтін АЖ жобалаудың негізгі бағыттарының бірі ЭЕМ пайдаланушымен диалогтық терезе құру болып табылады. Диалогтық режим – АЖ қолдану тәсілдерінің бірі, ол кезінде адам өңдеу құрылғысымен тікелей диалог құрады, ол хабарламаларды берудің жаңа мүмкіндіктерімен нақты уақытта ақпаратты өңдеудің жаңа селбесуі ретінде туындады. Пайдаланушылардың диалогтық режимде жұмыс істеу мүмкіндігі басқару әдістеріндегі қажетті өзгерістерді негіздейді де және:

- пайдаланушылардың басқару жүйесіндегі жауапкершілігін орталықсыздандыруға;
- басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ақпараттың дәйектілігі мен толықтығын жақсартуға;
- ішкі ақпараттық алмасулар мен түрлі пайдаланушыларға арналған ақпаратты ұсынуды стандарттау;
- пайдаланушылар аясын кеңейтуге, АЖ қызметін тиімділігін арттыру, оны енгізіп қолданудың қызығушылығын арттыру маңызды әсер етуі мүмкін.

Диалогтық режим, сонымен қатар АБЖ АКК да, келесідей бағыттарда қолданылуы мүмкін: деректерді тіркеудің диалогтық жүйесі, ақпаратты айналдырудың диалогтық жүйесін. Бұл режимлер нақты уақыт режимінде тасымалдаудың негізгі мәселесі шешуге көмектеседі, яғни жүргізушілердің кезекті, күнделікті қызметтерінің қалып күйін оперативті түрде басқару мүмкіндігі пайда болады. Егер БЖ жетекшілері сұраныс жасаса басқару қызметтері нақты уақытта жоспардың орындалуы, ТҚ нақты орны туралы транспорттық аумақтың электронды картасы бойынша ақпарат бере алады.

АТК сұранысына жауап беру үшін ақпаратты өңдеу жүк және жолаушы жеткізу жүйелерінде кеңінен қолданысқа кіргендігі байқалады. Бұл мәселені шешудің қиындығы, түрлі сипаттағы және күрделілігі бар басқару шешімдерін қабылдау барысында пайда болуы мүмкін сұраныстарды анықтауда. БЖ пайдаланушылардың деңгейі мен саны және олардың ақпараттық сұраныстары айтарлықтай әсер тигізеді. БЖ сұраныс тәртібінің іске асыру деректер қорын құрудың жаңа тәсілдеріне, ақпаратты өңдеудің технологиялық процесіне байланысты. Сұраныстар топтастырылуы 2.4-кестесінде көрсетілген.

2.4. КЕСТЕ. Пайдаланушылардың өндірісті автоматтандырылған басқару жүйелеріне жасайтын сұраныстар топтастырылуы

Сұраныс түрлері	Сұранысты өңдеудің мерзімділігі	Орындау мерзімі
Регламентке бағынаты	Нақты уақыт кездерінде немесе белгілі бір уақыт кескінінде, яғни сұраныстар уақт б-ша іске асырылады	Автоматты түрде орындалады
Регламентке бағынбайтын: Турақты Уақытша	Әрдайым	Нәтиже пайдаланушыға нақты уақытта беріледі
	Пайдаланушылар анықтайды	Нәтиже алу мерзімдері өзгеруі мүмкін

Регламентке бағынатын сұраныстардың ерекшелігі, бұл сұраныстарға жауап бұрын жасалған арнайы жаңа технологияларды қолданып істейтін бағдарламалар бойынша беріледі, әдетте құжат түрінде түседі, яғни негізгі мазмұны алдын ала анықталады. Көбінесе КБАЖ –да бар әзірлемелердің тұрақты сұраныстардың өзгеруі деректерді өңдеу технологиясының өзгеруіне алып келеді, нәтижесінде БҚ да өзгереді.

Туындауы мүмкін сұраныс аймағы ғана көрсетілген регламентке бағынбайтын үздіксіз сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік ебертін әзірлемелер перспективті болып саналады. Регламентке бағынатын сұраныстарға (нақты тұжырымдаманың болмауы себепті) бірқатар шектеуер қойылады. Регламенттелмейтін сұранысты іске асыру пайдаланушының БЖ-мен өзара әрекет етуінің белгілі бір деңгейін көздейді, оның барысында сұраныс нақтыланып, талдап тексерілуі мүмкін (регламентке бағынбайтын сұраныстың регламентке бағынатын сұраныстан негізгі айырмашылығы да осы).

Регламентке бағынбайтын сұраныстар оперативті және сигналдық болуы мүмкін. Сигналдық сұраныстар КБАЖ нақты деректер түскен уақытта өңделеді. Оперативті деректерді өңдеу нәтижелерін пайдаланушы қажетті ақпаратты тапқан уақытта бірден алады. Сигналды және оперативті сұраныстар бойынша деректерді өңдеу тасымалдау процесін оперативті реттеу барысында аса маңызды болады.

КБАЖ түрлі сұраныстар келіп түсуі мүмкін ***шешім қабылдаушы тұлға (ШҚТ)***, жеткізу процесінің барысына қарай өндірістік жүйені басқару сұраныстар стратегиялық, оперативті деп анықталады. АБЖ АКК деңгейінде шешілетін басқару міндеттерін келесідей жеті белгі бойынша топтастыруға болады:

- АКК қызметін есепке алу және талдау;
- Техникалық-экономикалық жоспарлау (ТЭЖ);
- Тасымалдау процесін оперативті басқару;
- ЖҚ ТҚК және ТЖ өндірістік процесін басқару;
- Материалдық-техникалық қамтамасыз етуді басқару;
- Кадрларды басқару;
- Күрделі жұмсалымдар мен өндірістік қорларды басқару.

Модулдігі мен типтілігі, сондай-ақ бірыңғай ақпараттық қоры қағидаларын сақтап, АКК АБЖ *нормативті анықтамалық ақпараттың* (НАА) барлық ауқымдары бірыңғай құрылымға ие болады. Жалпы айтқанда, АБЖ АКК ішіндегі қосымша жүйелердің функционалды және ұйымдастырушылық шешімдері бір функционалды ұйымдастырылған топқа біріктіруге болады, оның ішінде тасымалдауға тапсырыс берушілерге берген келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау, ТЖ техникалық қолдану, жұмыс және қаржы ресурстары жоспарлары, техникалық жарактылық ТҚ және ТР жүктелуі, АКК техникамен қайта жаракталу жоспарлары туралы барлық ақпарат пен статистикалық мәліметтер көрсетіледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жоба алды кезеңде АБЖ әзірлеуге не негіз бола алады?
2. Бақылау жүйесінің зерттеу және талдау кезеңдерін, сонымен қатар әр кезеңдегі орындалатын жұмыстарды ата.
3. АҚК сөзінің анықтамасы.
4. АБЖ қосымша жүйелерін ерекше функцияларын іске асырудың бөліктерінің әдістер жиынтығын ерекшелетіп сипатта.
5. АБЖ құрылысын қандай құрылымдарды қолданып сипаттауға болады?
6. АБЖ енгізіп өңдеудің кезеңдік әдістемесіне қандай қағидалары салынған?
7. ҚБАЖ өңдеудің және техникалық өңдеудің қандай салыстырмалы ерекшеліктері бар?
8. ҚБАЖ жоспарлау процесін қандай үш өзара шартталған жүйелік деңгейлерде қарастыруға болады?
9. Ұйымдастырушылық басқару қызметін автоматтандыру мәселесін шешу барысында ҚБАЖ жоспарлауда қолданатын қандай талдау жабдықтарын қарастыру керек?
10. Ақпараттық-ізвестіру жүйелерінің топтастырылуын ата.
11. Бөлудің ең тиімді жету жолдарын іске асыру үшін жүйені қосымша жүйелерге бөлу барысында қандай ережелерді ескерген жөн?
12. Ұйымдастырушылық басқару жүйелерінде шешімдердің

қайсы бағдарламалық емес және бағдарламалыққа жатады?

13. ҚБАЗ жобалау және жұмыс істеу процесінде «регламенттелген ақпарат» деген сөз тіркесінің мағынасы қандай?
14. Пайдаланушылардың диалогтық режимде жұмыс істеу мүмкіндігі басқару әдістерінде қандай өзгерістерді талап етеді?
15. Регламенттелетін және регламенттелмейтін сұраныстардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕГІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОСЫМША ЖҮЙЕЛЕРІ

3.1. АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1.1. Ақпараттық қамтамасыз етудің негізі ретіндегі деректер қоры

Ақпараттық, бағдарламалық және математикалық қамтамасыз етудің құрамына мына элементтерді енгізу қабылданды:

- талдау және басқару міндеттерін шешудің әдістері мен моделі;
- бейнеленетін объектілердің сандық сипаттамасы үшін қолданылатын көрсеткіштерді анықтаудың математикалық әдістері;
- АҚБЖ тілі, оның қосымша жүйелері мен сыртқы кіріктірілген жүйелер;
- деректерді жинау, дайындау, бақылау, өңдеу, сақтау, іздеу, беру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен бағдарламалар.

Файл — сыртқы есте сақтау құрылғыларында орналастырылатын және өңдеу процесінде біртұтас ретінде қаралатын жазбалардың жүйелілігі.

Деректерді бірлесіп пайдалану, қолдағы қосымшалардың барлық файлдарының біріктірілгенін ғана емес, сонымен қатар, жаңа қосымшалар қолданыстағы ДҚ, яғни есептеу жүйесінде сақталатын деректердің кейбір алабында құрылуы мүмкін болуын болжамдайды.

Деректер қоры — деректерді сипаттаудың, сақтау мен өңдеудің жалпы қағидасын көздейтін, белгілі ережелер бойынша бағдарланған аталған, тұтас, бірыңғай деректер жүйесі.

Деректер қоры серпінді ақпараттық модель болып табылады, ондағы пәндік саладағы әрбір объектіге лайық қасиеттер, белгілер, параметрлердің қатары тән.

Пәндік сала — білімнің кейбір саласына жататын және

қолданушылар үшін практикалық құндылыққа ие, нақты әлем объектілерінің олардың байланыстарымен жиынтығының ДҚ көрінісі.

ДҚ пайдалану деректер мен бағдарламалардың тәуелсіздігін, деректер арасында қатынастарды іске асыруды, ДҚ компоненттерінің үйлесімділігін, ДҚ логикалық және физикалық қоры өзгерісінің қарапайымдылығын, ДҚ тұтастығын, қалпына келтіру мен қорғау және т.т. қамтамасыз етеді.

Деректер қорын басқару жүйесінің (ДҚБЖ) өзі келесі екі негізгі функцияларды орындайды:

- құрылымдық ақпаратты (деректерді) беру мен сақтау;
- құрылымдық ақпаратқа сақтауға берілетін кейбір сұраныстарды түрлендіру.

ДҚБЖ әрқайсысы объектілер арасындағы өзара байланысты көрсететін белгілі модельге негізделеді. Деректердің иерархиялық, желілік және реляциялық модельдері бар. Заманауи ДҚБЖ көпшілігі реляциялық модельді қолданады. Осындай модельдің көмегімен пәндік саладағы объектілер мен олардың арасындағы өзара байланыс ұсынылуы мүмкін.

ДҚБЖ ДҚ жұмысы кезінде келесі мақсаттар көзделеді: сақталатын деректердің артығын қысқарту, деректер қорының барлық қосарланатын жазбаларды автоматты түзету және қолдау көмегімен сақталатын деректердің үйлеспеуін жою, бағдарламаны әзірлеу құнын кеміту, сондай-ақ ДҚ қойылатын сұраныстарды бағдарламалау процесін жеңілдету.

Бөлінген ақпараттық өңдеуге және *бөлінген деректер қорына* (БДҚ) ауысу бірқатар жетістіктерге ие, әсіресе, қолданушылардың деректері қосарлануы мүмкін болған жағдайда, мысалы, жүргізушілер мен жылжымалы құрам бойынша анықтамалар. Қосарланудың артықшылығы жұмыс станцияларында фрагменттерді сақтау құнының артуына қарай кемиді. Алайда, кейбір жағдайларда қосарлану орынды, өйткені жүйенің істен шығуларға тұрақтылығы артады. Бұл ретте, ДҚ тұтастығын қолдау үшін барлық көшірмелерді түзету талап етіледі. Қосарлануды жоюдан алынатын пайда, деректерді таңдау көлемі мен оларды жаңартудың кезеңділігі арасалмағына барабар.

БДҚ құру деректерді өңдеудің екі үрдісінен туындаған: бір тараптан – кіріктіру, ал екінші тараптан – орталықсыздандыру. ДҚ бөлінген құрылымы түпкілікті қолданушылар мен бағдарламалардың желінің жұмыс станцияларында ақпаратты орналастыру әдісіне тәуелсіздікті болжайды, ал БДҚ сұраныс жасау орталықтандырылған ДҚ сұранысына ұқсас жүргізіледі. Деректерге қойылатын бірлескен қолжетімділік бірнеше қолданушылардың, БДҚ тұтастығын

бұзбастан бір деректерді түрлендіруді болжайды.

Қолданушылардың БДҚ және әкімшіліктендіруге қолжетімділігі *бөлінген деректер қорын басқару жүйесі* (БДҚБЖ) көмегімен жүзеге асырылады, ол келесі функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді:

- сұраныста талап етілетін деректер сақталатын тораптарды автоматты түрде анықтауды;
- жеке қосымша сұраныстардың жекелеген тораптардың ДҚ бөлінген сұраныстарын декомпозициялауды;
- сұраныстарды өңдеуді жоспарлауды;
- жеке қосымша сұраныстардың берілуі мен олардың қашықтатылған тораптарда орындалуын;
- жеке қосымша сұраныстардың орындалу нәтижелерін қабылдау;
- желінің әртүрлі тораптарында қосарланған деректерді көшірмелеудің келісілген жағдайын қолдау;
- қолданушылардың БДҚ параллельді қолжетімділігін басқару;
- БДҚ тұтастығын қамтамасыз ету.

Қолданушылардың БДҚ-мен жұмыс тиімділігі БДҚ құрамындағы деректер, олардың құрлымы мен орналасуы туралы олардың ақпаратпен қамтамасыз етілуіне тәуелді. Бұл тапсырманы желінің бір торабында орналасқан немесе бірнеше тораптарда қосарланатын деректердің желілік сөздік-анықтамалығы шешеді.

Архитектура клиент – сервер әртүрлі қолданбалы бағдарламаларға ортақ ДҚ біруақытта қолдануға мүмкіндік береді. Аталған архитектура деректерді басқарудың бірнеше маңызды қызметтерін орталықтандыруға мүмкіндік береді: ДҚ ақпаратын қорғау, деректердің тұтастығын қамтамасыз ету, ресурстардың бірлесіп қолданылуын басқару.

Бұдан туындайтыны, деректерді басқару бағдарламасын *жұмыс станциясынан серверге* ауыстырудың жұмыс станцияларының ресурстарын босатуға ықпал етеді, жеке, жергілікті шешілетін міндеттердің санын арттыру мүмкіндігін береді. *«Шебер клиент»* (ағылш. thin client) — ол компьютер — клиент-серверлік архитектурадан тұратын клиент сәтi, ол «толық клиенттен» компьютер клиенттің деректерді сақтау үшін негізінен тек соңғысын қолдана отырып, серверге қарамастан ақпаратты өңдеуді жүргізуімен ерекшеленеді. «Шебер клиент» мысалы веб-қосымшалармен жұмыс жасау үшін қолданылатын, браузері бар компьютер бола алады.


Деректерді үлестіріп өңдеудегі сервер клиенті архитектурасының маңызды артықшылықтарының бірі сұранысты іске асыру уақытын қысқарту мүмкіндігі болып табылады. Клиент-сервер

архитектурасындағы ақпаратты өңдеудің екі базалық технологиясын қарастырайық.

Файлдық сервер ортасындағы жұмыс станциясында орындалатын деректерді басқару бағдарламасы, егерде қолданушыға кейбір талаптарды қанағаттандыратын жазбаны алу қажет болатын болса, ДҚ әрбір жазбасының серверіне сұранысты жүзеге асыруы тиіс (3.1-сурет). Ақпаратты өңдеудің аталған технологиялық нұсқасы желі арналары бойынша деректерді берудің біршама уақытына ие және деректерді беру арналарының шамадан тыс өткізу қабілетін талап етеді.


Сервер клиентінің ортасында, керісінше, жұмыс станциясы ДҚ серверіне жоғары деңгейдегі сұранысты жібереді. ДҚ серверіндегі бағдарлама жазбаларды іздестіруді жүзеге асырады және оларды талдайды. Сұраныс тұтастай өңделген соң, қолданушыға жұмыс станциясына іздестіру талаптарын қанағаттандыратын барлық жазбалар беріледі (3.2-сурет). Аталған технология желілік трафикті төмендетуге және желінің өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, дискіге қолжетімділік операциясын есептеу және сервердің бір жүйесінде деректерді өңдеудің орындалуы есебінен, осы сұраныстар жұмыс станциясында өңделген жағдайға қарағанда, сервер сұраныстарды іздестіру мен өңдеуді біршама жылдам жүзеге асырады.

Деректерді басқару бағдарламасы



3.1-сурет. Файлдық сервер ортасында сұраныстарды өңдеу

Жұмыс станциясының сұраныстарын беру бағдарламасы



Деректер қорының сервері

Жұмыс станциясы

3.2-сурет. Желілердегі сұраныстардың өңдеудің бөлінген ортасы

Ірі сыйымдылықтағы дискілік жадының жоғары жылдамдықтағы сенімді механизмдерімен және мұрағаттаудың сенімді жүйесімен жабдықталған қуатты компьютер сервер бола алады, оның жұмысы көп міндетті көп қолданылатын операциялық жүйені (ОЖ) басқару арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

3.1.2 Ақпараттық жүйелерде деректердің қоймасын пайдалану ерекшеліктері

Өңделетін деректердің көлемі біршама болатын жағдайда, ақпаратты сақтау мен шұғыл іздестіруді ұйымдастыру проблемасы, ағылшын тіліндегі әдебиеттерде көбінесе *data in jail*, немесе «түрмедегі деректер» деп аталатын жағдайға алып келді. Басқа сөзбен айтатын болсақ, ақпарат бар, бірақ ол талдаушылар мен басшыларға қолжетімді емес. Аталған проблеманы шешудің маңыздылығы 1980 жылдардың ортасында **«деректер қоймасы»** түсінігінің пайда болуына алып келді — ДҚ (Data Warehouse — DW) — пәндік-бағдарланған, уақытқа және басқарушы шешімдерді қабылдау процесін қолдауға арналған деректерді өзгерілмейтін жинауға байланған.

Деректер қоймасы — деректерді талдау және уақытқа тәуелді деректер жинағы ретінде әзірленетін, басқару шешімдерін қабылдау үшін тұтас, пәндік-бағдарланған түрде деректерді беруге мүмкіндік беретін құралдардың жиынтығы.

Деректер қоры кәсіпорындарда (компанияларда, холдингінде және т.т.) қолданылатын әртүрлі есепке алу жүйелерінен алынған шұғыл деректердің негізінде құралады.

Бизнес-процестерді автоматтандыруға емес, шешім қабылдау үшін ақпаратты мазмұнды талдауға жұмылдырылған. Осы қасиет тарихи деректерді сақтау мен жылдам қолжеткізудің болдырмайтын, деректерді енгізу мен өзгертуге жұмсалатын шығынды оңтайландыратындай түрде ұйымдастырылатын деректерді өндеудің шұғыл жүйелерінен ерекшеленетін, қорды жасау архитектурасын және деректер моделін жобалау принциптерін анықтайды. Деректер қоймасы бірыңғай ақпараттық кеңістікте барлық талап етілетін уақыт аралығындағы ақпараттан тұрады, ол трендіні, маусымдық тәуелділіктерді және басқа маңызды талдау тәуелділіктері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді. ДҚ салу мақсаты әртүрлі көздерден алынатын шұғыл деректерді кіріктіру, маңызды ету және келісу болып табылады.

Талдамалы жүйелерде бірыңғай ақпарат қорын пайдалану қажеттілігі анық. Біл бірінші кезекте ШҚҚЖ жатады, онда талдаушылар көптеген **деректерді өңдеу жүйелерінен** (ДӨЖ) байланыс арналары бойынша жиналған ақпаратты қолданады. ДӨЖ деректер жиналады, сақталады және белгіленген мерзімге жеткенде түсіріледі, бұл ретте әртүрлі ДӨЖ деректері бір-бірімен келісілуі мүмкін емес, олар туралы ақпарат әртүрлі құрылымдалуы мүмкін, оның нақтылығы дәрежесін анықтау біршама күрделі болады. Алдын ала өндеусіз ДӨЖ алынған мұрағат деректерін ДҚ пайдалану дұрыс емес.

Деректерді бірлесіп қолдану үшін **метадеректердің** бірыңғай анықтамалығы негізінде әртүрлі ДӨЖ кіріктірілуі жүзеге асырылады, яғни әрбір жаңа сұраныс бойынша әртүрлі ДӨЖ деректерді серпінді түсіру, оларды келісу, агрегациялау мен қолданушыға трансформациялау болжанады.

Метадеректер — ақпараттың құрылымы, орналастырылуы және трансформациялануы туралы ақпаратты екі класқа бөлуге болады:

- **техникалық** — ДҚ деректерді жүктеу және оларды пайдалану статистикасынан, деректер моделін, дереккөздері мен реципенденттері құрылымын, сондай-ақ қосымшалар метадеректерін сипаттаудан тұрады;
- **бизнес-метадеректер** — қолданушыларға өз назарын талдау мәніне емес, ал техникалық аспектілерге шоғырландыра отырып, ДҚ жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

ДҚ салу кезінде метадеректерді орталықтандыру принципін қолдану қажет, ол жеткілікті күрделі. Мысалы, техникалық метадеректерде дереккөздер және олардың құрылымы, деректер ағыны мен асыра жүктеу процестерін сипаттау туралы ақпарат болуы тиіс. Егерде алғашқы екі жинақта әдетте АЖ-мен бірге жеткізілетін болса, онда екіншісінде, әдетте, ДҚ құру жобасы аясында құрылады және деректерді асыра жүктеу

серверінде орналастырылады.

ДҚ қойылатын негізгі талаптар, қажет болғанымен, шұғылдық емес, ал ақпараттың нақтылығы, оны деректерді келуімен қамтамасыз ету мүмкін емес. Әртүрлі ДӨЖ бір сұранысқа бірқатар себептер бойынша әртүрлі жауаптар бере алады:

- әртүрлі ДӨЖ деректерді түрлендірудің асинхрондылығы;
- оқиғалар, ұғымдар және т.б. түсіндірмесіндегі айырмашылықтар;
- пәндік саладағы даму процесінің деректері семантикасының өзгерісі;
- енгізу және өндеу кезіндегі қате;
- мұрағаттағы ақпарат фрагменттерінің ішінара жоғалуы және т.т.

Екі жақты байланыс пейджерлерін және қабылдағыш-беретін станциялар желісін қолданатын ұқсас жүйені «Ме- гаПейдж» фирмасы ұсынады. Автомобильге орнатылған кең жолақты таратқыш стандартты пейджинг қабылдағышының сигналы бойынша не айдап кетуге қарсы сигнал беру жүйесінің сигналы бойынша қосылады, таратқыштың ОЖА пейджинг жүйесінің базалық станциялары желісі арқылы жүзеге асырылады.


Мобильді пеленгаторлар негізіндегі жүйенің үлгісі «Лоджек» (Lo Jack) жүйесі болып табылады. Осы жүйенің пеленгаторларымен жол пост қызметінің арнайы батальонының автомобильдері және қаладан шығатын жердегі Ресей ІІМ МЖЖҚИ пост-пикеттері жабдықталған.

Радио навигация әдістері. Осы әдістер импульстік-фазалық жердегі навигациялық жүйелердің («Лоран-С» — «Чайка» типті) және GPS NAVSTAR — ГЛОНАСС орта орбиталық серіктік радионавигациялық жүйелердің (ЖРНЖ) негізінде іске асырылады. Бүгінгі таңда ең үздік дәлдік және пайдаланушылық сипаттамалары серіктік навигациялық жүйелерде (ЖНЖ) болады, онда стандартты режимде орналасқан жерін анықтау дәлдігі 50... 100 м кем емес, ал фазалық анықтау немесе дифференциалды навигация режимінде ақпараттық сигналдарды өңдеудің арнайы әдістерін қолданғанда — бірнеше метрге дейін жетеді.

Әртүрлі фирмалармен ұсынылатын техникалық шешімдер өздерінің көрсеткіштері бойынша жеткілікті жақын және жүйенің нақты пайдаланушысы үшін маңызды болуы мүмкін бөлшектермен өзгешеленеді. Әдетте, жүйенің жабдықтарына борттық навигациялық есептегіш, УҚТ-радиобайланыс радиостанциясы немесе ұялы телефон кіреді (5.1–суретті қараңыз).

Диспетчерлік орталықта цифрлық электронды картасы бар

және қала аумағында автомобиль көлігінің диспетчерлеу және мониторингі жүйесінің БҚ — МОМЖ бар компьютер орнатылады. Ұқсас жүйелердің үлгісі ретінде «Трансетсервис» фирмасының «Магеллан» жүйесін, «Юником» фирмасының «Юником-AVL», «Гранит» «Сеть» ГТО, «КОРД» фирмасының «КОРД», «Грант—Вымпел» компаниялар тобының GrantGuard, «ГЕО СПЕКТРУМ» компаниясының TrackMaster Car жүйесін және т.б. келтіруге болады. Бұл жүйелерді кеңінен енгізу Ресейде ірі қалалардың аумағында ЖҚ пен орталық жабдықтардың арасында ақпаратты берудің сенімді арнасын ұйымдастыруға арналған GSM стандартының ұялы телефоны бұрынғы кезде жылжымалы байланыс инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуымен тоқтатылды.



5.3-сурет Ұялы байланыстың радио модемімен жабдықталған AVL- жүйесінің жұмыс схемасы

Қазіргі таңда жабу ауданын кеңейтуге және GSM стандарттарының цифрлық ұялы байланыс жүйелерін, басқа стандарттардың ұялы байланысының цифрлық жүйелерін, оларды еуропалық желілермен біріктіруді енгізумен деректер коммутациясы орталықтарының өткізу қабілетін арттыруға байланысты, осы салада бір қатар

жобалар табысты іске асырылады. (5.3-сурет).

Навигациялық есептеу әдістері. Осы әдістер белгілі бастапқы нүктеге қатысты ЖҚ ағымдағы орналасқан жерінің алынған деректерінің негізінде есептеп шығарып, өткен жолдың датчиктері және бағыттау датчиктерінің көрсеткіштерімен жиынтықта үдету, бұрыштық жылдамдық датчиктері арқылы ЖҚ қозғалысының параметрлерін өлшеуге негізделген. Радио навигация әдістерімен салыстырғанда осы әдістердің негізгі артықшылығы — борттық аппаратурамен ҒА навигациялық сигналдарын қабылдау жағдайларынан тәуелсіздігі. Тығыз салынған қаланың аумағында СНЖ борттық навигациялық аппаратурасы ЖҚ координаттарын есептей алмайды.

Радио навигациялық жүйелердің қабылдағыш антенналары навигациялық сигналдарды қабылдаудың ең үздік жағдайларын қамтамасыз етуді ескеріп, ЖҚ орналастырылуға тиіс. Бұл ЖҚ немесе немесе олармен тасымалданатын жүктерді күзету қажеттілігі үшін қолданылған жағдайда, оларды қаскүнемдер үшін әлжуаз қылады. Қабылдағыш антенналардың камуфляжын орындаудың қолданылатын әдістері жеткілікті күрделі және қымбат тұрады. Жолды есептеп шығару және инерциалды навигация әдістері бұл кемшіліктерден арылған, өйткені аппаратура толық автономды және оларды қасақана істен шығаруды болдырмау мақсатында, ЖҚ құрылымдық элементтеріне біріктірілуі мүмкін.

Навигациялық есептеп шығару әдістерінің кемшіліктері ретінде қозғалыс параметрлерінің жинақталған өлшеу қателерін түзету қажеттілігі және борттық аппаратураның салыстырмалы үлкен габаритті өлшемдерін санауға болады, алайда соңғы кезде борттық аппаратураны (акселерометрлер, өткен жолды автономды есептеп шығарғыштары, бағыттау датчигі) жасауға арналған шағын габаритті элементтік база қолжетімді болды. Сонымен қатар, борттық есептегіштегі координаттарды есептеп шығару мақсатында қозғалыс параметрлерін өңдеу күрделілігінің проблемасы бар. Осындай әдістерді қолданудың ең перспективалық бағыты ретінде оларды радио навигациялық әдістермен бірге пайдалануды санауға болады, ол бір әдіске, солай екіншісіне тән кемшіліктерді өтеуге мүмкіндік береді.

Осы әдісті пайдаланып орналасқан жерін анықтау жүйесін «Автонавигатор» ЖАҚ ұсынады. Борттық ЖҚ автомобильдің спидометріне қосылатын жол датчигі, автомобиль осінің Жердің

магнитті меридианынан ауытқуын өлшейтін феррозондтар негізіндегі бағыттау датчигі және объектінің Жер бетіне қатысты көлденең емес орналасуынан пайда болатын феррозонд датчигінің қателерін жоюды қамтамасыз ететін үдету датчигі (акселерометр) пайдаланылады. Есептеп шығару қателерін түзету қаланың КЖЖ полисызықтарының цифрлық векторлық картасы бойынша жүргізіледі, ол бірнеше метрге дейін орналасқан жерін анықтаудың дәлдігіне жетуге мүмкіндік береді. Борттық жабдықтарының элементтерін ЖРНЖ қабылдағышымен бірге пайдалану мүмкіндігі бар.

ЖРНЖ қабылдағыштарымен салыстырғанда инерциалды навигация аспаптары радиобөгеуілдердің әсеріне ұшырамайды және қосқаннан кейін бірден жұмыс істей бастайды (ЖРНЖ сияқты, серіктен ақпаратты жүктеу үшін 1...2 мин талап етілмейді), олардың қолданылу аймағы іс жүзінде шектелмеген (бірнеше серікті тура көру талап етілмейді), оларда курсты көрсету, бағдарға дейін қашықтықты анықтау, дирекциялық бұрышты өлшеу жүргізіледі. Жақын арада ЖҚ орналасқан жерін анықтау жүйелері үшін инерциалды навигация аспаптары автономды құрылғы ретінде емес, ЖРНЖ құрылғыларына қосымша ретінде қолданылатыны айқын, ол орналасқан жерін анықтау дәлдігін көбейтуге, өлі аймақтарды және маршруттың бастапқы учаскелерін жоғалтуды жоюға мүмкіндік береді.

Тіпті орналасқан жерін анықтау әдістері мен аппаратурасын қысқа шолу пайдаланушының барлық талаптарын қанағаттандыратын әмбебап жүйе жоқ деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Тиімді жұмыс істейтін орналасқан жерін анықтау жүйелерін жасау міндеті нақты әдісті тандаудан едәуір кең болып шығады. Байланыс жүйелерінің микроұялы құрылымы орналасқан жерін анықтаудың аймақтық жүйелерін құруға негіз болуы немесе радио пеленгациялық әдістермен орналасқан жерді анықтау мәселелерін шешуге мүмкіндік беруі мүмкін.

AVL-жүйелермен бірге пайдалануға арналған электронды карталарды жасау мәселелері бөлек тұр. Көлік магистральдарының кейбір учаскелеріндегі жол кептелісі туралы ақпаратты есепке алуға дейін, онда жол жағдайын жедел түзету ұйымдастырылған жүйелердің артықшылықтары болады.

ОЖА жаһандық серіктік жүйелерін құрудың және қызмет етуінің техникалық және технологиялық негізі ҒА орбиталық топтамасы болып табылады.

Серіктік байланыс жүйесі (СБЖ) үш базалық бөліктерден: ғарыш сегментінен, немесе *орбиталық топтамадан*, сигналдық бөлігі мен жердегі сегментінен тұрады. Ғарыш сегменті ҒА жобалау, орбитаның есебін және аппаратты қосу мәселелерін қамтиды. Сигналдық бөлігіне жиіліктің пайдаланылатын спектрінің, байланысты ұйымдастыруға және ұстап тұруға қашықтықтың әсері, байланысты бұрмалау көздері, модуляция схемалары және беру хаттамаларының мәселелері кіреді. Жердегі сегмент жердегі станцияны орналастыруды және оның құрылымын, антенналардың типтерін, ҒА арналарына көптік қатынауды ұйымдастыру схемаларын белгілейді.

Бұл жағдайда ҒА жердегі станциядан сигналдарды қабылдайтын, күшейтетін және серіктің тура көру аймағында болатын барлық станцияларға бір уақытта кең хабарлар тарату режимінде сигналдар тарататын байланыс құрылғысы ретінде қарау керек.

Құрылымдық элементтері, жағдайды басқару, қуаттану, телеметрия, трекинг, командалары жүйелері, сондай-ақ қабылдағыш-жібергіштер мен антенна ҒА басты құрауыштары болып табылады. ҒА антеннасының орнықтылығы және қажет бағдары тұрақтандыру жүйесімен қолданады. ҒА көлемі мен салмағы серіктің тіршілігін қамтамасыз етуге арналған күн батареялары мен отынның көлеміне қойылатын талаптармен негізінен шектелген (әдетте 10 жылдың ішінде).

ҒА телеметриялық жабдығы ғарыш сегментін басқарудың жердегі орталығына оның жағдайы туралы деректерді беру үшін пайдаланылады. ҒА жағдайды түзету қажет болғанда тиісті командалар беріледі, оларды алғаннан кейін энергетикалық жабдықтар қосылады және түзету жүзеге асырылады.

СБЖ жердегі сегментіне, ғарыш сегментін басқару орталығынан (ҒСБО) басқа, базалық станциялар (шлюздар) кіреді, олар жүйенің жердегі (мобильді) деректерді беру желілерімен, ғарыш сегментін басқару орталығымен (ҒСБО), телекомандалық жабдықпен және қызметтердің жеткізушілерін басқару орталығымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылық сегмент дауысты, деректер мен ОЖА беру үшін пайдаланылатын портативтік, мобильді және стационарлық терминалды құрылғылардан тұрады.

5.1-кестеде СБЖ негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері берілді, олар дөңгелек орбиталарда үш топ бойынша жұмыс істейді: геостационарлық (GEO), биіктігі орташа (MEO), төмен орбиталық (LEO).

Жүйелі автоматты сауалнама және ақпаратты берудің жоғары жылдамдығы диспетчерге ЖҚ жағдайы туралы деректерді нақты уақыт масштабында алуды қамтамасыз етеді. Бұдан әрі негізгі СБЖ қарастырылды.


Inmarsat B жүйесі (GEO) төрт геостационарлық, ал **Inmarsat C** (MEO) — он екі биіктігі орташа ҒА қызмет көрсетіледі. Қазіргі уақытта Inmarsat B төртінші буынның ҒА жүзеге асырылып жатыр, олардың айналу кезеңі Жер айналымымен синхрондалған — олар жер бақылаушысы үшін қозғалмайтындай бір нүктеде орналасады. Inmarsat B серігінің кең сәулесінен басқа, тағы өңірлік бағытталған сәулелер жасайды, олар (L-диапазонның) ұзын толқынды жиіліктерінде жұмыс істейтін портативтік терминалдарды пайдалануға мүмкіндік береді (5.4-сурет). Inmarsat жүйесінде түрлі абоненттік терминалдар пайдаланылады, олар функционалдық мүмкіндіктермен, солай құрылымды ерекшеленді.

5.1-кесте. Топтар бойынша серіктік жүйенің көрсеткіштері

Көрсеткіш	GEO	MEO	LEO
Орбитаның биіктігі, км	36 000	5 000... 15 000	500.2 000
Орбиталық топтамадағы ғарыш аппараттарының саны, бір.	3	8—12	48 — 66
Бір ғарыш аппаратының жабу аймағы (радиокөрінушілік бұрышы), Жер беті ауданының %	34	28...28	3.7
Радиокөрінушілік аймағында ғарыш аппаратының болу уақыты, сағ.	24	1,5... 2	0,15.0,25
Сөйлеуді беру кезіндегі кідіріс:	500	80.130	20.70
өңірлік байланыс, мс	600	250.400	170.300
жаһандық байланыс, мс			

Ғарыш құрылғыларының спутник жүйелері

Ғарыш құрылғылары



5.4-сурет Inmarsat жүйесінің серіктерін пайдаланып, автокөлік құралдарының орналасқан жері мониторингі жүйесі жұмысының схемасы

Терминалдың құрамына телеметрияға немесе навигацияға арналған қосымша жабдық кіруі мүмкін.

IRIDIUM жүйесі (LEO) алты орбита бойынша 700 км биіктікте Жерді айналатын 79 төмен орбиталық ҒА тұрады. Мұхиттардың акваторияларын жабуға қосымша полюстің қасындағы орбиталар IRIDIUM клиенттеріне полюстік өңірлерде де байланысты пайдалануға мүмкіндік береді. Жүйеде қызметтердің тізбесі болжамдалады: телефон байланысы, IRIDIUM пейджеріне алфавиттік цифрлық хабарламаларды беру, шақыруды қайта жолдау, конференц-байланыс, факсимильді хабарламаларды беру, дауыс поштасы, ұялы желілер стандартында жұмыс істеу мүмкіндігі, 2 400 бит/с жылдамдығымен деректерді беру және т.б.

ORBCOMM (LEO) жаһандық жылжымалы байланыс жүйесіне 36 микросерік (төртеуі екі поляр қасындағы орбиталарда және 45° еңісімен төрт орбиталық жазықтықтарда сегізден) кіреді; орбитаның биіктігі 775 км. Жүйенің негізгі функциялары координаттары және объектілердің жай-күйлері туралы деректерді автоматтандырылған жинау, электронды пошта және ORBCOMM

және СНС GPS автономды навигация арқылы пайдаланушының ОЖА қызметтерін ұсыну болып табылады.


Қызмет көрсету аймақтарын қамту бойынша жүйе толық көлемде жаһандық жүйелерге жатады. Ғарыш сегменті әлемнің түрлі елдерінен, соның ішінде АҚШ, Канада, Ресей, ОАР, Нигерия, Оңтүстік Америка елдерінен абоненттермен жұмысты қамтамасыз етеді.

ҒА борттық жабдығының құрамында дециметрлік және метрлік диапазондар және антенна кешендерінің қабылдағыш-жібергіш құрылғылардан басқа СНС GPS аппаратурасы қарастырылды. «Жер – серігі» арнасы (жиіліктердің жұмыс диапазоны 137... 138 МГц) TDMA/FDMA құрамдастырылған стандартта деректерді беру үшін пайдаланылады (мобильді объектіге беру жылдамдығы 2,4 Кбит/с), ал кері (14,8.149,9 МГц жолағы) — FDMA стандартында (беру жылдамдығы 4,8 Кбит/с). Жердегі сегментке кіретін торапты станциямен байланыс үшін, 57,6 Кбит/с жоғары жылдамдықты арна пайдаланылады. ORBCOMM серігінде GPS жүйесінің қабылдағышы орнатылған, ол абоненттің координаттарын автономды анықтауды қамтамасыз етеді, өйткені серік орбитасының параметрлерін есептеу бортта жүргізіледі және тек жердегі емес, сонымен қатар мобильді пайдаланушыларға да жіберіледі. Координаталарды анықтау дәлдігі қызмет көрсету аймағындағы қабылдаудың жұмыс жиілігінің диапазонына және серіктердің санына байланысты екені айқын, алайда әзірлеушілер тіпті ең нашар жағдайда (жиілігі 137 МГц, бір серік) қатесі 1100 м аспайды.

EutelTracs жүйесі (GEO) 1992 жылы жүзеге асырылған болатын және бүкіл дүниежүзі бойынша пайдаланатын мобильді терминалдарының көптеген саны бар, соның ішінде Ресейде. Жүйедегі мобильді терминалдың Inmarsat терминалының өлшемдерінен 2-3 есе асатын өлшемдері бар, алайда ол жүк автомобильдеріне орнатуға кедергі болмайды. Бүгінгі таңда жүйе тек Омск бойлығына дейін істейді.

«Глобалстар» жүйесі (LEO) дауысты және деректерді беруге, хабарламалармен алмасуға, факс және ОЖА беруге арналған мобильді және стационарлық серіктік байланыс қызметтерін ұсынады. Орбиталық топтамаға дөңгелек орбиталарда сегіз жазықтықта 1414 км биіктікте орналастырылған 48 төмен орбиталық (және сегіз резервті) ҒА кіреді. Әр ҒА жер бетінде бірнеше мың километр диаметрімен қызмет көрсету аймағын жасайтын, 16 сәулені қалыптастыратын, антенна кешені бар, оның ішінде 1,25 МГц жайылу жолағының енімен кез келген CDMA


(Code Division Multiple Access — кодтық бөлумен көптік қатынау) технологиясына коммутация мүмкін (5.5-сурет). «Глобалстар» (Globalstar Data Network — GDN) деректерді беру желісі жүйенің жердегі сегменті бөліктерінің арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.



5.5-сурет. Түйіндесу станцияларын пайдаланып, серіктік байланыс жүйесі жұмысының сұлбасы

Жүйе абоненттің сигналын қабылдап иілген құбыр (bent-pipe) сәулеті бойынша жұмыс істейді: CDMA технологиясы арқылы бірнеше ҒА оны ең жақын жердегі түйіндесу станциясына трансляция жасайды, ал ол ең қатты сигналды таңдайды, оны авторизациядан өткізеді және шақырылатын абонентке - пайдаланушылық терминалға дейін маршруттайды. Серіктік байланыс пайдаланушыларға ыңғайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді (5.6-сурет).

«Гонец-Д1» жүйесі (LEO) 45 төмен орбиталық серіктерге (бес жазықтықтағы тоғыз аппарат) негізделеді және 1,5 млн пайдаланушыға қызмет көрсетуге есептелген. Онда желі бойынша ақпаратты берудің түрлі схемалары қарастырылған:



5.6-сурет. Серіктік байланысты ұйымдастыру схемасы

- бір серіктің қызмет көрсету ретрансляциясы;
- серік арқылы абоненттердің арасындағы деректерді тасу (пошта жәшігінің режимі);
- жер бетіндегі станция арқылы ретрансляция;
- жердегі немесе серіктік байланыс магистралінің арналары арқылы ретрансляция.

Intelsat жүйесінде (GEO) Intelsat VIII және Intelsat-K негізгі серіктер болып табылады, олар өз сипаттамалары бойынша Intelsat VI және 48 қабылдағыш-жібергіштермен жабдықталған серіктерден асып түседі. Intelsat VIII жүйесі жүз мыңдаған телефон арналарын ұқсатып тұрады.


Кейбір СБЖ пайдаланушылық-техникалық сипаттамалары 5.2-кестеде берілген.

Thuraya жүйесінде («Турайя») (GEO) FA Boeing Satellite Systems компаниясымен жасап шығарылған, серіктердің қызмет мерзімі 12-15 жылға есептелген. Әр FA L-диапазонның рефлекторының 12,25 м диаметрімен инновациялық антеннамен жабдықталған (5.7-сурет). Сигналды цифрлық өңдеу процессорымен біріктірілуінің арқасында ол белсенді фазаланған торды жасайды және 200 аса стационарлық сәулелер жасайды (бір уақытта 13 750 телефонмен сөйлесулер өңделуі мүмкін).

Автокөліктік МОМЖ СБЖ іс жүзінде пайдалануды қарастырамыз.

5.2-сурет. Серіктік байланыстың кейбір жүйелерінің салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	Inmarsat B	Iridium	ORBCOM M
Серіктердің саны, бір.	5	79	36
Жиіліктердің жұмыс диапазоны, МГц	1,53... 1,545	2,5	1,48.1,49
Деректерді беру жылдамдығы, бит/с	600	2 400	4 800; 2 400
GPS аппаратураның болуы	+	+	+
Мобильді байланысты қолдау (GSM стандарты) AMPS/CDMA	+	+	-
Координаттарды анықтау дәлдігі, м	750	450	1 100



5.7-сурет. Серіктік байланыс жүйесінің Thurugaуа ғарыш аппаратының түрі

«Вектор» жүйесі Inmarsat C және СНС GPS-NAVSTAR стандартында Inmarsat жабдығын пайдаланады. Жабдық жиынтығы автомобильге монтаждалады, ал мамандандырылған БЖ диспетчерлік пунктке орнатылады, ол ЖҚ тәулік бойы байланысты қамтамасыз етеді және 25-тен 80 м дейін дәлдігімен оның орналасқан жерін анықтайды.

Диспетчерлік орталық Inmarsat C (LES) жүйесінің шамамен 40 жердегі станцияларына қосылған, оның қызметіне серік арқылы автомобильдің борттық жабдығына хабарламаларды тікелей беру кіреді (хабарламаларды жеткізу уақыты 5 минуттан артық емес). Диспетчерлік орталықта Inmarsat жердегі станциясына модем арқылы (беру хаттамасы X.25, X.400, TCP/IP) ДҚ орнатылған (минималды конфигурациясы — процессор Intel 486 төмен емес, ЖЖҚ 16 Мбайт кем емес, CD-ROM).

Диспетчерлік орталықтың негізгі БЖ — Simac компаниясының Logiq Dispatch Interactive интерактивті басқаруға арналған құралдары – ресей жағдайларына толық бейімделген. Одан басқа, «Вектор» жүйесінің құрамына түрлі масштабты карталар жиынтығы бар арнайы картографиялық модуль кіреді. Logiq Dispatch бағдарламасы диспетчерге хабарламаларды алдын ала белгіленген нысанда жіберуге және алуға және ЖҚ координаттарын анықтауға, сондай-ақ жүктің ілеспе құжаттарына

өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді (ол үшін абоненттің жабдығының жиынтығына портативті термопринтер қосылады).

Автомобильде Logiq MDT (MDA) мобильді терминалы орнатылады, оған серіктік қабылдағыш-жібергіш және антенна тікелей қосылады. Logiq MDT борттық компьютері (V25 процессорының базасындағы) алдыңғы аспап панелінде орналасады және оның арнайы функционалды клавиштері жиынтығы бар дағдылы компьютерлік пернетақтасы және қысқа хабарламаларды немесе нысандарды (40 символдан төрт баған) шығаруға арналған кішкене сұйық кристалды экраны бар.

Серіктік антеннаның биіктігі шамамен 13 см негізімен бірге 15 см және GPS сигналдарын қабылдауға және Inmarsat жүйесінде деректермен алмасуға арналған.

« **Котлин** » **жүйесі** орындайтын функциялары бойынша «Вектор» ақпараттық-навигациялық жүйесіне ұқсас. Онда ОЖА үшін СНС ГЛОНАСС, GPS, WAAS, EGNOS сигналдары пайдаланылады.

«Котлин НСТ-10Ш» автомобиль навигациялық-байланыс терминалының модемі, сондай-ақ УҚТ-радио станциясы бар GSM стандартының телефоны. ЖҚ жағдайын анықтау бойынша МОМЖ функцияларын қамтамасыз ету үшін бортта датчиктерден контроллер орнатылған (алты кіріс).

Шағын габаритті инерциалды серіктік навигациялық жүйе (КИСНЖ) доңғалақты көлік құралдарына арналған, оның құрамына GPS/ГЛОНАСС екі жүйелі қабылдағыш негізіндегі СНЖ, бағамдық пьезокерамикалық гироскоп, одометр, экран және жердің электронды картасын көрсетуге арналған БЖ (MapInfo форматында орындалған). КИСНЖ одометр көрсеткіштері, электронды картаның деректері, ЖҚ нөлдік жылдамдығы бойынша түзету жүйесі әзірленген.

Өз құрамында СНЖ жоқ КИСНЖ модификациясы бар, ол бір рет дәл есептелген географиялық координаттармен бастапқы нүктеге қатысты өткен жолды өсіру қағидасы бойынша жұмыс істейді.

Сонымен қатар, УҚТ-диапазонында жұмыс істейтін барлық жүйелерге оларды кейбір МОМЖ пайдалануға мүмкіндік бермейтін кейбір маңызды шектеулер тән:

- радио жиілік спектрін тиімсіз пайдалану (бөлінген жиіліктердегі Conventional Radio режимі, пакеттік радио модемдерде қолданылатын AX25 хаттамасының аса көптігі, қайта сұрау арқылы қателерден қорғауды жүзеге асыру, сөйлеу

арнасының жолағын пайдалану арқылы деректерді берудің төмен жылдамдығы және осының барлығының салдарынан жүйенің төмен өткізушілік қабілеті);

- үлкен аумақты радио жабуды ұйымдастырудың күрделілігі. AX25 хаттамасымен қарастырылған қайталамасы бар ретротрансляторлар (диджипитерлер) арқылы беру режимі тек тартылған автомобиль жолдарының бойында тиімді жұмыс істеуі мүмкін;

- деректерді алу мақсатында, сондай-ақ деректерді беру желісінің инфрақұрылымын заңсыз пайдалану мақсаттарында бөтендердің кіруінен жүйенің әлсіз қорғалғандығы;

- осындай жүйе шын мәнінде әр ЖҚ үшін 1 ...5 мин ақпаратты жаңарту мерзімімен 10-20 автомобиль жолдарының орналасқан жеріне бақылауды қамтамасыз ете алады.

Logiq Dispatch жүйесі алыс жүк тасымалдауды диспетчерлендіруге арналған және автомобильдерге орнатылатын Inmarsat C СБЖ терминалдарының негізінде жүзеге асырылады.

ПРИН фирмасының ерекше әзірлемесі — *«ПРИН ИДС»* БЖ қысқа мерзімде кішкене көлік паркін көп функционалды қадағалау және жедел бақылау жүйесін жаюға мүмкіндік береді.

«Magellan-M» жүйесінде («Транснетсервис» фирмасы) БЖ модульдік принцип бойынша әзірленген және аппаратураның қолданылатын түрлеріне, байланыс жүйелеріне жеңіл бейімделуі, тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасына (ТТ) сәйкес міндеттер құрамын өзгертуі мүмкін. Диспетчерлік жүйелерде борттық аппаратура ретінде KENWOOD фирмасының навигациялық және байланыс аппаратурасын қолдану ұсынылады: алты арналы навигациялық қабылдағыш және радио модем және автомобиль радиостанциялары кіретін GPS Modem модулі. Онда ақпаратты бөгеуілге тұрақты кодтау және ақпаратты ықшамдау, борттық датчиктерді және орындаушылық құрылғыларды қосу мүмкіндігі, ЖҚ топтық кодтау, топта ақпаратты берудің синхронды режимі сияқты функциялар жүзеге асырылған.

GPS Modem модулі KENWOOD фирмасының радиостанцияларымен Conventional Radio режимінде, сондай-ақ транкинг жүйелерінде (LTR и MPT1327) жұмыс істеуге бейімделген. Алайда олар басқа фирмалардың радиостанцияларында да пайдаланылуы мүмкін (функционалдық мүмкіндіктерін кейбір төмендету арқылы).

«Термотех» фирмасымен әзірленген жүйенің негізі осындай жүйелердің функцияларының барлық спектрін қолдайтын

навигациялық-байланыс контроллері болып табылады. Борттық аппаратура тәулік бойы үздіксіз жұмыс режимін қамтамасыз етеді. Навигациялық-байланыс контроллерінің құрамында СРНС GPS және ГЛОНАСС навигациялық қабылдағыштары пайдаланылуы мүмкін. Байланыстың автономды арналарымен (УҚТ, СиБи), транкинг жүйелерімен, байланыстың ұялы және серіктік арналарымен жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылады. Контроллерге орталықтан командаларды көрсету үшін және оператормен ақпараттық хабарламаларды енгізу үшін дисплей және пернетақтасы бар терминал қосылуы мүмкін. Диспетчерлік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі электронды картадағы ЖҚ орналасқан жерін көрсетуді, дауыс байланысына экипажды шақыруды, жүйеде болып жатқан оқиғалар туралы барлық ақпаратты қабылдауды және жазуды, көлік құралдарының қозғалысының берілген маршруттарындағы ауытқулар туралы операторға сигнал беруді, дифференциалды түзетулерді қалыптастыруды жүргізеді.

«Юником» фирмасы стандартты УҚТ-радиостанциясына (габаритті өлшемдері 1 дм³ кем емес) қосылатын жеке әзірлемесінің борттық навигациялық кешені негізіндегі **«Юником-AVL»** жүйесін ұсынады. Диспетчерлік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі электронды картадағы ЖҚ орналасқан жерін (255 дейін) көрсетуге мүмкіндік береді. Борттық кешеннің габаритті өлшемдері қолданылатын байланыс жабдығының габаритті өлшемдеріне байланысты (0,5-тен 2...5 дм³ дейін). Орталық телеграф Мәскеу аумағында Rascal және Sprint фирмаларының технологиясының базасындағы **РАДИОТЕЛ** жалпы пайдалануға арналған деректерді берудің радио пакеттік желісін енгізді.

РАДИОТЕЛ желісінің құралдары бекітілген және мобильді орталарда деректермен жылдам және сенімді алмасудың таратылған жүйелерін құру бойынша кең мүмкіндіктері бар. Радио желі арқылы борттық жабдық және орталық компьютердің арасындағы деректермен алмасуға, орталық ДБ қатынау, апаттық қызметтермен және қауіпсіздік қызметтерімен өзара әрекеттесу мүмкін. РАДИОТЕЛ желісі қосылуды тез орнатуды қамтамасыз етеді (шамамен 5 с), оның деректерді қорғаудың, қателерді түзетудің құрылған механизмдері бар. Желі пакеттерінің коммутация орталығы X.25, X.75, X.3/X.28/X.29, SNA/SDLC хаттамаларын қолдауды қамтамасыз етеді.

Байланыстың ұялы жүйелерін пайдалану борттық аппаратураның

габаритті өлшемдерін, жеке электромагнитті сәулеленулердің деңгейін (және тиісінше аппаратурамен борттық желіден немесе автономды электр қуат көзінен тұтынылатын қуатты) төмендету қажет болған жағдайда, сондай-ақ жүйенің қолданылуының үлкен аумағын қамтамасыз ету қажет болғанда өзін ақтайды. Бұл тұрғыдан ұялы жүйелер жақын қолданылу жүйелерінің (қалалық, өңірлік) және жаһандық қолданылу жүйелерінің (ұлттық және халықаралық роумингінің арқасында) қолданылу саласын жабады.

«Грант—Вымпел» компанияларының тобы «СОТЕЛ» федералды желісімен бірлесіп, желі абонентінің ОЖА ұялы байланыстың функционалдық мүмкіндіктерінің негізінде **GrantGuard** MOMЖ ұсынады. Борттық навигациялық кешен комплектацияның бірнеше нұсқаларында жеткізіледі. Минималды комплектацияда ұялы телефонға қосылатын модемі бар мамандандырылған навигациялық есептегіші пайдаланылады. Борттық кешен диспетчерлік орталыққа ЖҚ орналасқан жері және оның жағдайы туралы деректерді беруді (қосылатын датчиктерінің құрамына байланысты), штаттық емес жағдайлар туралы хабарламаларды беруді қамтамасыз етеді. Арнаның диспетчерлік орталықтың компьютерімен коммутациялау уақыты бірнеше минутқа жетуі мүмкін, бірақ деректерді беру уақытының өзі 20 с аспайды, оның арқасында шақыру телефон желісінде тарифтелмейді. Бұл ретте, телефон арқылы сөйлеуді жүргізу үшін телефонды пайдалану мүмкіндігі сақталады. Кеңейтілген комплектацияда навигациялық есептегішке портативті компьютер қосылады, ол «мобильді кеңсе» режимінде жұмыс істей алады, автонавигатор қызметтерін орындай алады, орталықтың ақпараттық базаларына қатынауды қамтамасыз ете алады.

Автокөлік MOMЖ әзірлеуші фирмалары мен жеткізушілері ОЖА жабдығын, телекоммуникация құралдарын және мамандандырылған компаниялардың БЖ пайдаланады. Келесі әзірлемелер мысал бола алады.

«КОРД» фирмасы TESLA фирмасымен бірлесіп борттық жабдықтарды және деректерді беру құралдарын жобалайды және жеткізеді. Навигациялық жабдық, модем және радиостанция бірыңғай құрылымдық блокқа біріктірілген. Борттық терминалды дисплеймен және пернетақтамен қосу мүмкіндігі бар. Деректерді берудің жеке хаттамасы радиожиліктік спектрді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, диспетчерлік орталықтың БЖ векторлық, сондай-ақ расторлық электронды карталармен де жұмыс істейді.

«ГеоСпектрум» фирмасы радиобайланыс жүйелерінің кең

таңдау спектрі бар біріктірілген жабдықты ұсынады: пакетті радиобайланыс, LTR, MPT1327 транкинг жүйелері, Edacs, серіктік байланыс желілері. Диспетчерлік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі байланыс жүйелерінің жаңа түрлерін функционалды қосуға мүмкіндік береді.

«ГеоСпектрум» фирмасының картографиялық департаменті Ресейдің түрлі өңірлерінің электронды карталарының кең номенклатурасын ұсынады. Диспетчерлік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі жеке «Панорама» ГАЗ құралдары арқылы, сондай-ақ басқа ГАЗ арқылы іске асырылады. Борттық компьютердің әзірленген модулі автонавигатор ретінде пайдаланылуы мүмкін: оған стандартты автомобиль телевизорын (Alpine, Clarion фирмаларының) қосқанда экранда электронды карта шығады, онда ЖҚ ағымдағы жағдайы көрсетіледі, оңтайлы маршрутты салу бойынша ұсыныстар беріледі. Борттық компьютерге аналогты немесе байланыс датчиктері, шағын габаритті бейнекамера қосылуы мүмкін.

ЖҚ қозғалысының параметрлерін жинаудың «БНП-Транс» аппаратурасы қызық мүмкіндіктерді ұсынады. Аппаратура ЖҚ орнатылады (соның ішінде қызмет көрсететін қызметкерлерден жасырын қондырғы рұқсат етіледі) және автономды режимде GPS СНЖ сигналдары бойынша алынған маршрут нүктелерінің координаттарын жинауды жүргізеді. Борттық датчиктердің көрсеткіштері қосымша белгіленуі мүмкін (салонның немесе контейнердің есіктерін ашу-жабу фактілері, отын шығын өлшегішінің көрсетімдері және рефрижератор температурасының өлшеуіші).

Энергиядан тәуелсіз жадының сыйымдылығы 20000 жол нүктелерін белгілеуге мүмкіндік береді, ол бірнеше апта ішіндегі автомобиль маршрутын сақтау үшін жеткілікті. Жинақталған деректерді өңдеу кезінде маршруттық тапсырмадан (уақыты немесе орны бойынша) ауытқу орындары, жүкке санкцияланбаған әсер ету талпыныстары, аппаратураға немесе навигациялық антеннаға әдейі әсер ету (борттық қуат көзін ажырату арқылы) талпыныстары анықталады. Жинақталатын ақпарат орындалған маршруттар бойынша деректерді статистикалық өңдеу негізінде маршруттарды оңтайландыруды жүргізуге, тасымалдаудың қауіпсіздігі мен үнемділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы аппаратура алыс тасымалдауды жүзеге асыратын автотасымалдаушыларға арналған. Жабдықтың құнына және жүйе пайдаланушыларының қызметтерін төлеуге қатысты кейбір шетелдік фирмалардың маркетингтік

зерттеулері жүйе абоненттерінің (мысалы, жүк тасымалдаушыларының немесе қымбат автокөліктері иелерінің) жалпы шығыстары олардың мүлігінің құнынан 4...5 % аспауы тиіс екендігін көрсетеді. ОЖА жүйелерінің ресейлік өндірушілері диспетчерлік жүйелер және бір автомобильге 12-ден 14 мың руб. дейін диапазонында автомобильдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелері үшін борттық жабдықтардың құнын бағалайды. Электрондық картасы бар диспетчерлік орталықтың БЖ құны 250-ден 500 мың руб. дейін шегінде өзгеруі мүмкін (орындалатын функцияларынан, бақылау объектілерінің санынан, пайдаланылатын байланыс жүйесінен тәуелді). Байланыс арналарын жалдауды төлеу немесе жалпы пайдаланыстағы байланыс желілерінің қызметтерін төлеу құны бір көлік құралы үшін айына 1 200-ден 1 500 руб. дейін құрайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. «Жаһандық жайғастыру» терминіне анықтама беріңіз.
2. ОЖА басқа, тағы қандай қосымша жүйелер ММЖ құрамына кіреді?
3. ОЖА жаһандық серіктік жүйелерінде жайғастыруды орындау үшін қандай әдістер пайдаланылады?
4. Жаһандық серіктік жүйелерді атаңыз.
5. GPS- NAVSTAR серіктік жүйесінде қандай кодтар пайдаланылады?
6. ММЖ қандай байланыс құралдары пайдаланылуы мүмкін?
7. Автокөлік құралдары мониторингінің жүйесі қандай сипаттамалары болуға тиіс?
8. ММЖ жүйесінің тиімділігін анықтаған кезде ең алдымен қандай факторлар есепке алынады?
9. ОЖА жүйелерін мақсаты бойынша қалай жіктеуге болады және ең бірінші кезекте қандай техникалық параметрлер ескеріледі?
10. ОЖА әдістерін қандай үш санатқа бөлуге болады?
11. Ғарыш аппаратының қандай басты құрауыштарын сіз білесіз? Олардың функционалдық мақсаттарын атаңыз.
12. Айналма орбиталарда жұмыс істейтін СБЖ негізгі

техникалық-экономикалық көрсеткіштерін үш топ бойынша келтіріңіз.

13. Автомобильдік тасымалдауды орындаған кезде МОМЖ бірге пайдаланылатын серіктік байланыс жүйелерін атаңыз.

14. УҚТ-диапазонында жұмыс істейтін МОМЖ қабылдау-жіберудің қосымша жүйелеріне қандай маңызды шектеулер тән?

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІН ЖЕДЕЛ ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚОСЫМША ЖҮЙЕЛЕРІ

6.1. ТАСЫМАЛДАУДЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУДЫҢ ҚОСЫМША ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Тасымалдауды орындау процестерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру саласындағы мемлекеттік көліктік саясатты іске асыру ақпаратты алу көздері мен әдістерінің шынайылығынан тәуелді. Автомобиль көлігімен тасымалдаудың, ең алдымен жолаушылардың және қауіпті жүктердің қауіпсіздігін ақпараттық қамтамасыз ету Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің (Ресей ИМ) органдарымен, жедел медициналық жәрдем қызметімен, сондай-ақ Ресей Федерациясы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және зілзала апаттардың салдарын жою істері жөніндегі министрлігінің бөлімшелерімен (Ресей ТЖМ) жедел өзара әрекеттестігінің кезінде іске асырылуы мүмкін екендігін ескере отырып, Ресей Федерациясының Көлік министрлігінің (Ресейдің Көлік министрлігі) Автомобиль көлігінің департаменті жердегі көлік кешеніндегі (КК) информатика, байланыс және навигация саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыруға ерекше назар аударады.

Жердегі көлікті басқару жүйелерінің технологиялық шешімдерінің бірлігі, қолданылатын радионавигациялық жабдықтары мен байланыс жабдықтарын біріздендіру және түйістіру, орны мен уақытын көрсете отырып, *жол-көлік оқиғаларының* (ЖКО), ТЖ бірыңғай деректер банкінің қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Жолдардың жеке учаскелері бойынша статистикалық деректердің негізінде көлік ағындары қозғалысының орташа жылдамдығын, ЖКО санын бағалауға және ұсыныстар беруге болады, мысалы, Ресей ИМ МЖЖҚИ, рұқсат етілген жүру жылдамдығын өзгерту, бағдаршамдарды орнату, сондай-ақ

жүру жолақтарының санын көбейту қажеттілігі туралы ұсыныстар және т.б. бойынша.

Осы жағдайда тасымалдауды АБЖ диспетчерінің рөлі тек ЖҚ жұмысын ұйымдастыруда ғана емес, сонымен қатар келудің минималды уақыты жағдайында маршрут нұсқасын таңдаумен техникалық, медициналық және басқа көмектің ЖҚО немесе ТЖ орнына баруды қысқа мерзімде ұйымдастыру мүмкіндігін іздеуден тұрады. Бұл ретте, барлық сөйлесулер, сондай-ақ электрондық картада төңіректі көрсетіп, трассаны және ЖҚ жүру уақытын жазу жүргізіледі.

Егер қалалық жолаушылар, сондай-ақ мамандандырылған және жүк көлігін басқарудың иерархиялық құрылымында ЖҚ ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қарастыратын болсақ, ода басқару деңгейлері бойынша ол мына функционалдық міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары деңгейде (қала әкімдігі) қалалық жолаушыларды тасымалдауды, сондай-ақ әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың диспетчерлік және ақпараттық жүйелерінің арасындағы деректерді тиімді алмасу мүмкіндігімен бірыңғай ақпараттық базасында қалалық басқару жүйесінің ең маңызды салаларына қызмет көрсететін көліктік процестерді орталықтандырылған басқаруды ұйымдастыру міндеттері шешіледі. Одан басқа, міндеттердің белгілі шеңберін орындаған кезде, қалалық қызметтердің көлік және басқа да бөлімшелерінің әрекеттерін үйлестіру қамтамасыз етіледі. Басқару объектілерін реттеу негізінде ЖҚ үздіксіз мониторингінің және оны пайдалану нәтижелерін кейін талдау қағидасы жатыр. ҚК даму бағыттарын әзірлеу және қала шетіндегі жүктерді тасымалдауды орындайтын АКК және жеке тасымалдаушыларға арналған ұсыныстарды шығаруды жетілдіру жүргізіледі.

Диспетчерлік басқару орталықтарының деңгейінде (ДБО) ЖҚ қауіпсіздікті және тиімді пайдалануды қамтамасыз етумен, жолаушылар, технологиялық және арнайы көлікті диспетчерлік басқарумен байланысты, жедел міндеттер шешіледі.

Жүк көлігін ұйымдастыру және басқару саласында тасымалдауды АБЖ пайдалану логистикалық тізбектерді оңтайландыру, соның ішінде интермодалды тасымалдауды ұйымдастыру кезіндегі міндеттерді шешуге сөзсіз апарады. Жалпы пайдалануға арналған жолаушы көлігін автоматтандырылған басқаруды іске асыру контурындағы жүйенің жұмысы кезінде шешілетін негізгі міндеттер 6.1-кестеде берілген.

Технологиялық қамтамасыз ету	Маршруттардың және маршруттық кестелердің паспорттарын ДБ автоматтандырылған қалыптастыру және жүргізу, қозғалыс кестелерін (тоқтау, жүргізушілерге арналған және т.б.) дайындау және шығару, қала және қала маңындағы аймақтың электрондық картасын жасау және сүйемелдеу, маршруттық желіні түсіру және түзету, жедел ауысымдық-тәуліктік тапсырмаларды (нарядтарды) қалыптастыру
Автоматтандырылған жедел басқару	Көлік жұмысын орындайтын ЖҚ маршрутталған қозғалысын бақылау және жоспардан барлық ауытқулар туралы хабарламаларды автоматты режимде беру. Диалогты режимде диспетчердің басқарушылық әсерлерін іске асыру. ЖҚ желіге шығару процесін автоматты бақылау. Шынайы уақыт режимінде желіге ЖҚ шығару туралы нақты деректер бойынша нарядты түзететін ақпаратты енгізу. Тасымалдар процесінің жағдайы туралы жедел анықтамаларды
Екіжақты байланысты қамтамасыз ету	Көліктік жұмысты орындау барысында, сондай-ақ төтенше жағдайлардағы диспетчерлер мен көлік құралдарының жүргізушілерінің радиобайланысы
Шығыс есептік деректерді жасақтау	Кезекті жоспарлы тәуліктің соңында есептік деректерді шығару, ал ерікті өткен уақыт мерзіміне — сұрау бойынша, соның ішінде өсу қортындысымен
Деректерді ұзақ уақыт сақтау мұрағаттарын құру	Навигациялық ақпараттың, нарядтардың, диспетчерлер мен жүргізушілердің әрекеттері хаттамаларының деректерін тәулік сайын мұрағаттауды орындау (басқарушы әсерлер, баяндамалар, сөйлесу сеанстары және т.б.). Есептік деректерді қайта талдау мақсатында мұрағат ақпаратына қолжеткізуді қамтамасыз ету
Алыстан қолжеткізу сеанстарын қамтамасыз ету	Деректерге қол жеткізудің белгіленген құқықтары мен шектеулерінің есебімен қала әкімшілігінің лауазымды тұлғаларының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін іріктеуді іске асыру

Тапсырма берілісі	Міндеттерді шешуге арналған жұмыстардың мазмұны
Алыстан қолжеткізу сеанстарын қамтамасыз ету	Интернет ақпараттық желісінде қалалық көліктің жүру кестелерін және жұмысы туралы деректерді жариялау
Хабарландыру, құлақтандыру және жедел ақпаратты беру	ЖКО және басқа да ТЖ туындаған жағдайда, Ресей ПМ, жедел медициналық жәрдем және Ресей ТЖМ қызметтеріне ЖҚ; көлік құралдары қозғалысының нақты кестелері туралы ақпаратты аялдамалық таблоларда орналастырумен қоғамдық көлік аялдамаларында жолаушылардың орналасқан жері туралы ақпарат,
Пластик смарт-карталарды қолдану	Халықтың көліктік қызметтер үшін ақшасыз есеп айырысуын қамтамасыз ету; жеңілдік санатты азаматтардың жол жүруін есепке алу; жолаушылар ағыны туралы деректерді жинау және қалалық КК жұмысына талдау жүргізу

Қалалық жолаушылар көлігінің (ҚЖК) қызмет етуі өзімен көптеген факторларға тәуелді жиі өзгерістерге ұшырағыш, жеткілікті күрделі технологиялық процесті білдіретін есепке ала отырып, болған өзгерістер туралы ақпарат жолаушыларға және барлық мүдделі лауазымды тұлғаларға жедел түрде жеткізілуі тиіс. Бұл әсіресе төтенше жағдайда, штаттан тыс ахуалдарда, жаппай қоғамдық-саяси, мәдени және спорттық іс-шаралар өткізгенде маңызды. Бұл мақсаттарда дәстүрлі құралдар пайдаланылады, мысалы, радио және теледидар. АБЖ өрістетумен көліктің жұмысы туралы ақпарат, сондай-ақ жүйенің арнайы электронды таблоларын және Интернетті пайдаланумен қала тұрғындарына жеткізілуі мүмкін.

ҚЖК басқару жүйесінде жолаушылар көлігінің басты аялдамаларында орнатылатын ақпараттық таблолардың маңыздылығын атап өту қажет. Табло нақты уақыт масштабында ОЖБ таблоға берілетін кестелер және ЖҚ қозғалысының нақты кестелері туралы ақпаратты, метеорологиялық ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді. Тасымалдау процесінің негізгі операцияларын үздіксіз бақылау туындайтын бұзушылықтарды жедел анықтауға, себептері мен кінәлі адамдарды табуға және тасымалдау жоспарынан тыс пайда болатын ауытқуларды жою бойынша шараларды уақытында қолдануға мүмкіндік береді (6.1-сурет).

ТЕКУЩИЕ ОТМЕТКИ ТРАНСПОРТНОГО СРЕДСТВА

ТС: 952

Время нач.	Время кон.	Продолж.	Событие	Объект	Датч.	Пробег
00:56	00:58	00:02	Движение	-		1.10
00:58	00:58	00:00	Движение	-		0.03
00:58	00:58	00:00	Движение	АЗС№576		0.17
00:58	00:59	00:01	Движение	АЗС№576		0.18
00:59	00:59	00:00	Движение	АЗС№576		0.42
00:59	01:00	00:01	Движение	-		0.32
01:00	01:00	00:00	Движение	-		0.44
01:00	01:01	00:01	Движение	-		0.11
01:01	01:01	00:00	Движение	-		0.03
01:01	01:02	00:01	Движение	-		0.37
01:02	01:03	00:01	Движение	-		0.53
01:03	01:03	00:00	Движение	-		0.36
01:03	01:04	00:01	Движение	-		0.11
01:04	01:04	00:00	Движение	-		0.09
01:04	01:05	00:01	Движение	-		0.37
01:05	01:05	00:00	Движение	-		0.03
01:05	01:06	00:01	Остановка	-		0.00
01:06	01:06	00:00	Движение	-		0.02
01:06	01:06	00:00	Движение	АЗС№573		0.31
01:06	01:06	00:00	Движение	АЗС№573		0.02
01:06	01:07	00:01	Движение	-		0.80

Обновить

Выход

6.1. Бақылау пункттеріне қатысты жеке көлік құралдарының қозғалысы туралы ақпарат берілген кесте

Автобус қозғалысын бақылау жүйелерінде индуктивті байланыс қағидаларын пайдаланатын қарапайым жүйелерден бастап («ДИСТОН», «НАЛЬ- МАС») ОЖА серіктік жүйелеріне негізделген, күрделі жүйелерге дейін, ұқсас технологиялық шешімдер қолданылады. Осылайша, қалада жүйенің өрістеуімен жердегі жолаушылар көлігінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз етумен және халықты оның жұмысы туралы хабарландырумен байланысты жаңа ақпараттық өріс жасақталады.

Диспетчерлік басқару орталығы сервер-клиентінің архитектурасы және қала әкімдігінің, көлік кәсіпорындарының және қоғамдық қауіпсіздік қызметтерінің кезекші бөлімшелерінің АЖ қосылу мүмкіндігі бар ЖЕЖ базасында құрылады.

Қолдағы интерфейстер бірнеше санатты ЖҚ басқаруды қамтамасыз етеді:

- қалалық және қала маңындағы жолаушыларды тасымалдауды орындайтын автобустар;
- троллейбустар;
- технологиялық көліктер;

- арнайы көліктер;
 - бірінші кезекте қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүк көліктері.

ЖҚ әр санатына орналасқан жері туралы деректерді беру және пайдаланушыларды ақпараттық қамтамасыз ету бойынша мамандандырылған талаптар қойылады.

6.2. МАРШРУТТАРДАҒЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕДЕЛ БАС ҚАРУ МІНДЕТТЕРІН ҚОЮ

Тасымалдауды ұйымдастыру жүйелерінің, соның ішінде диспетчерлік қызметтердің орта және жоғары деңгейлерінің басқарушылық құрылымдарында шешімдерді шығарудың шешімдерді қабылдаудың іскерлік процесінің дербес сипаттары бар.

Жедел реттеу *жүк автомобиль көлігін жедел басқарудың автоматтандырылған жүйесінде* (Ж-ЖБАЖ) ең белсенді функционалдық әрекеттердің бірі болып табылады. Тасымалдау процесіне басқарушы әсерлерді тұжырымдау қарапайым қадамдардың жүйелілігін қалыптастыру (іске асыру) және эвристикалық шешімдерді оңтайландыру әдісімен бірге әр бөлек қадамда шешімдер қабылдауға эвристикалық тәсілде негізделеді.

Әр қарапайым қадамда тасымалдау процесінің барысы, солай жүйеде қолданылатын шектеулер сипатталатын, кейбір жеке белгілері анықталады. Бұл белгілер өздерінің таразыларымен бірыңғай өлшемдерге біріктіріледі, ал шешім осындай белгілердің өздерінен, солай оларға тіркелген таразылардан тәуелді шешім.

Ж-ЖБАЖ реттеудің бас міндеттері:

- тасымалдауды орындау бойынша жоспарлы тапсырмадан ауытқуларды жедел жою;
- еңбек ресурстары мен көлік құралдарын ұтымды қайта бөлу;
- ең қысқа қашықтықтар матрицасы бойынша (уақыт) есептер базасындағы жедел басқарушылық әсерлерді қолданып, ұтымды маршруттармен тасымалдаудың жоспарлы көлемдерін орындау;
- автомобильдердің және тиеу-түсіру пункттерінің жұмыс режимін өзгерту, демалыс және мерекелік күндері, сондай-ақ екінші және үшінші ауысымда жұмысты ұйымдастыру ж.т.б.;

Тасымалдау жоспары өзгерген жағдайда, түзетілген ауысымдық-тәуліктік тапсырма беріледі, ол Орталық диспетчерлік станция (ОДС) басшысымен расталған кезде ДБ белгіленеді, АКК және клиенттерге беріледі. Клиенттердің арасында ЖҚ қайта бөлу шектеулі сипатты болады, өйткені ЖҚ пайдалану жағдайлары АКК экономикалық жоспарларында ескерілген.

Жедел режимде Ж-ЖБАЖ оңтайлы қызмет етуінің мақсаттарына жету үшін реттеу факторлары болып табылады:

- заманауи аппараттық-техникалық және бағдарламалық құралдарын қолданып жедел басқаруды орталықтандыру қағидасын пайдалану;
- тасымалдау процесінің жағдайын көрсететін ақпаратқа пайдаланушылардың жедел қолжеткізумен нақты уақыт режимін қамтамасыз ету;
- жүйенің қызмет етуін саралау және оны жетілдіру үшін ұсыныстарды беру.

Ж-ЖБАЖ қызмет ету процесінде басқару объектілерін күрделі ауытқу жағдайында қолданылатын көпшілікке қызмет көрсету жүйесі ретінде қарау қажет, ал диспетчер процестің реттеушісі ролінде шығады.

Ж-ЖБАЖ және АКК ОДБ жұмысшыларының басты міндеті, бұл мақсаттар үшін тасымалдау процесінде қамтылған материалдық және еңбек ресурстарын реттеудің ұтымды әдістері мен алгоритмдерін пайдаланып, АТЖ орындаған жағдайда, басқарушылық шешімдер арқылы тасымалдау процесін оңтайландырудан тұрады. Басқару алгоритмдері екі құрама бөліктер түрінде іске асырылады: АТЖ жалпы қайта жоспарлау алгоритмі, онда ресурстарды реттеу орындалады, және жедел ақпарат базасында тасымалдау процесінің орындалу барысында АТЖ жергілікті қайта жоспарлау алгоритмі.

Ж-ЖБАЖ қызмет ету процесінде жергілікті қайта жоспарлауға және оның алгоритмін жетілдіруге артықшылық беріледі. Осы жағдайда реттеу процесі мына құрауыштардан тұрады:

- тасымалдау процесінің өтуін ағымдағы бағалау;
- жоспарланатын кезеңнің аяғына АТЖ орындауды болжамдау;
- жергілікті қайта жоспарлауға шешімдерді қабылдау;
- жаңа АТЖ орындаудың тактикасын тұжырымдау;
- жоспардың жаңа нұсқасын орындаушыларға жеткізу;
- орындаушылармен басқарушылық шешімдерді орындауды бақылау;
- АТЖ орындауды қамтамасыз ету.

Ж-ЖБАЖ жедел есепке алу және талдау нақты деректердің

белгіленген жиынтығын жинау, өңдеу және тиісті жоспарлы және нормативтік шамалармен салыстыру арқылы жүктерді тасымалдау процесінің жүрісін көрсетеді.

Шығыс ақпарат АТЖ орындау бойынша ЖҚ жұмысын сипаттайтын құжаттар болып табылады, соның ішінде жоспарды орындамау себептері туралы ақпарат, есептік кезеңдегі статистикалық деректер және т.б. Есептік деректердің негізінде талдау жүргізіледі. Талдау кезеңінде шығыс ақпарат жоспарды орындамау себептерін сипаттайтын құжаттар, оны өтеу бойынша ұсыныстар, ЖҚ жұмысының көрсеткіштері, Ж-ЖБАЖ диспетчерлері мен операторларының жұмысын қызметін талдау. Жүктерді тасымалдау процесін есепке алу және талдау бойынша жұмыстарды орындау үшін Ж-ЖБАЖ қызметкерлерімен келесі жұмыстар орындалады:

- клиенттерді, жүк ағынын және тасымалдау жағдайларын зерттеу;
- АКК тасу мүмкіндіктері және объектінің техникалық құралмен жабдықталушылығы теңгерімінің есебімен тасымалдаудың мүмкін көлемдерін анықтау;
- көліктік жұмыстың жедел есебінің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану, тасымалдауды бақылау және реттеудің прогрессивті әдістерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу;
- Ж-ЖБАЖ операторымен диалогты режимді қамтамасыз ету үшін, нақты объектіде терминалдарды, перифериялық құрылғыларды және байланыс құралдарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу;
- ТҚК жұмысында ақпаратты беруді резервілеу жүйесін әзірлеу және т.б.

Нарықтық қатынастарға өту жағдайында Ресейде АКК қызметін ынталандыруда өзгерістер болды. Негізгі мақсат максималды пайда алу болды. Көптеген кәсіпорындар тасымалдауында пайда болатын қажеттіліктерді жедел қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өз ЖҚ пайдалануды таңдады. Алайда тасымалдауды жүзеге асырудағы икемділіктің кері жағы бар — ЖҚ тасу мүмкіндіктерін пайдаланудың төмен коэффициенті.

Жеткізу маршрутының негізгі типі маятникті маршрут болды, сонда тауарды тасымалдауға шығындар сауда кәсіпорынымен оның ақырғы құнына кіргізіледі және тауарды сатып алу бағасының 10...20% жетуі мүмкін.


Көліктік қызмет көрсетудің оңтайлығының өлшемдерін тұжырымдаудағы бірінші кезектегі қиындық — міндетті шешу тиімділігі ұғымын экономикалық тұрғыда мақсатты білдіру қажеттілігі, содан соң, осы ұғымды жалпы міндет қойылымымен келісілген нақты формалды сөйлемдермен дәлірек түсіндіру.

Ж-ЖБАЖ маршруттау міндеттерінің шешімдерін оңтайландыру

тасымалдау процесінің сандық сипаттамаларын пайдалануды болжайды:

- тасымалдауға жоспарланатын жүктің көлемдік-салмақтық сипаттамалары;
- пайдаланылатын көлік құралдарының шекті саны;
- жоспарланатын жиынтық көліктік жұмыс;
- автомобильдердің жиынтық жүрісі;
- маршруттардағы жүрудің және кірулердің саны (ЖҚ бірлігіне қатысты);
- жұмыстың жиынтық ұзақтылығы және т.б.

Бұл көрсеткіштер схема түрінде көрсетуге болатын оңтайландыру өлшемдерін белгілейді (6.2-сурет). Көп өлшемді міндеттерді қоюды пайдалану кезінде, өлшемдердің өзара жақындығын бағалау және оларды өлшеу (ымырасы) мәселесі шешіледі.




6.2-сурет. Жүк автомобиль көлігін жедел басқарудың автоматтандырылған жүйесінде оңтайландыру міндеттерін шешудің оңтайландыру өлшемдерінің сыныптамасы

Басқарудың оңтайландыру міндеттерін шешу әдістері екі түрге бөлетінін атап өту қажет: дәл және жақын.

Жүк автомобиль тасымалдауды жоспарлаған кезде, басқару міндеттерін және оларды шешу өлшемдерін тұжырымдауда көлік процесі қатысушыларының (жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, көлік кәсіпорындарының) мүдделерінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Көбінесе осы түсініктер бірнеше оңтайландыру өлшемдері бар көлік жоспарлаудың мен оңтайландыру міндеттерін – көп өлшемді міндеттер

немесе векторлы оңтайландыру міндеттерін қоюға апарады. Автомобильдік тасымалдауды диспетчерлік басқару процестерін талдай отырып, мына міндеттер ең өзекті болып табылады деп атап өту қажет (6.3-сурет):



6.3-сурет. Таңдап алынған өлшемнен тәуелді жүктерді тасымалдаудың оңтайландыру міндеттерін шешу әдістерінің сыныптамаcы

- байланыстырылатын пункттердің арасындағы оңтайлы маршрутты жедел құру (берілген өлшем бойынша);
- кешенді өлшем бойынша оңтайлы, жүкті тасымалдау бойынша шарт бойынша шектеулердің есебімен байланыстырылатын пункттердің арасындағы маршрутты жобалау;
- ұсынылған нұсқалардың біреуін ЭЕМ – операторы диалогтық режимде кейін іске асырумен баламалық маршруттарды құру;
- бір берілген өлшем бойынша оңтайлы, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді пайдалану үшін маршруттық желіні есептеу;

- нақты уақыт режимінде объективті, солай субъективті факторларға негізделіп, тасымалдауға тапсырмаларды түзетуді жүргізу мүмкіндігімен ұтымды маршрутты желісін құру (мысал ретінде — жеткізбеу тәуекелін минимизациялау және қоршаған ортаға теріс әсерлерін азайту мақсатында онтайлы шешімдерді түрлендіру); уақыттың ағымдағы сәтінде КҚ ЖК дәл жағдайын анықтау және диспетчерлік қызметке деректерді беру.

Бұл міндеттердің әрқайсысы белгілі бір тапсырыс берушінің қажеттілігіне қарай белгілі бір өзгерістерге ие болуы мүмкін, алайда оларды бір ғана жағдай – диспетчердің КЖК жұмысы біріктіреді. Әдетте, КЖК салу үшін жол атластары, карталар, сұлбалар қолданылады. Формалды жоспарлауда КЖК төбелер мен оларды жалғастырушы доғалардың (қабырғалар, төбелер) жиынтығы түрінде модельдеп ұсыну өте жиі қолданылады. Жоспарлау кезінде төбелер ескеруге тұрарлықтай шынайы қиылыстар мен бекеттердің бейнесі болып табылады, мұндай жерлерде автомобиль парктері, жүк жөнелтушілер, жүк алушыларды орналастыру орындары болуы мүмкін. Көше, өту жолдары және жолдар доға ретінде беріледі, егер рұқсат берілген бағыттардың астын сызып көрсету маңызды болса, олардың бағыты нұсқармен көрсетіледі. Қала көшелері, даңғылдар, алаңдар, өту жолдары, тұрғын үй құрылыстары және т.б. аудандардың атаулары көрсетілген анықтамалық КЖК ДБ қажетті қосымша құрал болып табылады.

КЖК қосымшасын қолдана отырып орындалған, КЖК қабатымен көліктік аймақтың электронды картасын құрудың ақпараттық базасы қағаз планшеттер негізінде құрылған масштаб картасы 1:10000 аэрофототүсіру нәтижесі негізінде үнемі жаңартылып отырады. Электронды картаның аталмыш қабат базалары үйлер, кварталдар, жасыл алаптар, су объектілері, көшелердің осьтік сызықтары, темір жолдар, платформалар, метро жолдар, көпірлер, қоршаулардың геометриялық сипаттамаларын камтиды.

6.4-суретте тиеу-түсіру нысандарына қатысты көлік құралдарының орналасу орны мен ағымдағы жай-күйін бейнелейтін АЖО диспетчердің таблицалық үлгісі берілген.

ДИСПЕТЧЕР СИСТЕМЫ

Плановые задания Текущее состояние

ТС	Событие	Объект	Врем.нач.	Парк
H628KX177	Движение	-	11:34	СНТ
H629KX177	Остановка	НефтеБаза Видное	11:36	СНТ
H630KX177	Движение	-	11:07	СНТ
E552MO177	Движение	-	11:27	СНТ
E551MO177	Остановка	НефтеБаза Видное	11:48	СНТ
E952MO177	Остановка	НефтеБаза Видное	11:47	СНТ
E951MO177	Остановка	Гараж ВИДНОЕ	11:03	СНТ
C122EO199	Остановка	АЗС№411	11:43	СНТ
C123EO199	Остановка	НефтеБаза Видное	11:46	СНТ
T405MY177	Движение	-	11:40	СНТ
H630KX177	Движение	-	11:07	СНТ
E552MO177	Движение	-	11:27	СНТ
P951MC199	Остановка	Гараж ВИДНОЕ	08:41	СНТ
P952MC199	Остановка	НефтеБаза Видное	11:43	СНТ
P953MC199	Движение	-	11:33	СНТ

Обновить Отметки Пересчет

Сообщения о нарушениях: Отсутствие навигации

Время	ТС	Сообщение
21.09.2009, 11:49	C473AM199	Простой вне КП длительностью 72 мин.
21.09.2009, 11:30	X539BP199	Погрузка: 217 мин. (07:53-11:30) на Нефтебаза Старая Кулаена
21.09.2009, 10:46	T415MY177	Погрузка: 166 мин. (08:00-10:46) на Нефтебаза Старая Кулаена
21.09.2009, 10:31	H631KX177	Погрузка: 165 мин. (07:46-10:31) на Нефтебаза Старая Кулаена
21.09.2009, 10:18	T417MY177	Разгрузка: 618 мин. (00:00-10:18) на АЗС№142
21.09.2009, 09:56	E951MO177	Разгрузка: 370 мин. (03:46-09:56) на АЗС№003
21.09.2009, 09:44	M366EC199	Погрузка: 183 мин. (06:41-09:44) на Нефтебаза Видное
21.09.2009, 05:20	X539BP199	Простой вне КП длительностью 81 мин.
21.09.2009, 04:53	K574MK199	Простой вне КП длительностью 59 мин.
21.09.2009, 04:50	P951MC199	Разгрузка: 132 мин. (02:38-04:50) на АЗС№594
21.09.2009, 04:43	E551MO177	Разгрузка: 129 мин. (02:34-04:43) на АЗС№430
21.09.2009, 04:13	X539BP199	Погрузка: 131 мин. (02:02-04:13) на НефтеБаза Видное
21.09.2009, 00:50	Y693ME177	Простой вне КП длительностью 43 мин.

Сортировка по: по времени

последние

Обновить

Выход

Программа

6.4-сурет. Бақылау пункттеріне қатысты көлік құралдарының орналасу орны мен ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат беруші диспетчердің АЖО терезелері

Жаңа типтегі Ж-АЖБЖ ақпараттық камтамасыз ету құрамына кіретін КЖК-косымшаның болашақтағы нұсқасына бейнепост каналдары, КЖК бойынша қозғалыс қарқынының датчиктері, қозғалысты ұйымдастырудың автоматтандырылған қызметі және т.б. каналдар арқылы алынған жедел ақпараттармен алмасу арқылы жол қозғалысын реттеуді АБЖ-мен бірге өзара тығыз қатынасқа бағдарланған.

Автомобильді жүк тасымалдауды жедел жоспарлау деңгейі үшін жүк жөнелтушінің жүк алушыға бір уақытта жіберетін жүктердің партиясы, бөліктері туралы ұғым негізгі болып табылады. Жүк партиясын бір мезгілде тасымалдауға ұсыну барлық жүк партиясын бір

көлікпен бір уақытта алып кету. Тасымалдауға тапсырыс беру кезінде партияларды бір уақытта шығарылатын бөліктерге бөлу өтінімі анық немесе жиі жанама түрде қойылады. Бұл автомобиль тасымалы үшін бір жүксыйғызғыштықтан асатын мөлшердегі жүк партиясын тасымалдауды ұсынған жағдайда қажет.

Егер автомобильдердің жүксыйғызғыштығы жүк жөнелтушілер жіберген жүк партиясынан асатын болса немесе (және) жүк партиясының мөлшері жүк алушылардың қажеттілігінен асып кеткен болса, ұсақ партияларды тасымалдауды жоспарлау міндеттері туады. Ұсақ партияларды тасымалдаудың айрықша ерекшелігі сол, олар ереже бойынша қала талаптарына сай орындалады, ал мұның өзі төмендегі сипатқа ие болады:

- ЖҚ жұмыс уақытының балансында тиеу-түсіру жұмыстарын орындау айрықша орын алады және жүктерді ауыстыруға біршама аз уақыт жұмсалады;
- қаладағы көлік қозғалысының қарқындылығы және КЖ жүктелу факторы жүктерді тасымалдауды жоспарлау және орындауға елеулі ықпалын тигізеді;
- көптеген сауда жүктерін тасымалдау көліктік көрсеткіштермен (салмақ, тасымалдау қашықтығы және т.б.) өлшенбейді, оның сақталуы (тез бұзылатын тамақ өнімдері, қымбат тұратын тауарлар) мен уақытында жеткізілуіне мән беріледі;
- қаладағы автомобильдер – қала ауасын ластаудың бір көзі және шу тудырудың негізгі көзі, сондықтан мұндай тасымалдауларды реттеу мәселесі күшеюде.

КЖК қолданумен ұсақ партиялы тасымалдарды жоспарлау міндеттерін шешуге бағытталған БӨ спектрі анықтамалық-ақпараттық функцияларды жүзеге асыратын және әдеттегі қолданушыдан бастап, түрлі қызмет түрлерімен айналысатын мекемелердегі кәсіптік жұмыстарға арналған күрделі жүйелерге дейін бағдарланған жай қосымшалардан бастап жайылады.

Осыған ұқсас БӨ әзірлеген ресейліктер 1991-1993 ж.ж. осыған ұқсас зерттеулерді нарыққа шығарған. Мысалы, «Киберсо» фирмасының «МОСГИС» сериясы («МОСГИС-про» және «ТрансГИС»), БӨ қолданушыларды КЖЖ жай-күйі туралы SMS-хабарламаларын жіберу немесе Интернет желісі бойынша (15 минутта 1 рет) оперативті хабар

беру қарастырылған «ИНГИТ» фирмасы мен «Автокомпас» (Санкт-Петербург) фирмасының «Деловая карта» зерттеулері. «МАРШРУТ МАСТЕР» («НИКА КОМ» АБК, Нижний Новгород), TopLogistic («Информационные технологии TopPlan» АБК, Санкт-Петербург) БӨ қызықты шешімдер жүзеге асырылған. Автоматтандырылған TopRoute АЖ тапсырыс берушілердің орнатылған ДБ (сыртқы ДБ) өзара әрекетті автоматтандыру режімі жүзеге асырылған. Бұл тапсырыстарды автоматты түрде жүктеуге және бағдарлау нәтижелерін түсіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ жеке және сыртқы ДБ (6.5-сурет) анықтамалығын үйлестіруге мүмкіндік береді.


Тасымалдау кезіндегі қауіптерді жою (азайту) үшін бағыттарды жобалау әдісіне қауіпсіздік және жалпы жауапкершілік қағидаларын да кіргізу керек. Бұл қағидалар жол жағдайларын, сондай-ақ бағыттар бойынша жол тартуға тікелей келісімдер беретін қаланың арнайы қызметтері сарапшыларының пікірлерін есепке алумен, ЖҚ түрлі типтеріне арналған түрлендірілген желінің күндізгі және түнгі нұсқалары бойынша қозғалыс траекториясының кезекті есебінде негізделеді.

Бақыланушы көліктердің қозғалысы мен орналасқан жерін технолог сол жердің электронды картасының көмегімен, нақты уақыт ауқымы бойынша қалай көрсе, навигациялық деректер архивін қолданумен өткен кезеңдер уақытын да солай қарай алады (6.6-сурет).

Әрі қарай Windows NT, 95 (98), 2000, XP ортасында қолдануға арналған бағдарламалық модульмен жұмыс кезіндегі есепке мысал келтірілген. Есептеу үшін бастапқы деректер ретінде қолданылатын агрегатталған МГЖ, КЖК доғасындағы шектеулердің болуын көрсетеді, осылайша ұсақ партияларды тасымалдаудың бағыттар желісіне көпнұсқалы есептерді біртіндеп орындауға болады.

Windows Office стандартты қосымшасында жасалған, файлдағы желі моделінің төбелері бойынша деректерді жүктеу кезеңінде, есептің орындалу параметрлері туралы сұрау жүргізіледі.


Есеп нұсқаларының нәтижелері бойынша егер №1 нұсқа үшін есеп КЛАРК-Райттың түрлендірілген алгоритмін қолданумен жүргізілген болса, клиенттерге қызмет көрсету уақытының аралығын тағайындау кезінде бағыттардағы жалпы жүріп өткен жол 44,8-ден 72,6 км өседі, бұл ретте тасымалдауды бір автомобильмен орындау мүмкін емес.



6.5 сурет TopRoute ААЖ бойынша және жүйедегі негізгі ақпараттық лектер бойынша жұмыс орындары арасында қызметтерді бөлу схемасы.

Әрі қарай ауқымды-салмақты шектеулері бар болса, бағытжол торабының есебі орындалады. КЖ нөмірімен белгіленген әрбір пункт (клиент) үшін жүк мөлшері берілген. Мысалы, 57->45 жазбасы № 57 КЖК төбесінде орналасқан клиентке 45 бірлік жүк апару талап етілетінін көрсетеді. Сондай-ақ көліктің жүк сыйымдылығы – 300 бірлік деп берілген.

Бастапқыда лексико-графикалық әдіспен жүк сыйымдылығы бойынша шектеу есебімен қызмет көрсетілетін, клиенттер нөмірлері көрсетілген автомобильдер санының алдын ала есебі орындалады, одан соң жүріп өткен жолды азайту критерийі бойынша бағыттарға жол белгілеу есебі жүргізілді.



б.б-сурет. Жергілікті картада көлік құралдарының нақты тректері мен жоспарланған бағытының «қозғалыс тарихы» режімі бейнеленген.

Алынған бағыттардың жалпы ұзындығы $43,6 + 40,2 = 83,8$ км құрады. Нәтиже шығыс деректер ретінде берілген параметрлерге байланысты болды.

Автомобиль тасымалдарын бағдарлаудың БӨ жұмыс жасау кезінде КЖК БД келесі негізгі функциялары қамтамасыз етіледі:

- клиенттердің ДБ жедел режімде кіргізу, автоматты түрде сақтау;
мекен-жай бойынша картаға байластыруды;
аймақты әкімшілік-аумақтық бөлу бойынша сұрыптауды;
бөлінген кеңістік жерлер бойынша сұрыптауды;
топтасуға жиналған мекен-жайлар бойынша сұрыптауды қоса;
- аймақтар, топтар, кез келген облыстар бойынша іріктеулерді қосқанда, базадан алынған клиенттерді кез келген логикалық және кеңістіктік сұраныстар бойынша іріктеу;
- базадан алынған клиенттерді берілген логикалық талаптарға байланысты картаға түрлі графикалық беру арқылы іріктеу;
- базадан алынған клиенттерді айналу үшін көлік бағытына автоматты түрде жол тарту;

- айналма бағыттары және клиенттер туралы алынған ақпараттармен бірге карта фрагменттерін құжаттау;
- базадан алынған клиенттерге байланысты (тізім, жөнелтпелер, ақпараттық хаттар, адрестік жапсырмалар және т.б.) қажетті түрдегі есеп беру құжаттарын қалыптастыру.

Бағдарламалық қамтамасыз ету нарығында қалааралық (халықаралық) бағдарларды есептеу үшін AutoRoute Express Еуро (орысша нұсқасы) арнайы бағдарламасы ұсынылған. Бағдарлама келесі мүмкіндіктерге ие:

- нүктеден нүктеге дейін қашықтықты есептеу (аралық нүктелерді беруді қамтиды);

- маршруттың егжей-тегжейлі сипаттамасын жасау (жүргізушілерге арналған навигациялық тізім);

- жекелеген ғимараттарға дейін масштабтау режимін қамтитын сызбалық шығыспен маршруттың егжей-тегжейлі сипаттамасы;

- жолды өтуге жұмсалатын шамамен уақытты есептеу (жолдың рұқсат етілген уақыты, қозғалыстың басталу сәті, шекараларда кешіктіру, жолдың осы бөлігінде қозғалыс жылдамдығы және т.б.);

- шығындарды есептеу және отын шығыны (жанармай бағасы мен жылдамдығы 100 км басқа жылдамдықта орнатылады).

Дискіде сондай-ақ, барлық еуропалық тілдер үшін дыбыстық дыбыс кітапшасы бар.

6.3 ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІНІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Жолаушылар көлігін автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйелері (ЖК-АДБЖ) ЖК бағыттарда

қауіпсіз және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 1970 жылдардың ортасында ҚЖК жалпы тұтынудың ұйымдастыру-басқару құрылымына кеңінен енгізіле бастады.

Автобустарды автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйелері (А-АДБЖ) енгізілу тарихын мысалға алсақ, ЖҚ ОЖА және *жылжымалы бірлік құрылғысының* (ЖБҚ) орталық диспетчерлік станциямен (ОДС) екіжақты байланысын қамтамасыз етудің түрлі ережелері қолданылған.

1976-1979 жылдары М-6000 есептеу кешендерін басқару базасында Омбы өнеркәсіп автоматикасы және арнайы электронды құрылғылар дайындау МКБ А-АДБЖ әзірленді, оның құрамында: ЖБҚ, бақылау пунктiнiң құрылғысы, шалғай объектілермен байланыс құрылғысы сияқты функциялық элементтердің типтік жинағы болды. 1986 жылы Омбы аймақтық есептеуіш орталығымен А-АДБЖ СМ-2М басқарушы есептеу кешеніне ауыстырылды және 1982 жылдан бастап 1991 жылға дейін Ресей, Қазақстан, Украина, Белоруссияның 18 ірі қалаларына енгізілді.

1996 жыл бойынша А-АДБЖ пайдаланылған барлық ҚЖК кешендері СМ-2М өз мерзімдерін өтеп, моральді түрде ескірді және тозды. А-АДБЖ пайдалануды жалғастыру қажеттілігі ескеріліп, ОДС БҚ жүйесін заманауи ЕТ құралдарына шалғай объектілермен байланыс құрылғысы болып, бірнеше жыл қамтамасыз ету үшін ауыстыру қажеттігі туды.

Мұндай жағдай ТҚК дамыту бойынша Ресейде АДБЖ пайдаланушылардың көпшілігіне тән.

А-АДБЖ тезникалық пайдалануға тағы бір мысал – «АСУ-Рейс», бұл - Мәскеудегі 2-автобус паркінде 35-тен астам бағытта бірнеше жыл қатарынан үлкен жетістікпен қолданылған басты үлгі. Әр КБ басқару орталығымен байланыста болу үшін радиостанциямен, одометрмен (жүріп өткен жолды өлшегіш), жақын жерді ұстайтын радиоканал қабылдағышымен, КБ толтыру датчигімен, жүргізушінің табло-тетігімен және КБ орналасқан барлық борт құрылғылар жүйесінің жұмысын түзетуші микропроцессорлық блокпен жабдыкталады.

Бағыттағы КБ ОЖА функциясы одометр мен жақын жерді ұстайтын радиоканал құралының көмегімен жүзеге асады, оған борт қабылдағышынан басқа бағыттарда қондырылатын радиомаяк кіреді. КБ радиомаяк әрекеті аймағынан өткен кезде, жол координатасы радиоканал арқылы КБ аппаратурасына енеді және маяктан өткен ара қашықтық деректерінің бәрін жинап, бағыттағы КБ ағымдық координатасын анықтайды. Жақын жерді ұстайтын радиоканал 820 МГц жиілікте жұмыс жасайды. КБ басқару орталығымен байланысы үшін 300 МГц жиілік диапазонымен екі радиоканал бөлінеді: біреуі сөйлесу үшін, екіншісі сандық ақпарат беруге арналған.


ЖК-АДБЖ жетілдірудегі жаңа мүмкіндіктер ақпараттандыру, телекоммуникация, радионавигация және байланыстың заманауи құралдары негізінде жүзеге асырылуда. 2000 жылдан бастап Ресейдің көптеген қалаларында қала көліктерін автоматтандырылған радионавигациялық жүйелерді басқару (АРНЖБ) құрылды. Бұл жүйелердің сынамалы үлгілері Ресей Көлік Министрлігінің басқаруымен Брянск, Краснодар, Сои, Майкоп, Череповец, Владимир, Сургут, Волгоград, Волжск, Кострома қалаларында «Транснавигация» ҒӨМ ендірілді. А-АДБЖ біріктірілген шешімдеріне қала көліктерінің коммуналдық, кезекші-техникалық және авариялық-құтқару сияқты басқа да түрлерін бірге басқару үрдісі байқалды.

АРНЖБ негізгі шағын жүйелері:

- ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету – бағыттар, жүргізушілер және аялдамалар кестесін, сондай-ақ ЖК жұмысының графигін жасау және ДБ кіргізу;
- жолаушылар көлігін диспетчерлік басқару – бағдарланған қозғалыстарды бақылау, ЖК бағытта және саябақта толық басқару, жұмыс анализі және есептілік;
- диспетчердің КБ жүргізушісімен сөйлесу байланысын қамтамасыз ету үшін радиоканалды басқару (жеке режим, топтық режим, циркулярлық режим), диспетчер мен жүргізушінің сөйлесуін ДБ архивіне жазу;

- қала бейнеграммасын басқару – КБ бағыты, тұрған орны және қозғалысы туралы ақпарат, сондай-ақ КБ бейнекөрінісі туралы анықтама ақпараттар беру (6.7-сурет);
- жолаушылар көлігінің жұмысы туралы есеп беру формаларын қалыптастыру.

ОДС БҚ ауытқулар болған жағдайда, «ақпарат беру терезесіне» жағдайды бағалап, соған сәйкес әрекет қабылдау үшін диспетчерге тиісті хабарламалар жасайды. ЖКО немесе ТЖ болған жағдайда, қауіп-қатер дабылы автоматты түрде ОДС және қоғамдық қауіпсіздік қызметтерінің кезекші бөлімшелері атына таратылады. ОДС аналитикалық бөлімі жолаушылар тасымалы жөніндегі ЖҚ жұмысы нәтижесіне баға береді және ақпаратты қала әкімшілігі мен көлік мекемелері басшыларының қарауына ұсынады.



6.7-сурет. Маршруттық автобустардың автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйесіндегі қозғалысы мониторингісінің мысалы.

(652-1, -3, -4, -6, -7, -9, -10, -11 - көлік нөмірлері)

Әрбір КБ орналасқан жері туралы деректер А-АДБЖ үшін әзірленген талаптарға толық сәйкес келеді және минутына 1 рет кезеңмен жиналады. КБ ОДС диспетчерінің радиобайланыс қоңырау шалу сигналына авариялық сигнал беру мүмкіндігі бар (6.8-сурет).

КБ борттық кешені жүргізуші кабинасына орнатылған, қозғалыс процесінде жүргізушінің радиобайланыс құралдарын ыңғайлы пайдалануын қамтамасыз етеді және дисплейден күндізгі уақытта да,

түнде де ақпаратты еркін оқи алуын, модульдік конструкцияға ие және функционалдық мүмкіндіктерін арттыруды қамтамасыз етеді, соның ішінде ұрлаудан қорғайтын режимде жұмыс істейді.


Байланыс және деректерді айырбастау аппаратурасының стационарлық пункттер мен КБ орнатылатын құралдары бар және төмендегі жұмыстарды қамтиды:

- диапазон толқыны - УҚТ бөлінген тар жолақты радиоарналар;
- аса жоғары жиілікті (АЖЖ) толқын диапазонының өткізу арналары және (немесе) кең жолақты радиоарналар;
- жалпы тұтытуда байланысқа шығатын телефон каналдары.


КБ жүргізушілері мен диспетчерлер арасындағы сөйленген сөздерді қосқанда, біріктірілген байланыс және деректермен алмасу каналдары бойынша берілетін, барлық қызметтік ақпарат А-АДЖБ ОДС ДБ тіркеледі. Сақталған ақпаратқа өзгертулер енгізуге болмайды және оған қол жеткізу АРНЖБ қолжетімділікке белгіленген басымдықпен пайдаланушылардың шектеулі бөлігі үшін қарастырылған (6.9-сурет).

КБ орнатылатын ОЖА серіктік, есептеу құралдары және байланыс құралдары келесі функцияларды орындайды:

- КБ жұмысы туралы навигациялық және басқа да деректерді нақты уақыт режимінде қалыптастыру, оларды берілген форматтағы файлға жазу;
- КБ жүргізушісін ақпараттық жүйе ресурстарына жедел қолжеткізуін қамтамасыз ету;
- деректерді түрлендіру (берілген алгоритмдерге сәйкес автоматты және қол режимінде деректерді өзгерту және жаңарту);
- навигациялық және басқа деректерді энергияға тәуелді емес жадысы бар құрылғыларда сақтау;
- КБ және ДБО арасындағы деректермен алмасу;



6.8-сурет. Орналасқан жерін анықтаудың серіктік жүйесімен және жылжымалы бірлік пен орталық диспетчерлік станцияның арасында радиобайланысты қамтамасыз етумен автобустарды автоматтандырылған басқару жүйесі жұмысының қағидалы схемасы



6.9-сурет. Қала көлігін радионавигациялық басқару жүйесінде бөлінген есептеу желісінің схемасы

6.2 кесте. Қалалық жолаушылар көлігінің нақты ақшалай ағындарына әсер ететін АРНБЖ

АРНБЖ функциясы	Әсер сипаттамасы	Әсер мәні
Жолаушылар ағымы мен көлік құралдары қозғалысының жедел режімдерін үнемі автоматтандырылған тексеру негізінде жеке бағыттар бойынша кестені оңтайландыру.	Көлікке қызмет көрсетудің басым деңгейін сақтай отырып, қарбалас уақыт аралығында рейстер санын азайту. Аз тиелетін бағыттарды жою, бағыттарды қосарлауды болдырмау, жер үсті көлігінің әр түрімен орындалатын бағыттарды жою есебінен қарбалас сағаттарда бейкоммерциялық автобустар қажеттілігін қысқарту.	Дотацияланған автобустардың жалпы жүріс ұзақтығын 8 ... 10% қысқарту. ЖҚ инвестициялар қажеттігін 1 ... 3% қысқарту
Жоспарлы тоқтап тұру кееңінде бейкоммерциялық автобустардың тұрған орнын бақылау.	Жеке қажеттіліктер үшін жүргізушілердің автобустарды пайдалануын болдырмау.	Бейкоммерциялық автобустардың жалпы жүрісін 0,5 ... 1,5% қысқарту.
Автобустардың желіден шығып кету кезіндегі бұзылуларды желілік диспетчерлік қызметтердің қатысуынсыз жою.	Желіде жедел диспетчерлік реттеуді жүзеге асыратын персонал санын азайту.	Көлік кәсіпорындарының үстеме шығындарын 1 ... 3% азайту
Коммерциялық автобустардың белгіленген қозғалыс кестесін сақтауын бақылау.	Коммерциялық рейстерге жолаушылардың жоспардан көп кетуін болдырмау.	Муниципалдық кәсіпорындардың кірістерін 2 ... 4% арттыру
Автобустардың қозғалыс жылдамдығын бақылау.	Отын шығынын азайту	Тасымалдаудың өзіндік құнын 0,5 ... 1% қысқарту

- КБ жүргізушісінің сұрауы немесе жүйе диспетчерінің бастамасы бойынша деректерді көрсету;
- Жүргізуші мен жолаушыларға жасалған дауыс хабарламаларын қалыптастыру.

Радионавигациялық жүйелерді енгізу кезінде пайда болатын мәселелердің бірі - АРНЖБ үшін радиожилік жолағын босату жөнінде федералдық деңгейде шешім қабылдау қажеттілігі.

Ресей аумағы бойынша тасымалдаумен айналысатын халықаралық шетелдік тасымалдау автомобильдерінің барлығы дерлік спутниктік навигация құралдарымен жабдықталған. Байланыс құралы ретінде олар спутниктік байланыс жүйесін (Inmarsat, Globstar), не GSM стандартындағы ұялы байланыс жүйесін қолданады. Осыған ұқсас технологиялық шешімдерді ресейлік автотасымалдағыштар да қолданады, бұл үшін байланыстың ұялы желісі үшін SMS-хабарламалардан GPRS пакеттік режиміне мақсатты түрде ауысу қажет.

Сонымен бірге (техникалық тұрғыдан қарағанда) бортка компьютер орнату мүмкіндіктері мен ресурстарын қолдануға қалай қол жетімді болса, солайша КБ бортына GPS-қабылдағышы немесе коммуникаторлары бар ҚДК қолдануға болады.

Ресейдегі ҚЖК навигациялық жүйелерді дамытуға басты кедергі қалалар мен көліктік кәсіпорындардың бюджеттерінде қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады, алайда АРНЖБ қолдану саласында жүйелі әсерге қалай себепші болса, жүйеден тыс әсерге де солай, оң өзгерістер болары анық. (6.2-кесте).

Ресей Федерациясы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі департаменті, АРНЖБ енгізу және пайдаланудың жинақталған оң тәжірибесін пайдалана отырып, келесі функционалдық құрылымды қарастыратын автомобиль көліктерінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бірыңғай жалпы ресейлік автоматтандырылған радионавигациялық жүйені басқаруды кезең-кезеңмен қалыптастыруды көздейді:

- көлік түрлері бойынша жергілікті диспетчерлік жүйелер (қала, қала маңы);
- аймақтық корпоративтік жүйелер (жергілікті диспетчерлік жүйелер арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету);
- аймақаралық жүйелер (қалааралық және халықаралық тасымалдаудың аймақтық жүйелері арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету).

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жердегі көлікті басқару жүйесінің қай технологиялық шешімдері ЖКО,ТЖ орны мен уақытын көрсетумен бірыңғай деректер банкін қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс?
2. Қалалық жолаушылар, сондай-ақ мамандандырылған және жүк көліктерін басқару деңгейлері бойынша иерархиялық құрылымдағы көлік кешенін ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерінің функционалдық міндеттері құрамын сипаттаңыз.
3. Ж-АЖБЖ реттеуші процестерін автоматтандырудың негізгі міндеттерін тізіп беріңіз.
4. Бағыттағы автомобиль көлігінің автоматты жоспарлау жұмысын оңтайландыру критерийлері қандай көрсеткіштермен анықталады?
5. Автомобиль тасымалдарын диспетчерлік басқару процесінің Ж-АЖБЖ қосымша жүйелеріндегі өзекті және шешімін табуға қатысты міндеттер?
6. Ж-АЖБЖ ДБ өңдеу деңгейінде автоматтандыру режимін іске асыру АЖО өзара әрекетін автоматтандыру режимін іске асыру сұлбасын сипаттаңыз.
7. АРНЖБ негізгі қосымша жүйелерін белгілеңіз.
8. А-АЖБЖ КБ орнатылатын ОЖА есептеу, серіктік құралдары мен байланыс құралдары орындалатын бірқатар функцияларды келтіріңіз.
9. АРНЖБ өндірістік деңгейде қолдану тиімділігін қалай бағалай аласыз?

АВТОМОБИЛЬДІК ТАСЫМАЛДАУҒА АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

7.1. ТАСЫМАЛДАУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІН ПАЙДАЛАНУ

Басқаруға қажеттілік, бәсекелестік күресте басқару объектісінің тұрақты жұмысын немесе күнкөрісін қамтамасыз етудің жалпы мақсаттарына қол жеткізуге біріктірілген кейбір ұйым мүшелерінің әрекеттерін үйлестіру қажет болған кезде пайда болады. Басында мақсаттар жалпылама сипатта болады да, содан кейін нақтылау үрдісінде олар мақсаттық функциялар түрінде басқару аппараты болып қалыптасады.


Осы ереже, атап айтқанда, халықаралық автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешу үшін әділ. Осы үрдісті тиімді басқарудың аумақтық-бөлінген өндірістік жүйелері жағдайында, жедел және шынайы ақпарат рөлі артады. Ертеректе айтылғандай, егер ақпарат өзекті болмаса, ол туралы айдудың ешқандай мәні жоқ.

Заманауи бағдарламалық-техникалық құралдар бөлінген ақпараттық үлкен көлемін жинауды, сақтауды, жедел өндеуді қамтамасыз ететін бөлінген ақпараттық кешендер құруға мүмкіндік береді. Осындай АТ қолдану дұрыстығы тек алдығын қойған міндетті немесе міндеттелген оқиғаны шешу үшін ғана, яғни автомобильмен тасымалдауды жоспарлау және басқару кезіндегі заттық саланың – ұйымның нақты жағдаятын шешу қажеттілігімен негіздей алады.

Автомобиль көлігіндегі АТ технологиялық тізбекке біріктірілген өндіріс үрдістерінің қиындығын төмендетуге арналған бағдарламалық-техникалық құралдар пайдалану әдістерінің жиынтығы ретінде қарастыра отырып, деректерді жинау, өңдеу, сақтау, деректер беру, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды тарату және пайдалану үрдісінде

жеделдікті көтеруді қамтамасыз ететін технологиялық тәсілдерді атап өту керек.

Тән мысал — қалааралық автомобильмен тасымалдауға көлік-экспедициялық қызмет көрсетуді жоспарлау үрдісінде ақпараттық ағындарды өңдеуді автоматтандыру. Қатысушылардың өзара әрекетінің жалпы сұлбасы (7.1 сур.) жүргізушілерге, БҚ, жүкке қойылатын талаптардың міндетті түрде орындалуын көздейді.



7.1-сурет. Халықаралық тасымалдауда жүк автомобильдік тасымалуды ұйымдастыру және орындау кезіндегі ақпараттық ағымдардың схемасы

Бұдан әрі тасымалдарды орындауға арналған бос БҚ да, сондай-ақ әлеуетті жүк жіберушіні де іздеу мүмкіншілігін беретін кейбір веб-сайттардың мекенжайлары берілген. Өте мықты ақпараттық-іздеу бағдарламалары тасымалдау үшін бір мезетте 200-ге дейін нұқсалар ұсынып, 8-10 сұрыптама мүмкіншілігімен іздеу нәтижесінде жүктерге (көлікке) нақты ұсыныстар өзектілігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, олар келесі функцияларды да атқарады:

- Жүк (көлік) ұсыныстары рейтингін блоктау және арттыру;
- Аумақтар топтарға бөлінген бұрылатын ағша түрінде берілген анықтамаға тармақтар қосу.

Осындай типті АБҚ пайдаланушылары жүк иелері де, жүк тасымалдаушылар да бола алады. Жүк иесі, ААЖ-ге жүк тасымалдауға өтінімін орналастырып, сол арқылы өз жүгі туралы барлық жүйе пайдаланушыларына ақпарат береді. Бұдан басқа, жүк иесі жүйедегі бос көліктерден көлік таңдай алады. Соған балама жүк тасымалдаушы, ААЖ-де жарамды жүк болмаса (мысалы, кері жүктеуді іздеу жағдайында), дер кезінде ААЖ-дегі бос көлік туралы ақпарат қалдыра алады.

ААЖ пайдаланушыларына қатысушылардың байланыс ақпараты қолжетімді, сондықтан, егер пайдаланушы нақты өтінім қызықтыратын болса, ол оны орналастырған тұлғамен тікелей байланысқа шыға алады. ААЖ кең клиенттер шеңберіне бағдарланғандықтан, оның пайдаланушысы бола отырып, байланыстар санын айтарлықтай кеңітуге болады. Автоматтандырылған АЖ пайдаланушыларға талап етілетін техникалық параметрлерді (кузов типі, массасы мен жүк көлемі), сондай-ақ тиеу орны мен уақытын, бағдарлы сомасы мен т.б. таңдау үшін үлкен мүмкіншілік бар. Кестемен беру бағыт бойынша іздеуді, гиперсілтемелердің болуы талап етілген ақпаратты тез карауды жеңілдетеді.

ААЖ базасының мазмұны бөлімдер бойынша құрылымданған және айтарлықтай толық көлемде келесілер кіреді:

- БЖ мен қалалар бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүктер туралы мәліметтер, олардың иелерінің байланыс телефондары;
- Тек бір бағытты ғана төлі отырып, ілеспе жүк тасымалдауға арналған БЖ туралы мәліметтер ;
- Өртүрлі аймақтардың жол қызметтері, автоинспекция мен әкімшілігінің жұмыс ақпараты;
- Метеорологиялық болжам;
- Автомобиль жолдарының сұлбалары;
- Автосервис, дүкендер, тамақтану орындары, автосервис кәсіпорындары, демалыс, туризм, медицина мекемелері, байланыс кәсіпорындары, банкілер, күзет және сақтандыру

- компаниялары және т.б. жарнамалық ақпараты;
- Фирманың қызметтік ақпараты;
- Қарым-қатынас үшін жүргізушілер клубы.

Көптеген жағдайда ААЖ пайдаланушылары жаңа өтінімдерге (жүктерге немесе көлікке) жазыла алады және автоматты режимде электрондық пошта бойынша жаңа өтінімдер туралы ақпарат ала алады. Сайтқа кірушілерге сондай-ақ көрсетілген кезеңге жарнамаларды қарау немесе негізгі сөздер бойынша ДБ хабарламаларды іздеуді ұйымдастыру мүмкіншілігімен бірге, хабарламалар орналастыру үшін хабарлама тақтасы да қолжетімді.

Коммерциялық ақпараты бар сайттарға жеке апроль бойынша кіруге болады, оны сәйкес қолдау көрсету қызметіне хабарласу арқылы алуға болады. Барлық ААЖ кез келген телефондалған немесе жершары тармағының бөлінген желісінде қосылған ақпаратқа қолжетімдік мүмкіншілігімен, автоматтық режимде тәулік бойы жұмыс істейді.

Жүріс маршрутын есептеу барысында кесте нысанында, тиеу/түсіру бөлімдеріне қатысты көрсете отырып, жекелеген көлік құралының қозғалысын визуалды көру мүмкіншілігі болған пайдалы (көлік құралының жағдайы өзгерген кезде ұяшық түсінің өзгеруі) (7.2-сур.). Сәйкес терезеге тиеу мен жеткізу бөлімінің тауын кіргізу мен меню бойынша БЖ типін таңдау жеткілікті.

Пароммен жеткізу болуды ескере отырып та, онсыз да есептеу мүмкіншілігі бар, жүру жолында кездесетін мүмкін кідірулермен маршрут учаскелерін өтудің шамалы уақыты көрсетеледі. Пайдаланушы маршрут трассировкасынан оны транзиттік ретінде қанағаттандырмайтын елдерді алып тастап, жүру маршрутын қайта есептей алады.

БЖ-не пакеттелген жүктер жинағын қалау міндетін шешуді (жүк машиналарын, вагондар мен контейнерлерді – көлік құралдарының әрбір типі өз параметрлерінің жинағымен сипатталады) Packer3d (<http://packer3d.ru>). Packer3d 1С77 бағдарламасын пайдалану арқылы, сондай-ақ 1С-пен көлікті тиеу жоспарын есептеу үшін тапсырмаларды қалыптастыруды кіріктіру есебінен шешуге мүмкіндік береді (7.3-сур.)


Время	ТС	Сообщение
01.02.2010, 19:29	У699МЕ177	Простой вне КП длительностью 203 мин.
01.02.2010, 17:53	Н631КХ177	Разгрузка: 156 мин. (15:17-17:53) на АЗС№142
01.02.2010, 17:24	Н630КХ177	Разгрузка: 172 мин. (14:32-17:24) на АЗС№234
01.02.2010, 17:00	У699МЕ177	Отклонение от трассы маршрута (длительность - 7 мин)
01.02.2010, 16:56	К580МК199	Разгрузка: 148 мин. (14:28-16:56) на АЗС№504
01.02.2010, 16:36	С122Е0199	Превышение скорости (тек. 81 км/ч), длительность-2.5 мин.
01.02.2010, 16:17	Т409МУ177	Разгрузка: 121 мин. (14:16-16:17) на АЗС№142
01.02.2010, 16:16	М366ЕС199	Разгрузка: 126 мин. (14:10-16:16) на Ул. Обручева, д.42
01.02.2010, 15:32	С123Е0199	Разгрузка: 124 мин. (13:28-15:32) на АЗС№553
01.02.2010, 14:56	Х539ВР199	Простой вне КП длительностью 112 мин.
01.02.2010, 14:42	Т413МУ177	Разгрузка: 133 мин. (12:29-14:42) на АЗС№437
01.02.2010, 14:00	У699МЕ177	Нарушение плановой последовательности прохождения КП
01.02.2010, 11:51	Е551М0177	Простой вне КП длительностью 160 мин.

7.2-сурет. Көлік құралы қозғалысының кесте нысанындағы көрнекі көрінісі

Алгоритм жұмысының нәтижесі ұсынылған БЖ-ге жәшіктерді тиеу дәйектілігін анықтайды, ал шешім оңтайлыға жақын болады және рюкзак туралы классикадан келесі айырмашылықтары болады:

- БЖ жүк көтергіштігі мен жүкті қаптаға шектеулер ескеріледі (шектердегі ұйғарымды қысым және қаптамаға рұқсат);
- Көлік құралдары пайдаланушы көрсеткен тәртіпте толтырылады;

1С: Кәсіпорын 7.7



7.3-сурет. Packer3d және 1С бағдарламасын біріктіру схемасы

- Барлық жүк автомобильдері мен контейнерлер артқы қабырғадан жақынына қарай (есікке) қарай толтырылады;
- Барлық вагондар шетінен ортасына (есікке) қаарй толтырылады;
- БЖ оның есігінен өте алатын жүктерді тиеді ғана қадағалайды;
- Қосымша шектеу ретінде БЖ-дажүктердің максималды биіктігі берілуі мүмкін.

Тіркелген пайдаланушыларға web- парақтан жүкті оңтайлы қалауды есептеу сервисін пайдалану ұсынылады. Желі нұсқасы жұмыс істеу үшін, компьютерлердің біріне қауіпсіздік серверін орнатып, оған электрондық кілт қосу керек.

7.2.

ФИРМАШІЛІК АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Өндірістік сипаттағы технологиялық процесті ұйымдастыру міндеттерін шешетін кәсіпорындарға (компанияларға) фирмашілік ақпараттық жүйе басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпарат беруде маңызды рөл атқарады және өндіріс шығындарын төмендетуді және оның тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады. Фирмашілік арналар жабдықтаушыларынан алынған ақпарат, ең алдымен, өнімді өндіруді қамтамасыз ету және дайын өнімді жөнелту процестеріне қатысты.

Көп деңгейлі жүйелердегі аға менеджерлер стратегиялық шешімдерді әзірлейді (мысалы, жүк ағынын қандай көлік дәлізі арқылы бағыттау керек). Бұл менеджерлер әр нақты тасымалдауды қолдау үшін талап етілетін ЖҚ техникалық сипаттамалары мен сандары туралы сұрақтарды шешуге міндетті емес. Бұл орта деңгейдегі менеджерлер, мысалы, логист-менеджер қабылдайтын тактикалық шешімдер деңгейіне қатысты. Операциялық шешім қабылдау өндірістік деңгейдегі АТЖ-ды дайындауға дейінгі егжей-тегжейлі жоспарлауды анықтайтын диспетчермен жүзеге асырылады.

Директивалық ақпарат басқарушы аппаратпен басқару мақсаттары мен сыртқы ортаға және сыртқы жағдайға қатысты ақпаратқа сәйкес қалыптастырылады. Есеп беру ақпараты басқару нысанымен жасалады және нысанның ішкі жағдайын, сондай-ақ оған қоршаған ортаның әсер ету дәрежесін (төлем кідірістері, энергиямен жабдықтаудың бұзылуы, аймақтағы әлеуметтік және саяси жағдай, және т.б.) көрсетеді. Осылайша, сыртқы орта тек басқару нысанына ғана емес, шешімі сыртқы факторларға (нарық жағдайына, инфляцияға, салықтық және

кедендік саясатқа және т.б.) тәуелді басқару аппаратына да ақпарат береді.

Жүйенің кіріс ақпаратының шығыс ақпаратына әсерін арттыратын кері байланыс – оң кері байланыс, ал сыртқы ықпалдан бұзылған жүйедегі тепе-теңдікті қалпына келтіруге көмектесетін азайтатын әсер – теріс деп аталады. Оң кері байланыс кері байланыс болмағандағы сыртқы әсерге қарағанда үлкен ауытқуды тудырады.

Кері байланысқа ие басқару жүйелерінде басқарылатын нысанның қажетті күйін анықтайтын басқару әрекеті таңдалады. Басқарылатын нысанның нақты жағдайы туралы ақпарат кері байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады. Арнайы орган осы жағдайларды салыстырып, басқарылатын нысанның қажетті және нақты жағдайлары сәйкес келмеген жағдайда, мақсаты нысанның қылығын түзету болып табылатын басқару ықпалын қалыптастырады.

Әрбір басқарушы сұлбаның басқару әрекеттері басқарылатын нысанның өзге басқару сұлбасындағы басқару әрекеттеріне реакциясына әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда олар көбінесе көп байланысты басқару жүйесі деп аталады. Ұйымдастырушылық және әкімшілік жүйелердегі көп байланысты басқару әдістерінің негізгі артықшылықтарының бірі – сыртқы ортадағы елеулі өзгерістер жағдайында, яғни, әр түрлі кездейсоқ әсерлердің үлкен саны жағдайында, басқару жүйелерінің элементтерінің жұмысын үйлестіру болып табылады.

Объектіні ақпараттық басқару жүйесі - ақпарат ағындарының, деректерді өңдеу, табыстау және сақтау құралдарының, сондай-ақ, деректерді өңдеу операцияларын жүргізетін әкімшілік аппарат қызметкерлерінің жиынтығы.

1990-жж. басына қарай классикалық АБЖ орнына АҚБЖ-ҚАЖ (кейде «комплекстік АЖ» термині қолданылады) келесі ұрпағы келді. Көптеген кәсіпорындар қазірдің өзінде кездесіп отырған мәселе – бұрын сатып алынған (немесе өз күштерімен әзірленген) және оларға орнатылған АБЖ қазіргі заманғы динамикалық бизнес жүйелерінің талаптарын қанағаттандыра алмайтындығы болып табылады.

Корпоративтік ақпараттық жүйе – кәсіпорынның (корпорацияның) ұйымдастырушылық, басқарушылық және өндірістік қызметтерін автоматтандыруды жүзеге асыру үшін, заманауи ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдаланатын ақпараттық-басқарушы адам-машина жүйесі.

ҚАЖ-нің **кәсіпорындарды бірігіп басқару жүйелерінің (ҚББЖ)** ажырамас элементі болып табылатындығын ескере отырып, шаруашылық тетігі реформалары ресейлік кәсіпорындардың, соның ішінде АКК, төменгі біліктілікті талап ететін қызмет салаларынан жоғарғы біліктілік деңгейін талап ететін қызмет салаларына еңбекті

объективті қайта бөлуді есепке алумен, әкімшілік-шаруашылық және өндірістік қызметті автоматтандыру міндеттерін шешуді талап ететінін атап өткен жөн.

Құжаттардың барлық түрлерін өңдеу процедураларын автоматтандыруды жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін ескере отырып, жүйелік және қолданбалы бағдарламалардың соңғы әзірлемелерін мамандандырылған қолданбалы бағдарламалар пакеттеріне біртіндеп кірістіруді атап өту керек. Бұл тұрғыда КАЖ тапсырмаға емес, стандартты құжатайналым жүйесінің көмегімен тиісті ұйымдық-штаттық құрылымдармен ұтымды бизнес-процестерді жүзеге асыруға бағытталған. 7.1-кестеде КАЖ құжатайналымды автоматтандыруды жүзеге асыратын БӨ жүйелендіру көрсетілген.

Басқару саласындағы ақпараттық технологиялар маманның біліктілігіне, оның жұмысының мазмұнын, физикалық және ақыл-ой жүктемесін, кәсіби перспективалары мен әлеуметтік қатынастар деңгейіне түбегейлі әсер ететін адам факторы бойынша жоғары талап қояды. Жоғары икемділігі, ұтқырлығы және сыртқы әсерге бейімделуі бар оңтайлы АТ кез келген кеңседе (ұйымда, кәсіпорында), әсіресе, АКК-да, басқару жұмыстарының тиімділігін арттырудың қажетті шарты болып табылады. Қызметкердің табысты кәсіби қызметінің негізгі шарты - компьютерлік ақпаратты өңдеу құралдарын пайдалану мүмкіндігі деп есептеледі.

Офистік тапсырмалар қатарына іс қағаздар жүргізу, басқару іс-әрекеттерінің бақылау, есеп беру, ақпаратты енгізу, жанарту және іздеу, уақыт кестесін құру, кеңсе бөлімдері, кәсіпорынның кеңселері және түрлі кәсіпорындар арасында ақпарат алмасуды жатқызуға болады. Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларда бірқатар стандартты стандартты процедуралар орындалады:

- кіріс және шығыс ақпаратын өңдеу (хаттарды оқу және жауап беру, есеп беру, циркулярлар және сызбалар мен диаграммаларды қамтуы мүмкін басқа да құжаттамаларды жазу);
- деректерді жинау және кейінгі талдау (әр түрлі іріктеу критерийлеріне сәйкес әрт үрлі бірліктерге белгілі бір уақыт аралығында есеп беру);
- кіріс ақпаратты сақтау (ақпаратқа тез қол жеткізу және қажетті деректерді тез іздеу).

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу келесі шарттардың орындалуын талап етеді:

- орындаушылар арасындағы жұмыс үйлестірілуі тиіс;
- құжаттардың қозғалысы мүмкіндігінше оңтайландырылуы тиіс;
- бірліктегі кеңселер мен кеңселердің бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі болу керек.

7.1-кесте. Құжатайналымын автоматтандыру жүйелерін функционалды бағыттау

Деректерді өңдеу технологиясы	Мақсаты	Ескертпе
ДББЖ	Құрылымды ақпаратты электронды түрде енгізі,сақтау және іздеу	Жұмыс жасалатын барлық ақпараттың 15%-ы
Құжаттарды басқару жүйелері	Құрылымды емес ақпаратты электронды түрде енгізі,сақтау және іздеу	Ұйым арқылы өтетін барлық ақпараттың 85% -ы, соның ішінде электронды түрге аударылған қағаз құжаттар
Жұмыс ағымын басқару жүйелері	Корпоративтік жүйедегі құжаттардың қозғалысын басқару, бағыттау және үйлестіру; құжаттарды уақтылы өңделуін бақылау	Жүйелер ДББЖ қалай біріктірілсе, құжаттарды басқару жүйелерімен де солай болады

Өндірістік-шаруашылық операцияларды орындау барысында бір құжаттың бірнеше данасы кәсіпорынның түрлі бөлімшелерінде жиі кездеседі, сонымен қатар, бұл құжаттың жасалуына әр түрлі орындаушылар қатыса алады. Әдетте құжаттарды құрастырудың қолмен жасау әдістемесі басым, бұл процестің механикаландыру және автоматтандыру деңгейі төмен, реквизиттердің қайталануы, артық көпқабаттығы мен орындаушыларда құжаттың болу ұзақтығы орын алады.

Басқару және шешім қабылдау міндеттерінің шешімі *электронды кеңсе* және *сараптамалық шешімдерді қолдау жүйелері* атауын алған автоматтандырылған АТ кеңінен қолданылуын білдіреді. Электрондық кеңседегі жұмысты автоматтандыру дәрежесі бойынша бөлінеді:

- ДК қолданып, деректерді электрондық өңдеу, яғни, деректерді өңдеу басқару процестерінің әдістемесі мен ұйымдастырылуын қайта қараусыз, кейбір дербес экономикалық проблемаларды шешу арқылы жүзеге асырылады;

- басқару қызметін автоматтандыру;

- функционалды міндеттерді кешенді шешу, ЕТ құралдарын, экономикалық-математикалық әдістердің, модельдер мен талдамалы жұмыс және болжам құруға, бизнес-жоспарлар құруға, өнеркәсіптік-шаруашылық тәжірибелердің зерттеудегі процестері мен құбылыстары туралы сенімді бағалау мен тұжырымдар жасауға арналған БӨ кеңінен пайдаланылуын қамтитын автоматтандырылған ШҚҚЖ АТ (OLAP-жүйелер).

- *Электрондық кеңсе* – құжаттарды өңдеуге және басқару жүйелеріндегі пайдаланушылардың жұмысын автоматтандыруға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен.

Электрондық офис дәстүрлі түрде аппараттық-техникалық және бағдарламалық құралдар, кірістірілген пакеттер сияқты аппараттық-бағдарламалық құралдарды қамтиды.

Аппараттық-бағдарламалық құралдар:

- желілік (жергілікті немесе жаһандық, кеңсе қызметінің түріне байланысты) байланыс мүмкіндігі бар бір немесе бірнеше ДК;

- баспа құрылғылары;

- құжаттарды көшіру құралдары;
- модем (егер компьютер жаһандық желіге немесе территориялық жағынан қашықтағы ЭЕМ қосылса және арнайы желі жоқ болса);

- коммутатор немесе (және) маршрутизатор;
- автоматты түрде мәтіндік және графикалық ақпаратты бастапқы құжаттардан тікелей енгізуге қолданылатын сканерлер;
- презентациялар үшін проекциялық жабдықтар.

Бағдарламалық құралдар:

- талдау және жоспарлау бағдарламасы (мысалы, MS Project);
- презентациялық бағдарлама;
- графикалық редактор;
- факс-модемнің қызмет көрсету бағдарламасы;
- желілік бағдарлама;
- аударма бағдарламасы.

Құрамында мамандандырылған бағдарламалар бар *кешенді пакеттер*:

- мәтіндік редактор;
- электрондық кесте;
- ДБ және ДҚ-ын басқару жүйелері;
- телекоммуникация құралдары;
- басқа қолданбалармен өзара әрекет ететін арнайы графикалық БӨ;

- басқа офистік БӨ.

Кірістірілген бағдарламалық жасақтама пакеттерінің айырықша ерекшелігі – құжаттарды ұсыну деңгейіндегі өзара әрекеттесу арқылы типтік пайдаланушы интерфейсі. Интерфейстің ортақтығы пайдаланушылардың оқыту құнын төмендетеді.

Қазіргі уақытта БЖ нарығында үш жиынтық басымшылық көрсетеді: Novell фирмасының Borland Office for Windows (қазіргі уақытта Corel Office); Lotus Development (қазір IBM бөлімшесі)

фирмасының Smart Suite және Microsoft фирмасының Microsoft Office.

Microsoft Office Professional пакеті бір немесе бірнеше компьютерлері және құжаттардың аз мөлшері бар кіші және орта кәсіпорындарда (осы нарық сегментінің 90% дейін) кеңінен қолданылады. Құжаттама үлкен көлемі бар мекемелердегі, сондай-ақ барлық ірі кәсіпорындардағы құжатайналымды автоматтандыру үшін арнайы құжатайналымды басқару кірістірілген пакеттері пайдаланылуы керек.

Корпоративтік кітапханаларды және мұрағаттарды басқаруды, олардың өлшемі мен ұйымдық күрделілігіне қарамастан, жеңілдететін көптеген дайын шешімдердің бірі Open Text компаниясының БӨ болып табылады. Techlib жүйесінің компания әзірлеген BASIS интерфейсіне негізделген, ол Интернетте орналастырылғын құжаттармен жұмыс істеудің стандартты жиынтығымен қатар, сақтық көшірмеуеге, тексеруге, ақпаратты қалпына келтіруге, рұқсатсыз кіруден қорғауды орнатуға мүмкіндік береді.

Іскери процестерді және оларды іске асыру үшін қажетті ақпаратты байланыстыратын кірістірілген пакет технологиясының негізгі ережелерін іске асыру үшін, бұрынғы жұмыс үстелінің БЖ икемді және жақсы бейімделетін таратылатын инфрақұрылымға біріктіру қажет. Workflow технологиясы, әдетте, келесі аспектілерді ортақ пайдалану арқылы осы мақсатқа қол жеткізеді:

- бизнес процесінің түрлі операциялары мен олар үшін қажетті деректерді сипаттау;
- осындай процестің операциялары арасындағы басқару ақпараттық ағынын сипаттайтын іскерлік ережелерді айқындау;
- бизнес-процестер шеңберінде орындалатын міндеттерге қатысты рөлдер мен жауапкершіліктерді белгілеу;
- нақты мердігерлердің рөлі мен жауапкершілігін анықтайтын негізгі ұйымдық модельді пайдалану.

«Workflow» термині қазақ тіліне «жұмыс ағымы» (немесе «жұмыс үрдісі») деп аударылады. Өндірушілер, пайдаланушылар, сарапшылар мен ғалымдардан тұратын WfMC (Workflow Management Coalition – жұмыс ағымдарын басқару Коалициясы) халықаралық консорциумының өкілдері жұмыс процесін басқару жүйелерінің стандарттарын әзірлеу және экономиканың әртүрлі секторларында осы технология туралы білімді тарату бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.

Жұмыс ағымын басқару - бизнес процестерді толық немесе ішінара автоматтандыру, олардың барысында белгілі бір рәсімдік ережелерге сәйкес құжаттарды, ақпаратты және тапсырмаларды бір қатысушыдан екіншісіне өндеуге жібереді.

Бейресми бағалаулар бойынша, Workflow бағдарламалық жасақтамасын орналастыру құны мен жобаның интеграциясының

БҚ конфигурациясының бірнеше элементтері бір уақытта әзірленгенде, әзірлеме процесінің жұмыстары мен міндеттері БҚ конфигурациясының барлық элементтері үшін қатар орындалуы мүмкін. Сүйемелдеу мен пайдалану процестері әдетте әзірлеу процесінен кейін іске асырылады. Тапсырыс пен жеткізудің процестері, сондай-ақ қосалқы және ұйымдастыру процестері әдетте әзірлеме процесімен қатар орындалады.

Өнімді жоспарлы жетілдіру аталатын **ТК инкрементті моделі** талаптар жиынын беруден басталады және барынша қорытынды жүйеге жақын қалған нұсқалар дәйектілігінің әзірлемесін іске асырады. Бірінші нұсқа талаптардың бөлігін іске асырады, кейіннен жүйені құру аяқталмайынша, қосымша талаптарды қоса береді. Әр нұсқа үшін қажетті процестер, жұмыстар мен міндеттер орындалады. Мысалы, талаптарды талдау мен сәулет құру бір уақытта орындалуы мүмкін, сол уақытта БҚ алгоритмін әзірлеу және жаңғырту, физикалық бағдарламалау және тестілеу процесі әр келесі нұсқаны құрған кезде іске асырылады.

Әзірлеме процесінің жұмыстары мен міндеттері әдетте БҚ барлық нұсқалары үшін бірнеше рет сол дәйектілікте орындалады. Сүйемелдеу мен пайдалану процестері әзірлеу процесімен қатар іске асырылуы мүмкін. Тапсырыс және жеткізу, сондай-ақ қосалқы және ұйымдастыру процестері әдетте әзірлеме процесімен қатар орындалады.

ТК эволюциялық моделі кезінде жүйе нұсқалардың дәйектілігі түрінде әзірленеді, алайда ТК инкрементті моделіне қарағанда,

талаптар толықтай танылмайтыны және алдын ала қалыптастырылмайтыны қарастырылады, сондықтан олар ішінара белгіленіп, әр келесі нұсқада нақтыланады.

Мұндай тәсілде әзірлеу процесінің жұмыстары мен міндеттерінің әр нұсқасы үшін ішінара арттырумен дәйекті немесе қатар орындайды.

Әзірлеме процесінің жұмыстары мен міндеттері әдетте (барлық нұсқа үшін сол дәйектілікте (немесе түрлі) мүмкін) бірнеше рет орындалады. Сүйемелдеу және пайдалану процестері әзірлеме процесімен қатар іске асырылуы мүмкін. Тапсырыс және жеткізу процестері, сондай-ақ қосалқы және ұйымдастыру процестері әдетте әзірлеу процесімен қатар орындалады.

ТК моделінің бұл түрлерімен олардың алуан түрлілігі аяқталмайтынын атап өткен жөн. Сонымен, ТК барынша егжей-тегжейлі қарған кезде жүйеге макет жасау техникасына негізделген итерациялық циклдық нысандар жеке бөлінеді.

ТК моделінің түрін таңдау мәселесінен басқа БҚ сапасы үшін барынша маңызды жеке жұмыстарды және жүйені тұтастай (өнім сапасына кепілдік беретін жұмыстар тізбесін, әр түрлердің тексеру рәсімдерін орындаудың ұйымдастыру тәуелсіздігінің дәрежесі, әзірленетін БҚ барлық жүйе талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, БӨ құжаттау) енгізу (немесе енгізбеу) жеке мәселелері шешілуі тиіс.

Процестер мен жұмыстар егер жобаның шарттық құжаттамасында (шартта немесе келісімшартта) алдын ала белгіленген өлшемдер мен талаптарға сәйкес ондағы барлық талап етілетін міндеттер шешілсе, аяқталған болып саналады.

Бұл ереже БҚ өмірінің процесіне қатысатын барлық тараптарға арналған стандартта бекітілуі тиіс. Ол жүйелерді, ПҚ жекелеген бағдарламалық модулдерін сатып алған кезде, тиісті қызметтер көрсеткенде, сондай-ақ БҚ, бағдарламалық компоненттер мен бағдарламалық-аппараттық құралдарды жеткізу, әзірлеу, пайдалану және сүйемелдеу кезінде қолданылуы мүмкін.

ТК негізгі процестері БҚ ТК тартылған жауапты субъекті іске асырады. Жауапты субъекті тиісті процесі іске асыратын заңды тұлғалардың бірі (бөлімшелер немесе лауазымды жеке тұлғалар), яғни тапсырыс беруші, жеткізуші, әзірлеуші, пайдаланушы (оператор) және сүйемелдеуші персонал болып табылады.

Негізгі процестер мыналарды айқындайды:

- **тапсырыс процесі** — тапсырыс берушінің жұмысы (жүйелерді, БҚ сатып алатын немесе бағдарламалық қызметті алатын субъекті);
- **жеткізу процесі** — жеткізушінің жұмысы (жүйені, тапсырыс берушіге БҚ немесе бағдарламалық қызметті жеткізетін субъекті);

- **әзірлеу процесі** — әзірлеушінің жұмысы (БҚ жобалаушы және әзірлеуші субъекті);
- **пайдалану процесі** — пайдалану персоналаның жұмысы (пайдаланушының мүддесінде тапсырыс берілген жағдайларда есептеу жүйесінің пайдалану қызметін қамтамасыз ететін субъекті);
- **сүйемелдеу процесі** — сүйемелдеу персоналының жұмысы (БҚ сүйемелдеу қызметтерін ұсынатын, оның бастапқы жағдайы мен функционалдық мүмкіндіктерін сақтау мақсатында БӨ бақыланатын өзгерісін қамтамасыз ететін субъекті). Бұл процес БҚ басқа ортаға көшуін және оны пайдаланудан алуын қамтиды.

Қосалқы процестер жобаны орындау сапасын, оны сәтті іске асыруды қамтамасыз ететін басқа да процестердің құрамдас бөлігі болып табылады. Нақты қосалқы процес қажет болған жағдайда өздігінен іске қосылады және басқа процесте пайдаланылады.

Қосалқы процестер мыналарды айқындайды:

- **құжаттау процесі** — БҚ ТК нақты процесінде берілетін ақпаратты сипаттау жұмыстары;
- **конфигурацияны басқару процесі** — нақты процестің немесе құрылатын БҚ конфигурациясын басқару жұмыстары;
- **сапаны қамтамасыз ету процесі** — құрылатын БҚ және (немесе) іске асырылатын процестің талаптар мен бекітілген жоспарға сәйкестігін объективті қамтамасыз ету жұмыстары. Сапаны қамтамасыз ету әдістері ретінде бірлескен талдаулар, аудиторлық тексерулер, верификация мен аттестаттау пайдаланылуы мүмкін.
- **верификация процесі** — құрылатын аралық өнімдердің жобаны іске асыруына қарай белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру бойынша тиісті субъектінің (тапсырыс берушінің, жеткізушінің немесе тәуелсіз тараптың) жұмыстары;
- **аттестаттау процесі** — жобаның соңғы өнімін аттестаттау бойынша тиісті субъектінің (тапсырыс берушінің, жеткізушінің немесе тәуелсіз тараптың) жұмыстары;
- **бірлескен талдау процесі** — қандай да бір жұмыстардың жағдайы мен нәтижелерін бағалау жұмыстары. Бұл процесті тиісті жұмыстарды орындау нәтижелері мен барысын бірлесіп қарау кезінде субъектілердің бірі басқа субъектіні тексергенде, екі кез келген субъекті пайдалана

алады;

- **аудит процесі** — субъекті қызметінің қабылданған талаптарға, жоспарға және шартқа сәйкестігін айқындау бойынша тәуелсіз сарапшылардың (жобаға қатысы бойынша) жұмыстары;
- **проблемаларды шешу процесі** — олардың сипаты мен дереккөзінен тыс жобаны іске асыру кезінде табылған (анықталған сәйкессіздікті қоса алғанда) проблемаларды талдау және жою (шешу) жұмыстары.

Ұйымдастыру процестерін қандай да бір субъекті өзара байланысты процестерді және тиісті персоналды қамтитын БҚ ТК моделінің негізгі құрылымдарын құру және іске асыру, сондай-ақ осы құрылымды және оған кіретін процестерді тұрақты жетілдіру үшін қолданады. Ұйымдастыру жұмыстары, әдетте, нақты жобалар мен шарттарды орындау саласына тыс типтік болып табылады

Ұйымдастыру жұмыстары мыналарды айқындайды:

- **басқару процесі** — ТК процесін іске асыру кезінде жобаны басқаруды қоса алғанда, басқару бойынша негізгі жұмыстар;
- **инфрақұрылым құру процесі** — ТК қандай да бір процесінің базалық құрылымын құру бойынша негізгі жұмыстар;
- **өзің-өзі басқару процесі** — ТК таңдалған процестерін құру, бағалау, бақылау және жетілдіру кезінде субъектінің орындайтын негізгі жұмыстары;
- **оқыту процесі** — персоналды тиісті оқыту жұмыстары.

БӨ сатып алу – оны пайдалануға **лицензия** (құқық) сатып алу. Кез келген БӨ пайдалану жағдайы **лицензиялық келісімде** сипатталған. Ол БӨ өндірушісі мен БӨ пайдаланушысы арасындағы шартты қамтиды. Түрлі пайдаланушылар (жеке сатып алушылар, түрлі ауқымдағы ұйымдар, оқу орындары және үкіметтік мекемелер) үшін БҚ сатып алудың түрлі жағдайлары белгіленуі мүмкін.

Мысалы, Microsoft корпорациясы сияқты БҚ ірі өндірушілерінің БӨ сатып алу үшін оның әріптесіне жүгіну қажет. Ол арқылы ол барша әлемде әрекет етеді. БӨ әр пайдаланушысының оған лицензиясы болуы тиіс.

Пайдаланушы мен өндіруші арасындағы шартқа қол қойылмайды: егер сатып алушы дискета немесе компакт-дискімен (бұл орама лицензия деп аталады) дистрибутты-орауышты ашса, ол лицензиялық келісім жағдайларымен келісті деп саналады.

БҚ компьютерінде ол тұрақты жадыға (әдетте қатаң дискіге, алайда ақпарат сақтау үшін компакт-дискіге немесе басқа да құрылғыға орналастырылады) орналастырылса немесе жедел жадыға жүктелсе, пайдалануда болады.

Компьютерлік желіде өнім екі тәсілдің бірінде пайдаланылуы мүмкін: жұмыс стансасынан жергілікті қатаң дискімен Қ іске қосу немесе өнімді желінің серверіне ғана қосу және серверден БҚ іске қосу. Желіде (серверден немесе жергілікті жұмыс орнынан) өнім қалай пайдаланғанынан тыс әр пайдаланушы осы өнімді пайдалану құқығына лицензиясы болуы тиіс. БӨ пайдаланудың осы нұсқасы ғана заңды саналады.

Лицензия сатып алудың бірнеше нұсқасы бар, яғни БӨ пайдалану құқығы. Неғұрлым белгілі және таралған жолы – БӨ-мен қорап сатып алу. Қорапта лицензиялық келісім, тіркелу карточкасы, БӨ дистрибутты және құжаттама болады – бұл жаңа пайдаланушылар үшін, яғни бұдан бұрын осы БӨ пайдаланбағандар, оны алғаш рет сатып алғандарға арналған БӨ-мен қорапқа кіретін негізгі компоненттер. Егер бұл БӨ басқа компьютерлерде пайдалану мүмкіндігі пайда болса, онда бір қорап сатып алу жеткіліксіз болады. Мұндай жағдайда БҚ көптеген жеткізушілері бағасы қорап бағасынан төмен лицензиялық келісімі бар лицензия-конвертті сатып алуды ұсынады.

Жаңа өнімнің өндірушісін таңдау көп факторлармен айқындалады, бұл ретте стратегиялық маңызды құжатты немесе технологияны таңдаған кезде міндетті талаптар оның техникалық беделінің тұрақтылығы мен қаржы жағдайының орнықтылығы болып табылады. Oracle, Cisco, Netscape, Sun және т.б. нарықтың белгілі бір секторының танылған көшбасшыларынан өнімдерді сатып алған жағдайда тәуекелдер азаяды.

Жақсы өнімдер көбінесе таныла қоймаған компаниялардан пайда болып жатады, бірақ біраз уақыттан кейін көшбасшылар осы жаңа өнімдерді өз өнімдерінде міндетті түрде қолдана бастайды, сондықтан көшбасшының ставкасы бұл жағдайда да дұрыс болып шығады, себебі шағын инкубациялық кезең жаңа шешімнің сапасы мен перспективалылығын айқындауға мүмкіндік береді. Бұған Ipsilon компаниясы IP-пакеттерді жедел беру үшін қолданған IPswitching жаңа технологиясы мысал бола алады. Жарты жылдан кейін Cisco компаниясы бастапқы идеяны біраз жетілдіріп, ұқсас Tagswitching технологиясын әзірледі. Лидерге ставканың жалғыз кемшілігі екінші эшелон компанияларымен салыстырғанда, олардың өнімдерінің құнының жоғары болуы болып табылады.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА ЕНГІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

АБЖ әзірлеудің негізгі кезеңдерінің сипаттамасы. Түрлі сыныптағы АБЖ әзірлеу және енгізу, мысалы АКК АБЖ ұйымдастыру және экономикалық сипаттағы теориялық және практикалық мәселелерді шешуге байланысты, бұл олар жаңа қағидаттар, әдістер, үлгілер әзірлеген кезде пайдалануды талап етеді.

Теория мен практикада басқару елеулі жаңа қадам бола отырып, КАБЖ қалыпты техникалық жүйелерді жобалаудың белгілі әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, оларды әзірлеуге мүмкіндік бермейтін бірқатар ерекшеліктерге ие. себеп КАБЖ жаңа техникалық жүйелерінің елеулі ерекшелігін қамтиды. Оның негізгісі КАБЖ жобалау және пайдалануға енгізу кезінде адам факторын есепке алу қажеттілігі болып табылады.

КАБЖ құру кезеңінде шешуге жататын міндеттерді талдау, осындай жүйелерді әзірлеу тәжірибесін және жобалаудың қолданыстағы әдістемесін зерделеу нақты КАБЖ ерекше жағдайлар мен талаптардан тыс осы сыныптағы жүйелерді әзірлеудің кейбір үлгілік дәйектілігі бар екенін нақтылауға мүмкіндік береді.

Жүйе құру бойынша жалпы салалық басқарушы әдістемелік материалдар КАБЖ құрудың мынадай сатыларын белгіледі:

- ТЭН және ТТ әзірлеуді қамтитын жоба алды;
- техникалық және жұмыс жобаларын немесе жүйенің техникалық жұмыс жобасын әзірлеуді қамтитын жобалық;
 - монтаждау-реттеу жұмыстарын жүргізуді, КАБЖ енгізуге кәсіпорынды дайындау шараларын аяқтауды қамтитын пайдалануға енгізу және оны тәжірибелі пайдалану.

КАБЖ құру - бұл іске асырылуы жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақпараттық, бағдарламалық және техникалық қамтамасыз еу әзірлеу процесі. КАБЖ жобасы – кей тіл терминдерінде келешек жүйенің үлгісі (схемалар, кестелер, табиғи тіл және т.б.). Пайдаланылуы КАБЖ әзірлеу сатысымен айқындалатын бұл тілдерде қолданыстағы және әзірленетін жүйенің құрылымдары мен функцияларын, оның элементтерін және жүйелердің түрлі деңгейінде адам мен ЭЕМ орындайтын басқару міндеттеріне сипаттама жүргізіледі.

Техникалық-экономикалық негіздеме КАБЖ әзірлеудің өндірістік қажеттілігі мен экономикалық орындылығын растауға бағытталған жұмыстар жиынтығын қамтиды.

Бұл жұмыс кәсіпорынды диагностикалық талдау материалдары негізінде орындалады., оның нәтижесі кәсіпорын, оның құрылымы,

функциясы, ұйымды жетілдірудің, өндірісті басқарудың барынша маңызды бағыттары туралы мәліметтерді қамтитын құжат, кіші жүйе құрамының негіздемесі, үлгілік жобалық шешімдер пайдалану мүмкіндіктері және КАБЖ әзірлеу бойынша қажетті ұйымдастыру-техникалық шараларының тізбесі.

Бұл жұмысты жоғары білікті мамандар тобы орындайды, оның құрамына жүйе құрылатын кәсіпорынның әзірлеу бойынша мамандары және басқарушы қызметкерлері кіреді.

ТЭН негізінде КАБЖ әзірлеуге ТТ жасалады. Егер жүйе кезең-кезеңмен әзірленсе, онда ТТ жасалып, тұтастай бірінші кезенді бөлумен жүйеге бекітіледі.

Бірінше кезекте тұтастай жүйенің негізгі сипаттамаларын ескеріп барып, ТТ жасап, бекітуге жол беріледі.

Техникалық тапсырма кәсіпорынды басқарудың қолданыстағы жүйесін барынша егжей-тегжейлі зерделеу нәтижесі болып табылады және КАБЖ құрудың жоба алды стадиясын аяқтайды. Бұл жұмысқа соңында КАБЖ құру бойынша жұмыстарды жүргізетін әзірлеушілер ұжымының аға құрамы қатысады.

Техникалық тапсырма мақсат, критерий, негізгі сипаттама және әзірленетін жүйеге қойылатын талаптарды белгілейді. Онда оның функционалдық мақсаты ашылады, кіші жүйеге бөлшектеп байланыстыру, функционалдық құрылымдарын, КАБЖ экономикалық тиімділігін әзірлеу және енгізу, негіздеу кезеңділігін қалыптастыру мәселелері зерттеледі, яғни ТТ нәтижесі КАБЖ одан әрі әзірлеу үшін барлық негізгі деректерді қолайлы нысанда беру болып табылады. АҚ сараптаудан, түзетуден, келісуден және бекітуден кейін, КАБЖ жобасын әзірлеу үшін негіз болады, өз кезегінде, техникалық және жұмыс – екі сатыда немесе техникалық жұмыс (осындай кәсіпорындар үшін қолданбалы бағдарламалар мен үлгілік жобалық шешімдерді барынша пайдалану арқылы жүзеге асырылады) жобасы – бір сатыда жүзеге асырылады.

Техникалық жоба (ТЖ) әзірлеу сатысында жүйені қосымша зерттеу- жекелеген міндеттер бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі. Қолданыстағы ақпараттық ағындар мен жүйеде шешімдер қабылдау әдістері зерделенеді. Бұл жұмысты жүйелерді талдау және жобалау бойынша мамандар орындайды. Жүргізілген талдау негізінде олар экономикалық-математикалық әдістер мен үлгілер, ақпаратты өңдеу және беру құралдарын қолдану мүмкіндігін қарайды, жүйені қалыптастырудың ауқымды нұсқаларын ұсынады, шешуі үшін ғылыми-зерттеу жұмысы талап етілетін мәселелерді анықтайды.

Қолданыстағы жүйені талдауды аяқтаған мамандар кезең-кезеңмен функционалдық кіші жүйелерді техникалық жобалауды орындайды, ақпараттық базис құрамын қалыптастырады, жаңа кіріс және шығыс

құжаттамасын, деректер өңдеу, олардың сенімділігін бақылау және арттыру алгоритмін жобалайды. КАБЖ техникалық құралдарының құрамын айқындайды және жобалық шешімдердің өзара үйлесімін жүзеге асырады. Техникалық жобалау нәтижелерін жекелеген кіші жүйелер мен тұтастай КАБЖ жұмыстық жобалау үшін бағдарламашыға береді.

КАБЖ *жұмыс жобасы* негізінде ТТ мен ТЖ айтылған талаптарға сәйкес жүйені толықтай құрастыратын, реттейтін, сынайтын және пайдаланатын жобалық шешімдердің нақты деректерін қамтиды. Жұмыс жобасының негізі әзірленген бағдарламалық құжаттама және деректерді өңдеу бойынша технологиялық нұсқаулықтар болып табылады.

КАБЖ *пайдалануға енгізу* әзірленген міндеттерді дәйекті енгізу есебінен оның функционалдық қуатын үздіксіз арттыру процесін қамтиды. бұл пайдалануға енгізу әзірлеуші мен бірлесіп орындаушы ұйымның міндетті қатысуымен тапсырыс берушінің күшімен ұйымдастырылып, жүргізіледі.

КАБЖ әзірлеу ұйымы. КАБЖ әзірлеу ұйымы өзара қатынас орнатудан және жүйенің барлық әзірлеушілеріне жағдай жасаудан тұрады.

КАБЖ құрудың қазіргі уақыттағы жинақталған тәжірибесі КАБЖ әзірлеу бойынша мынадай негізгі міндеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- жұмыстарды нысандау және стандарттау;
- бас ұйыммен әзірлеуге қатысатын, тұтастай әзірлеуге жауапты болатын барлық ұйымдардың жұмысын үйлестіру;
- әзірлеудің барлық кезеңдерінде тапсырыс беруші ұйымның қызметкерлерімен әзірлеушілердің тығыз ынтымақтастығы.

Бұл міндеттердің негізгі шешіміне үйлестіру жоспарлары, желілік және жұмыстың күнтізбелік кестелері және оның орындалуына жүйелі бақылау, нәтижелердің көрініс беруінің бірыңғай жүйесі бойынша әзірлеме енгізу, барынша ықтимал нысандау кіреді.

КАБЖ әзірлеуге бірнеше әзірлеушілер тобы қатысады, олардың әрқайсысы белгілі бір бейіннің мамандарын біріктіреді. Бір топтың жұмыс нәтижелері басқа жұмыс үшін негіз болады. Сондықтан КАБЖ әзірлеу ұйымының маңызды міндеті әр мамандар тобының функциясын нақты айқындау, олардың жұмыс әдістерін нысандау, әр топтың жұмыс нәтижелерінің мазмұнын ғана емес, сонымен бірге осы нәтижелер басқа мамандарға ұсынылып, берілетін нысанды да нақты айқындау қажет.

Жұмыстың сабақтастығын қамтамасыз ететін топтардың барынша тиімді өзара әрекетіне нәтижелерді жазудың бірыңғай стандарттық жүйесін пайдаланған кезде қол жеткізеді. Әр топтың жұмыс нәтижелерін жазу нысаны әзірлеушілердің келесі тобының талаптарын

ескеруі тиіс. Өйткені, КАБЖ ақпаратты әзірлеу және сақтау ЭЕМ жүзеге асырылады, бағдарламашылардың талабы елеулі деңгейде алдыңғы бағдарламалау кезеңдеріндегі жазбалар нысаны мен мазмұнын айқындайды.

Жұмысты нысандандырылған түрде жүргізген кезде олардың елеулі бөлігі стандарттық бланкілерді толтыруға, қатаң айқындалған қағидаға сәйкес диаграммалар мен кестелерді сызуға және нақты белгіленген құжаттарды шығаруға ауысады.

Стандарттауды жүргізу басшылықтың тиімділігін және жұмыс барысын бақылау тиімділігін, әзірлеушілердің түрлі тобы арасында сенімді байланысты және барлық әзірлеушілерге бірдей қолжетімді анықтамалық құжаттарды жинау, әзірлеме нәтижелерінің мамандар құрамының, біліктілігі мен жеке ерекшеліктерінің ішінара ауысуына тәуелділікті азайтуды, жұмыстың барлық кезеңдерінде қате жіберу мен жұмыстан қалуды азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жұмысты нысандандыру мен стандарттық әдістерді енгізу әзірлеушілердің кей тобының, негізінен жүйе инженері мен бағдарламашылардың уақыт шығынын 40% қысқартады.

КАБЖ әзірлеу үшін негіз тиісті министрліктің, ведомствоның немесе фирманың ЕТ енгізу жоспары болып табылады. Жоспарда КАБЖ құратын кәсіпорын, осы жүйенің әзірлеушілері, жұмысты орындау мерзімдері, қаржыландыру көлемдері мен көздері айқындалады.

КАБЖ әзірлеу үшін мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жобалау институттары немесе кәсіпорында тікелей құрылатын мамандандырылған бөлімшелер тартылады. КАБЖ әзірлемесіне КАБЖ енгізуші кәсіпорын басшыларының ішінен тағайындалған жүйенің бас конструкторлары басшылық етеді. Егер әзірлемені бірнеше ұйым жүргізсе, онда олардың ішінде бас ұйымды анықтау қажет, оның міндетіне жүйе сәулетін әзірлеу, оның мақсатты функциясы мен тиімділік критерийлері, АБЖ және түрлі дәрежедегі кіші жүйелер мен бөлімшелер арасындағы функцияларды бөлу және т.б. кіреді. Сонымен қатар, бас ұйымға әзірлемені басқарудың бірқатар функциялары (үйлестіру жоспарларын дайындау, қатысушылар арасында жұмыстарды бөлу, әзірлеу мен енгізудің кезеңділігін айқындау) кіреді.

Бас ұйым дайындаған іс-шараларды тапсырыс беруші қарайды, түзетеді және бекітеді. Әкімшілік ықпал қажетті жоспарларды орындауға бақылауды басқарушы топ арқылы тікелей тапсырыс беруші жүзеге асырады немесе бас ұйымға жүктелуі мүмкін. Соңғы жағдайда, бұл ұйымға жоспардан тиісті жұмыс бөлімдерін бірлесіп орындаушыларды енгізу, алып тастау, мерзімдерді өзгерту, қаржылық және басқа да ресурстарды қайта бөлу және т.б. бойынша тиісті өкілеттіктер беру табылады.

Әзірленетін КАБЖ архитектурасы, оның жұмыс істеуінің стратегиялық мәселелерін әзірлеменің ең ерте сатыларында тапсырыс беруші кәсіпорынның басшылығы қабылдап, келісуі тиіс. Кәсіпорындарда осы функцияны іске асыру үшін жүйені енгізуді дайындайтын, жобалау барысын бақылайтын, тікелей әзірлемеге қатысатын, КАБЖ жұмыс істеуін, жаңғыртуды және одан әрі дамуын жүзеге асыратын арнайы бөлімше құрылуы тиіс.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Ұйымның компьютерлік қамтамасыз етуінің прогрессивті және ескірген технологиялары нені қамтиды?
2. X-хаттамасы технологиясының мәні нені қамтиды?
3. Қандай мәселені шешу үшін және қандай ДҚБЖ SQL-сервер пайдаланылады?
4. Басқа ОЖ салыстырғанда, Linux ОЖ артықшылығын айтыңыз.
5. Мамандандырылған БҚ ДҚБЖ қандай ерекше талаптар қояды, бұл неге алып келеді?
6. КАЖ аббревиатурасын шешіңіз және негізгі қосымша жүйелерді атап беріңіз.
7. АЖ құрылымы неге бағытталуы тиіс?
8. АБЖ ТК мағынасы мен құрамы нені қамтиды?
9. АБЖ ТК процестерінің ағымы негізінде қандай бастапқы қағидалар жатыр, бұл жүйенің жалпы құрылымында қалай көрініс табады?
10. Бағдарламалық құралдардың ТК моделдерінің базалық түрлерін сипаттаңыз.
11. Бағдарламалық құралдардың ТК негізгі процестері нені қамтиды, нені айқындайды?
12. Бағдарламалық құралдардың ТК қосалқы процестері қандай?
13. КАБЖ әзірлемесінің кезеңдерін айтыңыз.
14. КАБЖ ТЭН нені білдіреді?
15. КАБЖ техникалық жұмыс жобасын әзірлеу процесінде негізгі кезеңдерге тоқталыңыз.
16. КАБЖ-ды пайдалануға енгізу тәртібі қандай?
17. Жүйені дербес әзірлеген жағдайда (басқа тараптарды тарта отырып) АБЖ әзірлеудің ерекшеліктері қандай?

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

9.1.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК КҮРЕС

Еңбек өнімділігі (оның ішінде АЖ пайдаланылатын нарықта): екі аспекті бар: біреуі АЖ пайдаланушылар өз міндеттерін орындайтын ішкі реттілікке қатысты, екіншісі – барынша маңызды – өнімнің сапасы мен пайдалылығы. Егер тиімділік адамдардың жетістікке жетудегі ынтымақтастығы ретінде айқындалса, онда оның өндірістік құндылығы еңбек өнімі кіріспен сатылатындай өндіріс шығысын арттыруы тиіс.

Ұйымның тиімді жұмысының бірінші алғышарты күнкөріс, екіншісі – өсу, үшіншісі – жеткілікті қосымша өнім, өзін-өзі жаңартуға және үздіксіз байлықтың өсіміне тұрақты инвестиция құюға жұмсалатын кірісті қамтамасыз ету мүмкіндігі.

Ақпараттық жұмыстың тиімділігі басым бөлігі толық айқындалмаған көп мүмкіндіктің ішінен дұрыс таңдау жасай білетін адамның қабілетіне байланысты.

Жұмысты жоспарлаған кезде ауырлық ортасы адамдардың пайым өңдеу қабілетіне ауысады. Негізгі өндірістің ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы қызметкерлерінің еңбегі ең тапшы, қымбат тұратын факторға айналады. Өмір деңгейінің өсуін қамтамасыз ету үшін еңбекке шығынның өсуі мен АТ саласындағы күрделі шығындардың құлдырауы арасындағы айырма еңбек өнімділігінің үздіксіз өсімімен толығыуы тиіс.

Сонымен қатар, өз қызметтерін пайдаланушыларға бағдарлайтын жүйелердің ішкі ақпараттық жүктемесі төмен болады. Бұл жүйелердің қызметкерлері пайдаланушылармен ең тығыз байланыс орнатады. Бұл тәсіл орталық қамтамасыз етуші ұйымдармен ерекше байланыс құру қажеттілігін білдіреді. Байланыстың ерекше құралы ақпараттық делдал

болып табылады. Бұл адам (топ) бір уақытта пайдаланушылармен ісі бола отырып, орталықтардың кез келгенімен байланыса алады. Ақпараттық делдал жергілікті ауқымда барлық кәсіпорынға көрсететін қызметтерді көрсетеді.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуы ұсыныс экономикасынан сұраныс экономикасына қарай болатынын ескеріп, осы қайта бағдарлауды көрсету үшін, АЖ тиісті деңгейде жобалау қажет. АЖ енгізу салдарынан тиімділігі ол бөлу жүйесінде қалай пайдаланатынына байланысты болады. Әсіресе АЖ өнім өткізудің тәсілдерін жаңғырта алатын учаскелерді жарақтау қажет.

Ұсынысқа бағдарланған үлкен ұйымда стандарттаудың ауқымды мүмкіндіктерімен тауарлар (тікелей бөлу арналарының (автомобильдер, электрондық аппаратура) болуымен) бірен-саран кәсіпорынның өнімдерінің бірігуіне, мамандануына және шоғырлануына жағдай туғызатын күштің ықпалына түседі. Сұранысқа бағдарланған шағын ұйымда күнкөріс үшін ірі жабдықтау көздеріне жеңіл қолжетімділік қажет. Шағын кәсіпорындар соңғы пайдаланушыға жақын келген сайын олардың артықшылықтары арта түседі. Шағын қызмет көрсететін ұйымдар үшін АЖ олар тиімді қызмет ететін нарық сегментін айқындау құралына айналады. Ұйым ішінде АЖ түрлі өнімдер мен қызметтерді біріктіретін (пайдаланушының стандартты емес сауалдарын қанағаттандыру) жұмыскерлердің жаңа рөлін ескеріп, кадрларды дұрыс орналастыруға жәрдемдеседі.

Іскерлік стратегиясы АЖ таңдауы тиіс, ал ұйымдастыру құрылымы оған сәйкес келуі тиіс. Бертінге дейін АЖ құрылымы жоғары басшылықтың назарын талап еткен жоқ. АЖ міндеттері өндірістік процеспен айқындалады деп саналды. Кәсіпорынның экономикалық тиімділігі үш факторға тәуелді болды:

- негізгі қызметтің бағыты;
- өнімдік ағындардың бастапқы құрылымы;
- оларға берілген тапсырманы тез әрі сапалы орындауға қабілетті, әзір адамдардың болуы.

Ақпаратты өңдеу мәселелерінің бірінші кезекте, бақылауға, ревизияға қатысы болды. Иерархиялық құрылым қарапайым болып қалды. Тиімділік жұмыс функцияларын тәртіпті орындау арқылы болды. Фирма, оның пайдаланушылары, жеткізушілер немесе бәсекелестер туралы деректерді бөлімдер жинап, жоғары басшылыққа беріп отырды. Басшылық бұл деректерді талдап, бағалады. Іскерлік стратегия айқындалған кезде тиісті ұйымдастыру құрылымын таңдау қажет болды, ал өз кезегінде фирманың АЖ қандай болу керектігін анық көрсетті. Фирма қызметінің күрделенуіне қарай оның айналасы барынша айқындала түседі. Фирманы басқарудың иерархиялық құрылымы жаңа функциялар қосады. Алайда үйлестірудің күрделілігі,

басқару персоналының саны, жедел икемділіктің болмауы қауіп тудыратын сәт туындайды, тіпті иерархиялық деңгей бойынша барлық ақпаратты берудің еш мәні қалмай қалады.

Фирма өзінің үйлестіру қабілетінің шегіне жеткенде оның қызметінің тиімділігі құлдырайды. Кіріс азайып, бәсекелестер арасында оның жағдайы зардап шегеді. Осы сатыда АЖ құрылымы стратегиялық факторға айналады. Ақпараттық ағындарды конфигурациялау туралы шешім басқа шешімдерден туындайтын екінші деңгейлі болуды тоқтатып, бірінші деңгейлік мәселеге айналады. Жоғары басшылықтың тікелей басшылық шешімі талап етіледі.

АБЖ иерархиялық ұйымда басқару персоналы басынан бастап өндірістік саладан алшақ болады. Мұндай ұйымдар нарықтың өзгерістеріне барабар бейімделе алмайды. Өйткені кез келген шешімді қабылдау үшін оларға күрделі үйлестіру қажет. Бейімделу дәрежесі жоғары кәсіпорында өз ішкі АЖ жобалау мүмкіндігі бар, онда айналадағы өзгерістерге әсерде максималды икемділікке қол жеткізу үшін басқару және өндірістік міндеттер интеграцияланған. АЖ-да қатаң кәсіби белгілер бойынша басшылар мен қызметкерлер арасында бөлу болмайды. Ұйым тұтастай бірлескен еңбек арқылы әр қызметкердің еңбек мазмұнын кеңейтуге бағдарланады. Бұл өндіріс, ақпарат қабылдау мен беруді жеңілдететін АҚ қызметкерлері үшін АЖО құру арқасында мүмкін болды.

Индивидуумның басқару рөлдерін игеру қабілеті оның жұмыс орнында орнатылған жабдықтың электрондық жадысымен бекітіледі, ал бұл сараптау біліміне қолжетімділікті білдіреді. АЖО өндірісінен үзбей білім алған кезде қажетті нұсқаушылық көмек қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, адам физикалық операцияларды орындайтын роботтармен жұмыс істеу мүмкіндігін алады.

АТ күрделі салым бойынша ұсынымдар:

- салымды стратегиялық мақсатқа технологияға салу;
- АТ-ға қандай да бір капиталдық салымды жасамас бұрын, ұйымның сұраныстарын тыңғылықты және объективті зерделеу қажет;
- техниканы өз мақсатына емес, егер жаңа курс белгіленсе, басқаруды қайта бағдарлау құралы ретінде сатып алу;
- жабдықты сатып алудың нақты негіздемесіне ұмтылмау қажет, АЖ стратегиялық жоспарлау, маркетинг, өнім әзірлеу және өндіріс сияқты аспектілерді жетілдіруге

бағытталған жалпы ұсыныстардың ажырамас бөлігі болуы тиіс;

- АТ қолданыстағы өзара қатынастағы шектеуді жою қажет жерге енгізу, реттелген қызметте автоматтандыру нөлден бастап қызметті жобалағаннан қиынырақ. Өйткені қалыптасқан жұмыстың өзара байланысы, керексіз болу үрейі бұл автоматтандыруға тежегіш болады;
- басында персонал шығынын, сосын техника шығынын жоспарлау қажет. АЖ жобалағанда емес, орнатқанда шығын көп болады. Технологияны сатып алмас бұрын персонал дайындау, пайдаланушыларды оқыту, оқытудың ішкі мультимедиялық жүйесін, ағымдағы қызмет көрсету жүйесін енгізу бойынша шығындарға кешенді бағалау жүргізуді талап ету қажет. Технологияны таңдау керісінше емес, персоналға арналған шығындарға байланысты;
- жоспар жасауын талап ету. АТ-ға күрделі салым табысы айқын, нақты қалыптастырылған мақсаттар мен өндірістік міндеттердің болуына байланысты. Жоспардың тармақтары күтілетін нәтиже санатында көрсетілуі тиіс. Жоспарда айқындама критерийлері мен қол жеткізілген табыстарды тексерісі көрсетілуі тиіс. Жақсы жоспардың басты жетістігі оны жаңа технологияға байланысы бар кез келген қызметкерге беруге болатындығында. Әрбір адам оның сәтті орындалуына өзінің жеке жауапкершілігін сезінуі тиіс.

АЖ ұйымға (кәсіпорынға) енгізу бойынша жалпы ұсынымдар:

- өсімді шектейтін технологияға ақша салмау қажет, тек пайдаланушыға өзінің қызмет ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін технологияны ғана таңдау қажет;
- АЖ персоналды кәсіпорын (фирма) қызметіне өзінің қатысы барын сезінетіндей болу қажет. АЖ қызмет көрсететін персоналдың қызығушылығы жоқтығын мамандарды сәтті жұмыс істеуге ұмтылысына кәсіби міндеттерін ұштап (фирма қызметтері мен өнімдерімен таныстыру), ынталандыруға болады. Техникалық персонал құрамына АТ игерген өндірістік қызметкерлер ғана кіреді.

- АЖ мамандары мен пайдаланушылар функциясына анықтық енгізу. АТ мамандары мен пайдаланушылар арасында келісімге мамандар ретсіздікті жоятын регламентация, жетілдіру бойынша бастама мен ұсыныстар қайда екенін нақты көрсеткеннен кейін қол жеткізуге болады. АЖ жақсы сәулетін істің негізгі қағидаттары мен стратегиясына нақты сәйкес келетін жалпы құрылымды әзірлеу бойынша келісілген әрекет етуінің нәтижесінде алуға болады.
- АЖ жеткізушілерінің кәсіби білімдерін пайдалану. Өртіраптандырудың жоғары дәрежесін ескеріп, қалаған нәтижеге түрлі жолдармен жетуге болады (бірнеше ұсыныстар бар). Жеткізушілерді мұқият тыңдап, пайдалы жаңа білім сатып алу. Өлеуетті жеткізушілер тізімінде өз жабдығын дайын күйінде жеткізетіндер үнемі табылады.;
- дилетантизмнен аулақ болу. Басшы басты назарды ақыр соңында АТ-ға жазылатын барлық ұйымдастыруға қатысты өзара байланыстарды қалыптастыруға арнауы тиіс. Әрине, жаңа жұмыс істеу жағдайында талқылау пайдалы. Бірақ бұл ұйымға АТ шекті енгізуді қамтамасыз ету негізгі жұмысынан басшының ойын бөледі;
- жүкқұжат шығыстарына жататын қызметтің тарификациясын енгізу. Ақпарат жүйесі қызметкерлерінің барлық қызметтерінің бәсекеге қабілетті бағасы болуы тиіс. Мұндай тәсіл айналадағы адамдарға бұл персонал қандай тиімділік беретінін жақсы түсінуге жәрдемдеседі. Қызмет бағасының тұжырымы АТ барлық құралдарын пайдалану негізінде болуы шарт. Автономиялық емес режимде деректерді өңдеу АТ-қызметтеріне бәсекеге қабілетті баға белгілеуге өте ыңғайлы.
- еңбек өнімділігін айқындау. Өнімділік туралы тұрақты деректер барлық жедел есептерде міндетті болуы тиіс және ресми қаржы есептерімен нақты түйісуі қажет. Өнімділікті бағалау сондай-ақ күшінді еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, жалақының одан әрі өсуіне, сыйақы беруге негіздеуге, түсінікті нысанда фирманың табысын көрсетуге бағыттау үшін қажет. Мұндай тәсіл барша ұйымда белгіленген өнімділікке қол жеткізуде АЖ қызметкерлерінің салымын айқындау үшін қажет.
- ақпараттық қызметтер сапасын айқындау. Еңбек өнімділігін бағалау АЖ персоналы көрсететін қызметті алушылардың

субъективті пікірінің жиынымен бекітілуі тиіс. Сапалы бағалар тұрақты жиналып, тапсырыс берушінің қызметтің пайдалылығы, қолжетімділігі, нақтылығы туралы пікірін көрсетуі тиіс.

9.2 ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ ДАМУЫНЫҢ САПАЛЫ САЛДАРЫ

Әр алуан құрылғыларды құруға сымсыз қосылыстардың өткізу қабілетінің, нақтырақ айтқанда сұраныстың көбеюі ынтаны арттыруда. Инфрақұрылымның негізінде қазіргі уақытта Internet Engineering Task Force тобы әзірлеген мобильдік IP ерекшелігі бойынша қалыптастырылған IP-магистраль жатыр. Осы хаттаманың IPv6 жаңа нұсқасының да рөлі бар. Ол барлық осы мобильдік құрылғыларды қосу үшін қажетті қолжетімді IP-мекенжайлар санын елеулі арттырады.

802.11 стандартының сымсыз технологиясы жаһандық желілермен кеңінен интеграцияланған. Деректерді беру жылдамдығы артуда (50 Мбит/с және одан жоғары). Қорытындысында пайдаланушыларда олардың қайда орналасқанынан тыс жаһандық желілерге толыққанды сымсыз қолжетімділік мүмкіндігі пайда болады. Қалыпты жағдайларда пайдаланушы кампустың сымсыз ЖЕЖ қосылады. Алайда, оның шегінен шыға отырып, ол жаһандық желіге сымсыз қолжетімділік алады.

Тағы бір бағыт - нейрокомпьютерлік техниканы кеңінен енгізу. Нейрокомпьютерлер қазіргі уақытта барынша шекті қолданылады. Алайда олардың мүмкіндіктері басқару міндеттерін өндірістік жабдықпен өте тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, олардың пайдаланылуын әскери-өнеркәсіптік салада ғана емес, сонымен бірге басқа салаларда да кеңейту қажет.

Ресей көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қазіргі уақытта бұрын автомобиль, теңіз және өзен көлігі ведомствосымен біріккен, сондай-ақ РФ Федералдық байланыс агенттігімен (Россвязь), Федералдық жол агенттігі (Росавтодор) және РФ Жол қатынастары министрлігімен өзара бірлесіп жұмыс істейтін Ресей көлік министрлігі жүзеге асырады.

1990 жылдардың соңында елдің Көлік кешенінде бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) әзірленді. Бұл Тұжырымдаманы құрудың мақсаты заманауи АТ енгізу негізінде көлік жүйесін тиімді қалыптастыруды

қамтамасыз ету үшін КК жалпы ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың негізгі қағидаттарын айқындау болып табылады.

КК бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесі (КК БАТЖ) — бұл КК мемлекеттік реттеуді және коммерциялық қызметті қамтамасыз ету үшін келісілген қағидалар бойынша ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын КК кәсіпорындар мен ұйымдарының, ведомстволық және коммерциялық байланыс желілерінің автоматтандырылған ақпараттық құрылымдарының жиынтығы.

Тұжырымдама жұмыстың екі негізгі бағытын көздейді:

- Ресей Көлік министрлігі Орталық аппаратының (теңіз және өзен флоты, автомобиль және қалалық жолаушылар қызметі мен Ресей көлік инспекциясын қоса алғанда) ақпараттық-есептеу желісін қамтитын бөлінген АЕЖ әзірлеу және енгізу;
- РФ Федералдық байланыс агенттігімен (Россвязь), Федералдық жол агенттігі (Росавтодор) және Ресей билігінің басқа да мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ көлік кәсіпорындары мен көлік нарығының басқа да субъектілерімен өзара әрекет етуде өңірлік мемлекеттік көліктік құрылымдар құру;
- бұдан бұрын әзірленген Тұжырымдамаларда көзделген Ресей КК бірыңғай ақпараттық кеңістікті кезең-кезеңмен қалыптастыру мақсатында көлік кәсіпорындарын қамтитын жаңа ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды дамыту және құру.

Бөлінген АЕЖ - оның өңірлік құрылымдарын және мемлекеттік билік органдарымен ақпараттық өзара әрекет етуін қоса алғанда Ресей Көлік министрлігінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ТК БАТЖ бөлігі.

ТК бірлігінің қағидатын және ақпараттық өзара әрекет етуді іске асыратын осы Тұжырымдаманы іске асыру мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- коммерциялық негізде көліктік-экспедициялық қызмет көрсететін кәсіпорындарды тарту негізінде электрондық ақпараттық алмасудың бірыңғай стандарттарын енгізу кезінде АЖ жекелеген әзірлеушілерінің күштерін біріктіру есебінен жүк және жолаушылар көлік жүйелері үшін ақпараттық инфрақұрылым құру арқылы көліктің тиімділігін арттыру;
- көліктік қызметтермен қамтамасыз етудің өздігінен дамушы жүйелері ұйымының есебінен халыққа қызмет көрсету деңгейін сапалы арттыру;
- мемлекеттік басқару органдары мен ТК арасында жедел

ақпарат алмасу режимінде қамтамасыз ету есебінен ТК мемлекеттік реттеу тиімділігін арттыру.

Қазіргі уақытта теңіз және өзен флоты, автомобиль және қалалық жолаушылар қызметі мен Ресей көлік инспекциясын қоса алғанда, Ресей Көлік министрлігі Орталық аппаратының АЕЖ жұмыс істеуде. Желі тікелей пайдаланушыларда файл-серверлер, коммуникациялық серверлер, жұмыс станцияларына тұрады. Желі Netware және Windows NT ОЖ басқаруымен жұмыс істейді.

АЕЖ нормативтік құқықтық база, ақпараттық-анықтамалық деректер базасы, лицензиялар мен лицензиялар тізілімі, көлік құралдары мен көлік қызметі субъектілерінің ДБ орнатылып, пайдаланылуда. Электрондық құжат айналымы жүйесі енгізілген, мамандандырылған қолданбалы міндеттерді шешу автоматтандырылған.

Бұдан басқа, Ресей Көлік министрлігінің бөлімдерінде автономдық ДК орнатылған, оған ауқымды мөлшерде түрлі ақпараттар файлдары енгізілген. «Бухгалтерия», «Қаржы», «Лицензиялау» және т.б. міндеттер шешіледі. Құжаттарды дайындауды енгізу немесе редакторлар арнайы бағдарламаларды пайдалана отырып, ДК жүзеге асырылады.

Кәсіпорын деңгейінде көліктік процестерді басқару үшін ЕТ қолдану саласында алдыңғы жылдары заманауи есептеу және телекоммуникациялық техникаларды пайдалана отырып, көлік процесін сүйемелдеуге бағытталған әзірлеме орындалды. 1980-ші жылдардан бастап автомобиль көлігінде қалааралық жүк тасымалдауды ақпараттық сүйемелдеу жүйесі қарқынды енгізілді.

Бірқатар облыстық бірлестіктерде аралықты пайдалану коэффициентін 25...30%-ға арттыруға мүмкіндік беретін облысышілік тасымалды маршруттау жүйесі енгізілді. Бұқаралық көліктік құжаттаманы ЭЕМ ауыстыру жүзеге асырылды.

Сонымен қатар өткен кезенді бытыраңқы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды бастапқы құру және енгізу кезені ретінде ғана сипаттауға болады. Ресей Көлік Министрлігі Орталық аппаратының және оның қызметтерінің АЕЖ компьютерлік жабдықтары мен бағдарламалық құралдары моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген; олар арасында федералдық құрылымдармен өзара ақпарат алмасу жоқ; өңірлік көлік құрылымдарымен байланыс заманауи талаптарға жауап бермейді.

Кәсіпорын деңгейінде әзірлеме оқшауланған түрде орындалады. Бірыңғай техникалық саясат жүргізілмейді. ТК БАТЖ құру саланы ақпараттандыру процесінің логикалық дамуы болып, көптеген бар проблемаларды шешуге мүмкіндік берген болар еді.

Осылайша, ӨАЕЖ Ресей Көлік министрлігі Орталық аппаратының

барлық бөлімшелері, теңіз және өзен флоты, автомобиль және қалалық жолаушылар қызметтері мен Ресей көлік инспекциясының жұмыстарын ақпараттық-талдауды қамтамсыз етуді жүзеге асыруы тиіс. Бұдан басқа ӨАЕЖ көрсетілген құрылымдардың Ресей президентінің әкімшілігімен, Ресей Президенті Үкіметінің аппаратымен, РФ Федералдық жиналыс аппараты, федералдық министрліктер мен ведомстволар, көлік акционерлік қоғамдарымен және т.б. өзара әрекет етуді қамтамасыз етуге тиіс.

ӨАЕЖ құрған кезде негізгі проблема Ресей ФҮБАА және Ресей федералдық техникалық және экспорттық бақылау қызметінің талаптарына байланысты, мәселелерді шешу болып табылады. Интернет желісі бойынша ДБ деректер беру және қолжетімділік үшін пайдалану байланыстың көптеген техникалық проблемаларын шешкен болар еді. Интернеттің перспективалылығын ескере отырып, Ресей ФТЭБҚ мен Ресей ФҮБАА-мен бірлесіп сол немесе өзге бағдарламалық және (немесе) техникалық қорғау құралдарын пайдалану кезінде желілерде жұмыс істеу мүмкіндігі туралы мәселені шешу қажет.

Қолжетімділік деңгейі бойынша түрлі ақпарат пысықталатын Ресей көлік министрлігі бөлімшелерінің қолданбалы ДБ ақпараттың жайылып кетуінің көзі болмас үшін Ресей Көлік министрлігі АЕЖ кем дегенде екі пішімін құру болжанады. Олардың бірі ашық, екіншісі жабық сипаттағы деректерді өңдеуге арналған. Бұл пішімдердің өзара байланысы болмауы тиіс. Ал олардың өзара ақпарат алмасуы алмалы-салмалы магниттік ақпарат тасығыш (дискета, магнит-оптикалық диск) арқылы ғана жүзеге асады.

Ресей Көлік министрлігі қызметтерінің әрқайсысының ақпараттық-есептеу желісі АЕЖ, сыртқы абонентке қолжетімділік қамтамасыз ететін тиісті коммуникациялық сервері және компьютерлік желілерге, тиісті ведомстволық коммуникацияларға жолы болуы тиіс.

Қызметтердің әрқайсысының АЕЖ өңірлік органдарға, тиісті ведомстволық бағынысты көліктік кәсіпорындарына тікелей шығу жолы қамтамасыз етілуі тиіс. Ақпарат алмасу үшін (мерзімділік – тәулік және одан көп) жалпы мақсаттағы телекоммуникациялық желілермен берілетін электрондық почтаның технологиясын пайдалану қажет. Сонымен қатар бар ведомстволық және жалға алынған байланыс арналарының мүмкіндіктерін қарау қажет.

Байланыс арналарымен нашар жаракталған өңірлердің, сондай-ақ орталықтан географиялық жағынан қашық өңірлердің АЕЖ қосылу үшін барынша перспективалық бағыт серіктік байланыс арналарын пайдалану болып табылады, оның бағасы да тұрақты түсіп, өткізу қабілеті арта түсуде.

Бұл проблеманы шешудің басқа жолы Ресей Көлік министрлігінде «АТЛАС» мемлекеттік компьютерлік желісінің абоненттік пунктін ашу

болып табылады. Алайда көлік қызметінің субъектілері орналасқан қалаларда осындай абоненттік пункттердің саны жеткіліксіз.

Маңызды техникалық мәселе Ресей Көлік министрлігінің аумақтық алыс бөлімшелері арасындағы жоғары жылдамдықты байланыс ұйымдастыру болып табылады. Жүйенің осы бөлігінің қалаған тиімділігіне қол жеткізу үшін, оның қабылдау-беру ортасы құрылымдалған кабель жүйесінің негізінде іске асырылуы тиіс, ол тапсырманың иерархиялық кабель жүйесін немесе құрылымдық кіші жүйелерге бөлінген тапсырмалар тобын қамтиды. Көрсетілген құрылымдық қосымша жүйелер сатылас кіші жүйе, бөлу қосымша жүйесі (кросс-панельдер, қосу панелдері), деңгейлес кіші жүйе, жұмыс орнының кіші жүйесін қамтиды.

Ресейдің Көлік министрлігі бағдарлаушы бір уақытта желіні санкцияланбаған қолжетімділіктен қорғау бойынша функцияны орындайды. Ресей ФҮБАА арнайы мақсаттағы ақпараттық-телекоммуникациялық жабық желіге қосылу Интранет түрінің ең заманауи АТ негізінде Ресей Көлік министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен (департаменттерімен, көлік инспекцияларымен, федералдық билік органдарымен) ақпараттық алмасу мүмкіндігін іске асыруға ықпал етеді.

ТК ақпараттық бірлігінің қағидалары мына элементтеріне негізделеді:

- біріктірілген халықаралық және ішкі тасымал үшін бірыңғай электрондық жол ведомості (көліктік, жүктік, коносамент);
- басқа көлік құжаттамасының біріздендірілген жүйесі;
- жүктердің бірыңғай жіктелімі, тиеу-түсіру тармақтары;
- есіктен есікке дейін көлік құралдары мен жүкті бақылаудың бірыңғай үздіксіз процесі;
- келісілген құрылым бойынша вагондар, кемелер, автомобильдер туралы ақпаратты өзара алмасу;
- жолаушылар билетін сатудың өзара байланысты жүйелері;
- біртекті көлік кәсіпорындары үшін негізгі АТ үлгілеу;
- техникалық құралдар, алмасу хаттамалары және, мүмкіндігіне қарай БҚ келісу (бірлесу);
- олардың сипаттамасы бойынша ЕТ өндірушілерін қойылатын талаптардың бірлігі (келісуі);
- байланыс жүйелерін, атап айтқанда, жылжымалы нысандармен ақпаратты оқу құралдарын құруға келісілген тәсіл.

Жүктерді тасымалдаудың ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесі (ЖТАЖ) ұйымдастыру буыны ретінде Мемлекеттік су жолдары мен кеме қатынасы мемлекеттік бассейндік басқармасын (МСЖжәнеКМББ), Ресей Халықаралық автомобильдік тасымалдаушылар қауымдастығы (ХАТҚ), АКК, кеме шаруашылығы, порттар, олардың диспетчерлік, жүк кеңселері, логистикалық орталықтары, басқа да бөлімшелерді қамтиды.

Осылайша, жүйе абоненттері түрлі деңгейдегі барлық диспетчерлік, жүк терминалдары, басқару аппаратының басшылары мен негізгі қызметкерлері, негізгі жүк жіберушілер мен жүк алушылар.

Байланыс арналары аралас көлік кәсіпорындарына шығуды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл деңгейлерде оған басқа функцияларды қамтитын кәсіпорындардың ЖЕЖ қызмет етеді. ЖТАЖ дамуына қарай өздерінің басқару органдарымен коммерциялық жүйеге айналады.

Елдің ЖТАЖ құру – перспективаға үлкен міндет болып табылады. Бастапқыда оны Санкт-Петербург-Мәскеу-Астархань-Ростов бағытын қамтитын негізгі көлік дәлізіне және көлік тораптарында жүкті ауыстырып тиеумен жүктерді интермодалды халықаралық тасымалға қатысты шешу қажет.

ЖТАЖ көрсетілген міндеттерді шешу үшін жедел ақпараттың екі негізгі өзара байланысты ағындарын айналып өту қажет:

- көлік құралдарын дислокациялау және олар орындаған көлік процесінің операциялары туралы;
- жөнелтушіге ұсынған сәттен бастап алушыға тапсыруға немесе темір жол, кеме, АКК бергенге дейін әр тасымалданатын жүк партиясын.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мыналар талап етіледі:

- электрондық жол тізімдемесін енгізу;
- көлік құралдарының орналасқан орнын бақылауды қамтамасыз ету;
- жылжымалы нысандармен ақпаратты автоматты жинауды қамтамасыз ету.

ӨАЕЖ құру және дамыту кезінде КК еңбекті қажет ететін нысандарының КК ақпараттық қолдаудың жана перспективалық стратегиясының қағидаларын барынша орынды пайдалану керек.

ӨАЕЖ құру бағыты бойынша және жүк және жолаушылар тасымалы ақпараттық телекоммуникациялық жүйесін дамыту және құру бағыты бойынша айтылғандарды қорытындай келе Тұжырымдаманы іске асыру бойынша мынадай құрамдарды қалыптастыруға болады:

- көліктің барлық түрлерінде бар ведомстволық ақпарат желілерін және байланыс жүйелерін біріктіру және

